

Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

7/2016 ШІЛДЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Э.ПЕРТАЕВА, С.ШОРМАҚОВА.	Бөлтірік шешеннің шындық құбылыстарды айшықтау шеберлігі.....3
РЕЛУБАЕВА, С.ШОРМАҚОВА.	Ә.Табылдың педагогикалық көзқарастары.....9
Ә.НИЕТАЛИНА.	Шешен тұлғасына тән қасиеттердің шығармашылық қалыптасуы.....16
Ш.ҚАСЕНОВА, Р.ТУРЫСБЕК.	«Дамыта оқыту» - шығармашылыққа бастар жол.....22
	Сөз шебері.....27
	Ақындық өнердің айшуақ әлемі.....36

Тілдік қарым-қатынас қырлары

Ү.ТАЙЖАНОВ.	Қарым-қатынас мәдениеті – қазақ тілін меңгеру тұғыры.....47
-------------	---

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Қ.ЖҮСПОВА, Г.МЫРЗАХАНОВА, Б.ШЕРІМОВА.	Әбу Насыр әл-Фараби «Қашықтасың, туған жер».....51
	Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен үзінді.....53
	А.Құнанбайұлы. «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ».....60
	Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы.....63
Г.ҚАРЖАУБАЙ, Г.АСЫЛБЕКОВА, Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА, М.МҮСІЛІМ, А.САҒЫНДЫҚ.	Ертегілер.....66
	Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?.....68
	Әбіш Кекілбаев. «Шыңырау».....71
	Кашаған Күржіманұлы – өмірі, шығармашылығы.....74
А.ТАУБАЛДИЕВА, Ә.ТҮРСЫНОВА.	«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын оқыту.....78
	Дулат Исабековтің «Әпке» драмасындағы кейіпкерлер бейнесі.....81

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.БАЙБОЛАТОВА, Б.ЛЕКЕРОВА, Г.ҚУАНЫШЕВА, Ж.РАЙЫМҚҰЛОВА, К.АЙТЖАНОВА, Э.САҒЫНДЫҚОВА, Г.ЗУФАРОВА, Ж.УСЕЙНОВА, Ж.СИСЕКЕШОВА, С.ҮМБЕТАЛИЕВА, Ж.СЕНҒЕРБЕКОВА.	Етістік.....90
	Ырықсыз етістер.....92
	Тіл ұстарту.....96
	Жалаң, жайылма сөйлемдер.....98
	Бірігу арқылы жасалған күрделі сөздер.....101
	Сын есімнің мағыналық түрлері.....105
	Осы шақ. Нақ осы шақ.....109
	Төл сөз бен автор сөзіне қойылатын сызықша.....111
	Әбілхан Қастеев.....114
	Талғаулы салалас құрмалас сөйлем.....117
	Тұйық етістіктің емлесі.....120

Бір тақырыпқа - екі мақала

А.КАБУШЕВА, Г.МАКИШЕВА.	Антонимдер.....124
	Антонимдер.....126

Әдеби кеіш

Ж.ЕРМАХАНОВА, Ү.БЕРДЕШОВА.	«Мен үшін өмірдің өзі бір тамшы көздің жасындай...».....130
	Қасым деген қалғызған жанартау ғой.....132

Сыныптан тыс шара

Г.ҚАЙЫРБАЕВА.	Тапқыр достар.....138
---------------	-----------------------

Мерейтой-60

Ұстаздық мұрат.....141

Бір өлең - бір әлем

Р.КЕНЖЕБЕКҰЛЫ.	Ұстазыма.....143
----------------	------------------

Таным табиғатында

ӘОЖ 82:81-26

Э.ПЕРТАЕВА,
С.ШОРМАҚОВА,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.

БӨЛТІРІК ШЕШЕННІҢ ШЫНДЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ АЙШЫҚТАУ ШЕБЕРЛІГІ

Мақалада Бөлтірік шешеннің талант табиғаты, шығармашылық тұлға ретіндегі даралығы сөз болады. Шешеннің шығармашылық еңбегінің басты сатылары пайымдалды. Шешендік бейнелеу құралдарының шешеннің шығармашылық даралығын айқындаушы фактор ретіндегі қызметі көрсетілді. Шешеннің шындық құбылыстарды айшықтау шеберлігі сарапталып, билік шешімдерінің көркемдік мәні ашылды.

Түйін сөздер: шешендік сөз, шығармашылық, синтаксистік құрылым, анафора, аллитерация, композиция.

Шешендік сөз жүйесінде сөздің әсерлілігін арттыратын поэтикалық ажарлау құралдарының маңызы үлкен, мәні терең. Айталық, фигура сөздің құрылымының әдеттегіден өзге оралымы, айрықша айшығы арқылы жасалады. Шешен үшін ойды, құбылысты, пікірді жұрттың көңілін елең еткізетін ерекше оралым мен айрықша айшықтың орны бөлек. Онсыз тыңдаушының көңілін баурау, назарын аудару қиын. Сөз құрылымындағы кез келген өзгеріс (яғни белгілі бір ережеден ауытқу) сөз мәтінінің жаңа бірлігін тудырады. Ол сөздің айшығын ашып, ажарландырып қана қоймайды, сонымен қатар сөз мәтінінің мағыналық, эмоциялық, поэтикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Сөз мәтіні жүйесіндегі әр жаңа синтаксистік бірлік поэтикалық заңдылыққа негізделеді. Қолданыстағы дәстүрлі және жаңа айшықты құрылымның

арасындағы қарым-қатынас семантикалық тұрғыдан нақтыланады. Шешендер шығармашылығында фигураның екі түрін танып-талдауға болады: біріншісі, өнімді (жемісті) фигуралар – синтаксистік құрылымды байытады, кеңейтеді. Екіншісі, өнімсіз (жеміссіз) фигуралар – синтаксистік құрылымның тұтастығын бұзады.

Өнімді фигуралар жайын сөз етер болсақ, оның бір түрі – параллелизм (қатар жүру, қанаттасу) – егіздеу: екі ұдай нәрсені, құбылысты, ұғымды, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу. Фигураның бұл түрі шешендер шығармашылығында кеңінен қолданылады. Мысалы, Бөлтірік шешен шығармашылығында мынадай үлгі бар: «Аққу құсқа оқ тисе, Қанатын суға тигізбес. Ақсүйекке оқ тисе, Көршісіне сездірмес». Алғашқы екі тармақ белгілі бір жағдайдағы құстың жақсысының қасиетін сипаттайтын болса, кейінгі екі тармақ сондай жағдайдағы адамның жақсысының қасиетін сипаттайды. Сәйкес жағдайлардағы құстың төресінің қасиеті мен адамның төресінің қасиетін қатар егіздеп, жұптап суреттеу арқылы айтар ойының айшығын күшейтуге қол жеткізеді. Енді бірде Бөлтірік шешен егіздеудің басқа бір түрінің үлгісін жасайды: «Қас батырға оқ тисе, Қара аспанды төндірмес. Қас жаманға оқ тисе, Басын жерден көтермес». Егіздеудің екі сыңары да адам қасиеттері туралы. Бірінші жағдайда қас жаманның қасиеті, екінші жағдайда қас батырдың қасиеті сипатталып, сөз жүйесінде екі ұдай нәрселер қатар алынып, жұп күйде суреттеледі. Шешен шығармашылығындағы егіздеудің эмоциялық мазмұнында антонимдік ренк, қарама-қарсы мән сарыны барын да айтып өткен дұрыс. Мұның өзі шешендік сөздегі егіздеудің мазмұны мен пішініндегі келісім мен жарасымның поэтикалық көпқырлылығын білдіреді.

Бөлтірік шешен шығармашылығында бірнеше сөйлемнің бірдей сөзбен немесе тіркеспен басталуынан болатын фигураның түрі – анафора жиі кездеседі. Шешен шығармашылығында әдепкі қайталау қатар жатқан немесе сөйлемдердің бастапқы бөлімінің қайталануы, немесе өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады. Анафораның бір ғана ерекшелігі бар – көршілес сөйлемнің басында орналасу. Ол осы ерекшелігімен ғана

қайталанудың басқа түрінен ерекшеленеді.

Шешен сөздеріндегі анафора әрбір келесі сөйлемнің басын қайталау арқылы сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты айқындай түседі. Бір жағынан қарасаң, ең қарапайым фигура, кең тараған, екінші жағынан тек бастапқы сөзді қайталап жұмыс істеу өте қиын. Шешеннің мына бір сөзіне назар аударайық, мұнда ұлттық дәстүр мен ұлттық мінез өзгеше көрініс табады:

Жеті атасын білмегенді жетесіз дейді,
Жеті руды білмегенді жер көріп, ел танымаған ессіз
дейді,

Жеті жарғыны білмегенді жөнсіз дейді,
Жеті құбыланы білмегенді көкірек-көзсіз дейді,
Жеті жақсыны білмегенді жаман дейді,
Жеті жаманды білмегенді надан дейді,
Жеті жетімді білмегенді арзан дейді,
Жеті жетіні білгенді адам дейді.

Осы шешендіктің әсерлілігі қайталауда ғана емес, дыбыстардың үндестігінде, сөйлеудің әуезді айтылуында. Дыбыстардың біркелкілігі арқылы сөздердің құлаққа жағымды естілуі, сөйлемдердің үндесе тізілуі арқылы сөйлеудің әуезді айтылуы шешен қолданған амалдардың бірі. Мұны сөз өнерінде аллитерация дейді. Аллитерация – бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау. Шешен сөзінде жеті сөзінің қайталануы арқылы, аллитерация жасалса, жеті санын қазақ халқының қасиеттейтіндігін айта отырып, жеті жетіні білгенді адамға теңей отырып, білмегенді шендестіру арқылы талдау жасаған. Әр дәуір өнердің даму өресіне сай жалпыға ортақ қалыптасқан бейнелеу тәсілдерімен, көркемдеу құралдарымен ерекшеленеді. Мұнда Бөлтірік шешен өмір сүрген дәуірдің ұлттық дәстүрі мен ұлттық мінезі айқындалады.

Бөлтірік шешеннің келесі сөзі бірыңғай аяқталуға құрылады. Бір сөздің немесе тіркестің бірнеше сөйлемнің соңында қайталанып қолданылуын білдіретін фигура эпифора деп аталады. Бөлтірік шешен қайталаудың эпифоралық түрін пайдаланып, дау шешеді: – Төбе басында асық ойнаған бала тентек. Құдайдың аспанының астында

жайлы жер құрығандай төбенің басын қорыған бай тентек. Байдың басында тұрмай, тайдың астына құлаған бөрік тентек. Иесінің бөркінен үркіп, өзін жыққан тай тентек. Өлген кісінің құнын төрт тентек тең төлесін, ешкім олай - бұлай демесін, мұндай өлім елге қайтып келмесін.

Сөз екпіні әр сөйлемнің соңындағы «тентекке» түсіп, бірінші «бала тентек», екінші «бай тентек», үшінші «бөрік тентек» төртінші «тай тентек» екендігін нақтылауда әр тентек деген сөз айтылған сайын сөзді қолмен қойғандай орынды етіп көрсетіп, сөз соңындағы қайталаудың өзіндік салмағы байқалады. Мұндай көркемдік бейнелеу құралдары мен амал - тәсілдер көркемдік-эстетикалық болмысымен әрі танымдық табиғатымен ерекшеленеді. Кісіні өз дегеніне көндіру, иландыру – шығармашылық күрделі процестің соңғы бір сатысы. Мұны жүзеге асыру үшін шешен тыңдаушысының сезімін тербеп, ақылын қозғайды, көңілін балқытып, мейірін қандырады. Ақырында, соның нәтижесінде, кісінің ақыл-ойы байып шығады. Кісінің ақыл - ойын бұлайша тереңіне дейін тербеп, тебіренту – шешендік шеберліктің басты тәсілі.

Белгілі бір іске, мәдени-әлеуметтік биіктікке жетуге деген талап – ақыл-ойдың бастапқы қозғаушысы. Сол талапқа сай анық сипат алған, айқын сұранысқа, қажеттілікке айналған мақсат – ақыл-ой қызметінің, оның дамуы мен баюының бірден-бір қайнар көзі. Бұл ой – қазақ шешендік өнерінің көркемдік мәнін танытатын басты тұжырымдардың бірі. Мұндай тұжырымның ғылыми маңызы жоғары екендігінде сөз жоқ. Адамның іс - әрекетінің қайсысының да негізінде белгілі бір мақсат, тілек бар. Қазақ шешендік өнерінің желісінен ақыл-ойды қозғап, оны белгілі бір бағытта белсенді әрекетке түсіріп, жетілдіріп отырған фактордың қоғамдық пікір, халықтық таным мен баға кені көрінеді. Ал қазақ шешендік өнерінде қоғамдық пікірдің, халықтық таным мен бағаның барынша ардақ тұтып, қадірлеген асыл байлығы – ақыл-ой байлығы. Шешендік өнердегі ақыл-ой байлығы, ойлау тереңдігі туралы осындай бүкілхалықтық маңыз бен мәнге толы таным жастың да, қарттың да ақылын байытуға, ойын тереңдетуге талпындырған. Осындайда шешеннің

мына сөзі ойға оралады:

Дүниеде азбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде тозбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде қайтпайтын адал қолдаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде таймайтын адал қорғаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде жарығы тұтас елге түсетін қасиетті шырақ біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде асыл текті жел жетпес пырақ біреу,

Ол – ақыл.

Өмірде тозбайтын зат жоқ, азбайтын жан жоқ. Жалған дүние туралы халықтық ұғым осындай өмір шындығынан туған. Шешен осындай ұғымдар жүйесіне қарама-қарсы ешуақытта азбайтын, ешуақытта тозбайтын, мәңгілік құбылыс туралы идеяны ұсынды. Ол – ақыл туралы идея. Дүниеде кісінің қолдаушысы мен қорғаушысы да тұрақты бола алмайды. Бір қолдаған кісі әрдайым қолдайды деуге болмайды. Бір қорғаған кісі әрдайым қорғайды деуге және болмайды. Халық ұғымында кісінің сақтаушысы – құдай. Бірақ құдай да кісіні сақтанса ғана сақтайды. Әйтсе де кісі әрдайым қорғап, әрдайым қолдайтын күштен мүлде мақұрым қалмаған. Оны әрдайым қолдап, әрдайым қорғаудан еш талмайтын, одан еш қайтпайтын, таймайтын құдірет иесі – ақыл... Шешен ақылдың қадір-қасиетін барынша толық, жан-жақты да терең танытқан. Сонымен бірге ол көпшіліктің ақыл-ой туралы ұғым-түсінігін қалыптастыруға, қалыптасқан ұғым-түсінігін одан әрі дамытуға жол ашады. Белгілі құбылыс туралы көпшіліктің ұғымын қалыптастыру – көпшілікті сол ұғым талаптарына талпындырудың басты кепілі. Көпшіліктің ақыл-ой туралы, оның қызметі мен мәні туралы ұғым-түсінігінің қалыптасуы немесе дамуына қолайлы жағдайды мәдени-әлеуметтік орта, соған сай қоғамдық сана орнықтырады. Бұл орайда шешендік өнер адамның ақыл-ойының жемісі бола тұрып, сол ақыл-ойдың жаңа

бір деңгейде қалыптасып, дамуына алып келеді.

Жоғарыда айтылған мәселелерден түйетініміз, шешеннің шығармашылығында аса күрделі фигуралар жүйесі байқалады. Сөйлеу фигураларынан басқа, жекелеген мағыналық блоктарды құрастыру және байланыстыру үшін қолданылатын ойлау фигуралары және композициялар айқын көрініс тапқан. Шешеннің сөзінде белгілі бір тәсілдер анағұрлым маңызды ойды бейнелейтін болса, басқа тәсілдер шешендік сөзді ұйымдастыруға қызмет етіп, оның барынша дәлелді шығуы және композициялық жағынан тиянақты болуы үшін қолданылады.

Әдебиеттер

1 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер /Құрастырған, түсініктемесін жазған Ж.Дәдебаев. – Алматы, 1991.- 100 б.

2 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер (толықтырылған үшінші басылымы). – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 82 б

Раскрытие навыков истины и таланта Болтирик шешена

В статье рассматривается талант Болтирик шешена как личность с творческой индивидуальностью. Раскрытие основные этапы его работы. Говорится о творческой личности как об определяющем факторе. Умение анализировать творческие явления и раскрывать истину сущности искусства.

Ключевые слова: ораторское, творческий, синтаксическая структура, аллитерации.

Disclosure of the truth skills and talent Boltirik sheshena

The article deals with the talent of Boltirik sheshen as the creative personality of the individual. Predicted the main stages of his work. It is a question of the creative personality as the determining factor. The ability to analyze artistic phenomena and reveal the true essence of art.

Key words: oratory, creative, syntactic structure, composition anafora, alliteration.

ӘОЖ:37.018.1

РЕЛУБАЕВА,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.
Тараз қаласы

Ә.ТАБЫЛДЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Көрнекті педагог-ғалым Ә.Табылдының тәрбие мәселесін сөз еткен алғашқы мақалаларының бірі «Адамның асыл парызы» деген тақырыппен 1964 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрді.[1] «Адам еңбекпен адам, еңбекпен сүйкімді. Баршаға ортақ тәлім-тәрбие жұмысы да еңбек үстінде ғана жеміс береді. Бала тәрбиелі болу үшін ең әуелі ата-ананың, содан кейін ұстаздардың жалықпай еңбек етуі қажетті нәрсе», -деп басталатын мақаласында автор қоғамымыздың ертеңгі азаматы жас жеткіншек ең әуелі өз ата-анасына қарап өседі, одан соң оның өнеге алар ортасы-мектеп, қоғам деген ойды айтады. [1;174б.] Баланың жарық дүниеге келгеннен бастапқы тәрбиесі бесіктен басталады деген халық қағидасын негізге алған ғалым «тамақ іздеген сәбиге талғап тамақ берудің өзі тәрбие, тілі шыға бастаған балдырғанның сандаған сұрағына жекімей, ұрыспай сабырмен, байыппен жауап берудің өзі тәрбие, ойын баласы қызықты ойындарға құмар сол ойынды ойнауда жалықпай жанкүйер болудың өзі тәрбие» дейді. [1;175б.] «Ой сезімі қалыптаса бастаған балдырғанның тілін, ойын дамыту үшін балалар әдебиетінің маңызы зор» деп ой түйген педагог-ғалым балдырғандарға арналған арнайы газет-журналдардан іріктеп көркем шығарма оқып беруді ұсынады. «Бала мектепке барған соң мұғалім мен ата-ананың мақсаты бір жерден шыққан жөн» деген автор қызықты мысалдар келтіре

отырып ойын дәлелдейді. Ендігі кезекте «ұстаз», «мұғалім беделі» мәселесі төңірегінде ой толғаған әдіскер-ғалым: «оқушы үшін ұстаз аса білімді, аса мәдениетті. Осы беделді сақтау үшін мұғалімде ұстаздың қабілет, дарыны болуы керек», - дейді. [1;176б.]

«Оқытушы қанша білімді болғанымен, оның сабағы әдіссіз, іш пыстырарлықтай болса, онда тәрбие де, тәртіп те бұзылады», - деген ол ұстазға үнемі әдісті жетілдіріп, ізденіп отыруды ұсынады. [1;176б.] Педагог-ғалымның пайымдауынша, тәрбиенің бір ұшы сабақ барысы болып табылады. «Педагогты оқушы қандай жағдайда сыйлайды?» - деген сұраққа жауап іздеген автор «сабырлық» мәселесі төңірегінде ой қозғай келіп «шыдамсыздықтың өзі оқушыны сүймеуден шығады. Оқушыны сүймесең оқушы сені сүйе ме?» - деген пікір білдіреді. Ұстаз тәрбиесінің жемісті болар тұсы-мәдениеттілік. Мәдениеттілік - тәрбиеге күшті әсер ету құралы. Өз еңбегін таза, адал орындау, белсенділік-мәдениеттіліктің ең бір үлкен белгісі. Тәрбие мәселесі тек ұстаз бен ата-анаға ғана байланысты емес, тәрбие мәселесімен бүкіл бір қоғам айналысуы керек. Автордың қорытындылауынша, бала тәрбиесі - «адамның ең асыл парызы» .

«Баланы жастан» атты педагогикалық ой-толғауында ғалым: «халқымыздың осы бір даналық сөзі педагогика ғылымының шамшырағы, түзу тәрбиеге жол сілтер тұжырым», - дейді. [1;151б.] Дүние есігін ашқанына үш ай болған сәбидің тәрбиесімен айналысамын деген ата-анасына «кеш қалыпсыздар» деп жауап берген ұлы педагог А.С.Макаренконың жауабын мысалға ала отырып Ә.Табылды «Бала тәрбиесі құрсақта жатқаннан басталады: баланы дұрыс ауыздандыру, оның тазалығына қарау, уақытылы емізу, гигиенаның барлық ережелерін толық сақтау ... Міне, ана тәрбиені осыдан бастайды», - деп жазады. [1;151б.] Құрсақтан бастау алған тәрбиенің негізі бөбектік, балдырғандық кезден қаланады деп тұжырым жасаған педагог-ғалым «тіптен дер уақытында баланы емізбеу нәрестенің денсаулығын бұзады, осыдан баланың психикасы бұзылады» деп атап көрсетеді. Ол бүгінгі тәрбиенің ерекшелігінің зор екендігін дәлелдей келе, жеке тұлға тек «бір отбасының мүшесі ғана емес, қоғамның мүшесі, мемлекеттің болашақ азаматы, сондықтан тәрбие –қоғамдық,

мемлекеттік іс», - деп жазады. [1;152б.] Алғашқы кезекте баланы белгілі бір міндеттерге дағдыландыру керек, осыдан соң тәрбиенің басты мақсаттарын жүзеге асырған жөн. Осы тұста ғалым салыстырмалы әдісті пайдаланудың тиімділігін анықтап, бірнеше мысалдармен нақтылайды. Бала тәрбиесі үлкен шыдам мен сабырлықты талап етеді. Ата-ана тарапынан орын алған сәл сабырсыздық пен шыдамсыздық баланың психикасының бұзылуына, теріс мінез-құлықтарға әкеліп соғады. Балаға көрсеткен зәбір, ауыр сөздер мен шектен тыс айқай баланың намысына тиіп, жігерін жасытады. Осыдан бала мінезінде қыңырлық, қисықтық, жасқаншақтық, қорқақтық және т.б. жағымсыз мінез-құлықтар пайда болады. Баланың бойында орын алған жаман қылықтардың белгісі байқалғанда сабырлықпен саналы сөздер айтып, сүйіспеншілікпен тәрбиелеу керек. Кей-кезде баланың денсаулығына байланысты да қыңыр мінез көрінуі мүмкін. Ондайда ата-ана тарапынан орын алған шыдамсыздық бала денсаулығының мүлде бұзылуына алып келеді. Бүгінгі таңда ата-аналар тәрбие мәселесімен тығыз байланыста болғаны дұрыс, себебі, кез-келген жанұяда бала көбіне үйде емес, көпшілік орындарда, мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленеді. Дегенмен бала тәрбиесінде ата-ананың ролі зор. Әрбір ата-ана бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Тәрбиенің нәтижелі болмағы ата-ананың мейір-шапағына, жауапкершілігі мен білімдарлығына байланысты. Отбасындағы басты тұлға–ата-ана. Сондықтан тәрбие негізі соларға байланысты. Ата-ана бойындағы ардақты әрі қастерлі қасиет–елжірегіштік. Балаға елжірей қарап, мейірлене отырып саналы сөз, тұнық оймен берген тәрбие нәтижелі болмақ. Отбасындағы тәрбиенің тиімді бір жолдары–пікірлесу, кеңесу, ой қорыту. Міне, бала тәрбиесіне осылай тоқталған ғалым оның тиімді жолдарын да ашып береді.

«Баланың тілін табу» атты педагогикалық мақаласында педагог-ғалым жоғарыда сөз болған мәселені одан әрі дамытып, тереңірек қарастырады. «Баланың тілін табу деген-бедел», - деген А.С.Макаренконың пікірін негізге ала отырып Ә.Табылды кейбір жас ата-аналар бала тәрбиесіне терең бойлай бермейтінін, жағдайға қарай тәрбие беру ісімен айналысатынын айтады. Бала тәрбиелеу

кез-келген ата-ананың міндеті. Ол үшін оның алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, жолдары мен айласын меңгеру керек. Сонда ғана берген тәрбие нәтижелі болмақ. Кез-келген ата-ана ұлағатты ұстазша баласын тәрбиелеуі тиіс деп ой түйген Ә.Табылды: «Балаға түзу тәрбие беру үшін – «баланың тілін» табу қажет», -дейді. [1;203б.]

Ә.Табылдың 1973 жылы «Қазақстан мектебі» журналында жарық көрген «Ата-ана беделі туралы» мақаласы, «Ана мейірімі», «Сабырсыздықтың салдары», «Сабырлылық салты», «Өктемдік пен сабыр сақтау», «Ата-ана да ұстаз», «Шыдамды сүйіспеншілік» атты педагогикалық ой-толғаулары ұлағатты ұрпақ тәрбиелеудің кейбір нәзік сырларынан сыр шертеді. Тәрбиелеу- қиын да ауыр міндет. Ал қайта тәрбиелеу одан да қиын іс. Бала тәрбиесін бұзылуға дейін жеткізбей алғашқы кезеңдерден бастап жауапкершілікпен қарау қажет. Бала тәрбиелеу үшін алдымен ата-ананың өзінің бала алдында беделі болуы шарт. Әрбір ата-ананың беделді болуы өзіне байланысты. Бала алдында ата-аналардың беделді болуының өзіндік сыры бар. Бұл мәселе төңірегінде қатып қалған ереже немесе анықтама жоқ, дегенмен, өзіндік себептері бар екенін ешкім жасыра алмайды. Ғалым-педагог осы тақырып төңірегінде ой қозғай келе бала алдындағы ата-ананың беделі олардың балаларымен қарым-қатынасына, сөйлеу мәнеріне, мәдениетіне, жүріс-тұрысына дейін байланысты дейді. Педагог-ғалым әуелі ата-ана бала алдында дөрекі сөйлемеуі және былапыт сөздермен ұрыспауы тиіс. Бала былапыт сөздерді қайдан үйренеді, осындай жағдайлардан үйренеді. Бүлдіршіндер үлкендердің аузынан шыққан әдепсіз сөздерді бірден қағып алып, қолданысқа енгізеді. Ал жаман әдетті қойғызу қиынға соғады. «Беделдің мәнділігі сонша, ол тіпті ешқандай дәлелді қажет етпейді, өйткені, баланың қарапайым түсінігі бойынша, бедел-ешбір күдіксіз деп саналатын үлкеннің адамгершілік қасиеті, оның құдіретімен бағалануы»,-деген атақты педагог А.С.Макаренконың пікіріне қосыла келе, профессор Ә.Табылды «Үнемі үй ішінде қабақ түйіп, ұрысып жүру, баланың талабын қайтару, сағын сындыру, оны балағаттау, намысына тию... Міне, ата-ана беделін жоятын осындай себептер бар. Баланың кішкентай кемшілігін көрсек оған бас салып ұрысып, адам болмайсың деп намысына тию баланың

сағын сындырып, үлкеннің беделін жояды. Ал намыс-өмірдегі ең қымбат нәрсе! Аяулы нәрсені аялай білмесек не бедел, не сый қалады бізде?»,-деп жазады.[1;173б.] Әрбір ата-ана баласы үшін барлық қиындыққа шыдап, сабырлылық танытуы тиіс. Бедел мен абырой сол шыдам мен сабырға байланысты. Белгілі ғалымның осындай ой түйіндеулері Ұлы Абайдың «Ұрысып айтқан ақыл балаға қонбайды», немесе, «Баланы ызғарлы болу арқылы олардан өздерін оқшаулау қажет деп білетіндердің көпшілігі, тіпті ең жақсы әкелердің өздері соншалықты дөрекі қателескен»,-деген көрнекті сыншы В.Г.Белинскийдің пікірлерімен қабысып жатыр.[1;173б.] Дегенмен балаға тым жалтақтау, оның алдында бәйек болу да баланың мінез-құлқын бұзады. Осыдан асып кеткен-өзімшіл тұлға қалыптасады. Баланы асыра еркелетіп, айтқан талаптарын орынсыз орындау да қателікке ұрындырады. Сондықтан бала психологиясын түсініп, оның жан дүниесіне терең бойлап, сабыр мен ақыл айта отырып тәрбиелеу жөн деп түйген педагог-ғалым «әр ісі берекесіз, мінезі шәлкес, арақ құмар, құмар ойындарға жеңіл жүріс, іс-әрекетке жақын ата-аналарда да бедел болмайды», -дейді. [1;174б.]

«Бала тәрбиесінің бастауы-анадан. Туған ана, өгей ана, әже баланың бақыты. ...Аналық сезім, аналық махаббат, аналық мейірім тілмен айтып жеткізе алмайтын құдіретті құбылыстар. Ана қасиетінің деңгейі әрбір анада әртүрлі болады. Бірақ сезім құдіреті сәл-пәл бәсеңдесе болды, ана деген асыл қасиет жоғары мәнін кеміте бастайды. Аналық қасиетін сақтай алмағандарды бүкіл қоғам аластап, ондайларды ана деп есептемейді. Ана-ең қасиетті сөз. Күн ана, Жер ана, Отан ана-ең құдіретті құбылыстарды да біз ана деп қастерлеп, табынамыз. Отан ана, Ел ана деп, сол үшін жан қиюға дайын тұрамыз. Жер ананы апаттан сақтап қалу үшін жаумен де келісеміз... Сондықтан ана тәрбиесі баланың болашақ өмірі»,-деп басталатын «Ана мейірімі» атты шағын мақаласында педагог-ғалым бала тәрбиесіндегі ананың орнын ашып көрсетеді. [1;203б.] Аналық мейірім, ақыл-парасаттың ұлағатты ұрпақ өсірудегі маңызын нақты өмірден алынған дәлелмен береді. Жетім қалған үш бірдей немересін ерекше тәрбиелеп жетілдірген Ажар әжейдің аналық мейірімі бүкіл бір ауылға үлгі боларлық іс екенін

әңгімелей келе педагог-ғалым елжіреген жүректі, биязы мінезді Ажар ана мен өгей шешенің іс-әрекетін салыстырады. Жетім қалған балаға өгей шешенің көрсеткен қудалау, қорлау, ұрысу, ұру тәрізді қарым-қатынасы бала мінезін бұзатындығын аналық қасиетті жоғалттығын қынжыла баяндайды.

Баланың болашағы үшін, бала бақыты үшін - «ата-ана да ұстаз» деп ой-түйген ғалым «Ата-ана да ұстаз» атты педагогикалық ой-толғауында «Бала тәрбиесі-игілікті істердің ең бағалы, жауапты кезеңі. Тәрбие-қоғамдық, әлеуметтік процесс» деп атап көрсетеді. [1;225б.]. Ғалымның пайымдауынша, әрбір адам баласы ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу тиіс, содан соң айналасындағыларға, қоршаған ортасына тәрбиеші. Ұрпақ тәрбиесімен бүкіл қоғам: балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, қала берсе, өндіріс және шаруашылық орындары, тағы басқалардың барлығы айналысады. Дегенмен, «бала тәрбиесіне барлығы жауапты, ең бастысы балабақша, мектеп жауап берер» деген ата-ана қателеседі. Баламның тәрбиесіне уақытым жете бермейді-деп осы бір келелі мәселеге қалған уақытын жұмсаған, өзіне жүктелер басты жауапкершіліктен қашқақтаған ата-аналарды сынга алған педагог-ғалым осы бір істің салмағының үлесі ерекше екендігін айтады. «Балаға, әсіресе, ана етене жақын. Отбасының тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Бұл екі тәрбиеші өзінің қоғам алдындағы, отбасындағы тәрбиешілік ауқымдарын кеңейтіп, нағыз ұстаздық дәрежеде тәжірибелерін кемелдендіре бермесе, ата-ана беделінің асқар биігіне шыға алмай қалады», - деп жазады Ә.Табылды.[1;225б.] Ең бастысы ата-ана балаға өздерінің бойларындағы адамгершілік қасиеттерімен, әдепті де биязы, сабырлы мінез-құлықтарымен, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынастарымен, қоғамдағы ерен еңбегімен өнеге болмақ.

Қоғам үшін ұстаз арнайы маманданған тұлға болса, ата-ана өз өмірінің көрген білген, түйгендерін тоқайластырған сол тәжірибені жинақтау арқылы тәрбиелік іс-әрекеттерін қалыптастырған ұстаз болмақ. Осы тұста ғалым әрбір ата-анаға ұстаз дегеніміз-өз ісінің шебері, білгірі болуы қажеттілігін ескертеді. Осы орайда ауылдас Ақылбектің жанұясындағы оқиғаны мысалға ала отырып өмірдің

әртүрлі соқпағында жүріп жаңылыс басып, қателік жіберіп жатқан ата-аналардың жанұясындағы жағдай үлкен қасірет әкелетінін айтады. Ғалым бала тәрбиесінде жеткіншектердің психологиясын жақсы менгеріп, педагогтік тәсілдерді орынды пайдалана білу керек екендігін еске салады. Ата-ана сонда ғана ұстаз.

Әдебиеттер

1 Табылды Ә. Ұстаз тәлімі-Алматы: «Білім», 2006.-248бет

2 Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Оқу құралы -Алматы: «Санат», 2001.- 320 б.

Автор мақалада Ә.Табылдың тәрбие туралы жазған еңбектеріне талдау жасап, жас жеткіншекке тәрбие берудегі ата-ананың, мектептің, бала-бақшаның алатын орнын көрсеткен. Ұрпақ тәрбиесіндегі әке мен шешенің, ұстаз беделінің, үлгісінің қандай болуы керек екендігіне тоқталған. Бала тәрбиесінде сабырлықтың, мәдениеттіліктің, сүйіспеншілік сияқты адами қасиеттердің керектігін сөз еткен.

Тірек сөздер: бала тәрбиесі, ата-ана, ұстаз, үлгі, еңбек, педагог-ғалым, мінез-құлық.

Педагогические взгляды Ә.Табылды

Автор в статье раскрывает сущность трудов Ә.Табылды о воспитании, показывает роль родителей, учителей, школы, детских садов в воспитании молодого поколения. Останавливается каким примером, авторитетом должен обладать мать, учитель в воспитании ребенка так же раскрывается роль таких человеческих качеств взрослых, как терпимость, культура, любовь.

Ключевые слова: воспитание ребенка, родители, учитель, пример, труд, учитель-педагог, характер.

ШЕШЕН ТҰЛҒАСЫНА ТӘН ҚАСИЕТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада қазақ шешендерінің сөз өткірлігі оның әділдігі мен даналығы, яғни шешен тұлғасына тән қасиеттер мен әділдіктің негізінде дараланған шешеннің шығармашылық қалыптасуы сөз болған. Шешен билікке де, байлыққа да мойын бұрмай, шешенге тән басты қасиеттердің бірі – әділдікке жүгінгендігі мысалдармен дәлелденген. Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасының тақырыптық-мазмұндылығы жағынан, тілінің қуатты, көркемдігі, мәнділігі айтылған.

Түйін сөздер: шешен, шешендік өнер, бейнелеу тәсілдері, билер сөзі.

Қазақ халқының тілі, жандүниелік менталитеті шешендік өнердің нағыз күретамыры. Шешеннің тіл қолданудағы шеберлігі образдар жүйесімен сөз бейнелеу тәсілдерімен, көркем сөз қорымен ерекшеленеді. Осы фактор қазақ шешенінің бейнелеу, көркемдеу жүйесін қалыптастырып, көркем ойлауының ұлттық ерекшелігін анықтауға негіз болады. Сөз бен тілдің көркемдік қуаты стильдің құрамдас бөліктері арқылы ашылады. Сөз, шешендік өнер - сөйлеушінің жеке тұлғасымен байланысты, бұлар арқылы адамның ақылы, жан-жақты танымдылығы, оның білімі, тәжірибесі, сондай-ақ сөзі арқылы тыңдарманға әсер беретін ерік-жігері көрініс табады. Шешендік өнер – адамның өнегелі күшінің ең мықты көрінісі. Нәтижесінде, адам қаншалықты

өнегелі болса, ол – соншалықты шешен болып келеді. Бұл жағдайда шешендік өнер - шешеннің адамдарға қолданатын игілігі. Шешендік сөйлеудің құдіреті міндетті түрде шыншылдықпен және аса жоғары даналықпен бірігеді. Тек осы жағдайда ғана сөз адамды қанағаттандырады. Егер сөз құдіретін әділ емес адам қолданса, ессіздердің қолына түскен «күшті қару» жаман істерге бастайды. Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасы даналықпен байланысты болуы заңдылық. Себебі, қазақ халқы сөз қадірін білген және дұрыс сөйлеуді сөйлейтін жерін білген адамды дана деп таныған. Шешен болып қалыптасу үшін орынды сөйлеуді де, игі істерді де бірге үйренген жөн. Сөйлеу шеберлігі ең алдымен шешеннің ұтымды бейнелеп сөйлеуінен оның білімділігінен, тартымды әсем сөйлеп тыңдарманның сезімталдығына әсер етіп, құштарлығын оятуынан тұрады. Мұның бәрі – шешендік өнердің бөлек бір бөлігі емес, оның құрамдас бір бөлігі. Ал сөйлеуді күшейтетін шешеннің сөзі ойынның бірлігі. Жалпы, шешен тек сөзімен емес, бүкіл болмысымен, ақыл-парасатымен тыңдарманның назарын өзіне аударуы қажет. Өзінің айтқанына еліктіріп, сендіріп, тыңдарманына өз идеясын мақұлдатуы қажет. Сонда ғана шешендік тұлға қалыптасады. Мөңке бидің мына бір көрегендік толғауына көңіл бөлейік. Бұған сол замандағы адамдар бар назарын аударып сенді ме екен кім білсін... дегенмен, осы заманның тыңдармандарының сенбеуге амалы бар ма...

«Құрамалы қорғанды үйің болады,
 Айнымалы, төкпелі биің болады.
 Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
 Ай сайын бас қосқан жиын болады.
 Ішіне шынтақ айналмайтын
 Ежірей деген ұлың болады.
 Ақыл айтсаң ауырып қалатын,
 Бежірей деген қызың болады.
 Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
 Кекірей деген келінің болады.
 Ішкенің сары су болады,

Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады,
Домалақ, домалақ түймедей дәрің болады.
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.
Ертеңіне сенбейтін күнің болады.
Бетіңнен алып түсетін інің болады.
Алашұбар тілің болады.
Дүдәмалдау дінің болады.
Халықтың қанын сорған адамдар болады.
Қабағын түйіп хайыр тілейтін,
Адамдар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.
Ит пен мысықтай ырылдасқан,
Еркек пен қатының болады.
Сарылып көлік тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың.
Соның бәрін көресің,
Көріп барып өлесің.»

Шығармашылық көрегендік, бұл да, шешен бойында кездесетін қасиеттердің бірі. Бойдағы сезімталдық қасиетті көркем ойлаумен ұштастырған шешен кейінгі ұрпағын осындай ойларымен сендіріп, өзінің дара қалыптасқан тұлғасын тындарманына мойындатуда. Шығармашылық бар да көркемдік ойлау бар. Творчество, шығармашылық жоқ жерде көркемдік қайдан болсын. Шешендер сөзі, С.Сейфуллинше айтқанда, «билер сөзі» - шығармашылықтың биік түрі. Олай болса, көркемдікті шешендік сөздердің бар болмысынан, барша күйінен, тұтас тұлғасынан іздеу керек. Өйткені көркемдік болмаған жерде шығармашылық жоқ. Ал шығармашылық жоқ жерде шешендік өнер де болмайды. Көркем сөздің шешендік өнер өресіне көтеріліп, өнер туындысына айналуы үшін оған қан мен жан қажет. Сөз теңіздей терең, оттай жалынды, күндей жарық, жарқын ойдан туу керек. Бұл шешендік өнердің түрі мен мазмұнын анықтайтын талаптардың қатарына жатады. Мұның үстіне шешендік сөз де, ондағы ой да ұйқас,

ырғаққа, екпін, интонацияға, үлкен әуенге, шиыршық атқан қуатқа оранып, құлпырып шығады. Осындайда Үмбетей жыраудың «Шешендік жолын тұтындың, үш ауыз сөзбен құтылдың» деген жолдары ойға оралады. Шешендер шығармашылығының сипаттары туралы бүгінгі ғылыми ойларда да осындай ұстанымдар сілемі бар. Шешендік жолды тұтынып осы өнерді меңгеруге бет бұрған әр адамның санасында көркем, бейнелі сөз тұруы шарт. Себебі сөзбен бейнеленбейтін ұғым жоқ. Ал шешендікке тән қасиет – көркем жеткізу қабілетінің жоғарылығы. Қазақ шешендік өнеріндегі ірі шығармашылық тұлғаларда сөздің тура мағынасында да бейнелі, астарлы мағынасында да сөз көркемдігін шебер пайдалану кездеседі. Демек, шешендік сөздердің осыншалық құдіретті күші, сиқыр сынды әсерлігі әрине оның көркемдігінде. Көркемдік – шешендік өнер туындысының сапасын қай қырынан қарағанда да, мінсіздігін бейнелейтін негізгі қасиет. Шешендік өнердегі ірі шығармашылық тұлғалардың сөз көркемдігі өмір шындығы және оның қоғамдық тәрбиелік құны арқылы белгіленеді де, шешеннің шеберлігі арқылы жасалады. Шешендік сөздердің көркемдігінің тағы бір ерекшелігі – тап басып, дәл тауып, әділ айтылуы табиғилығы көріктеу құралы қаншалық дәл берілсе ол соншалық мойындатқыш, әсерлі келеді. Өйткені, ол көркемдеу құралын ғана атқармайды, сонымен бірге ол ой үшін, оның айқын, ашық түсініктілігі үшін де қажет.

Шешендік сөздерде дара мағыналы, сонымен бірге көп мағыналы, бейнелі, образды сөздер мол. Қазақ шешендері сөздің сырын да, сынын да кетірмей өз шығармашылығында көркем пайдалана білген қазақ шешендерінің ірі шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуына керек қасиеттер сөздің қиюын келтіріп айту ғана емес, ол – ойды бабына келтіріп, тұжырым жасау, сонымен қатар, тартымды айтылған сөз сенімді айтылған дауыс ырғағы арқылы тыңдаушы көңілінен шығу әдісін қолдану шеберлігі. Яғни, дауыс, мимика, ым-ишарат, шешеннің дене қимылы- ең маңызды «орындаушылық» қасиеттер болып саналады.

Мысалы, дауысы төмен, ұяң бола тұрып, шешен өз сөзінде ішіндегі сезімін, эмоциясын бере алмайды. Оған қоса дикциясы да нашар болса, тыңдармандар жеке сөздерді, тіпті сөйлемдерді түсіне алмайды. «Орындаушылық» қасиеттерінің кемшіліктерін тіл механизмінің, мимиканың және пантомимиканың арнайы әдісті тренингісі барысында шешен шеберлігін шыңдауына болады. Шеберлік, яғни сөз қолданудағы тапқырлық, бейнелегіш, суреттегіш құралдарды дәлдікпен қолдану. Шешендер халқымыздың сөз байлығын тапқырлықпен тілдесу өнері деңгейіне жеткізіп, қанша халықты, соның ішінде өзімізді де, тамсандырды. Шындығында шешендер өзінің қара басы үшін сөйлеген жоқ, сөзбен әлеуметтік жағдайдың кемшін тұстарынан тепершік көргендердің ісін оңдауға, қазақ қонысын кеңейтуге атсалысты. Осы істің басы-қасында жүріп әділдікті жақтады. Әділдік әлсіз болмау үшін шешен шеберлігі қажет еді. Әдептілік негізінде сөйлеу мәдениетін қалыптастырған шешендік өнерге тән әдістердің бірі шеберлікті қалыптастыруда қазақ шешендері шындықпен тыңдарман көңілінің шыңына шығу үшін шеберліктерін шыңдап отырған. Шыңдалған шеберлік, шеберлік ықпалында жасалған тапқырлық дау шешуде дауласушыларды уәжге тоқтатты, қарсыласын қақырата сөкті. Бұл да қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасына қажет қасиеттер.

Қазақ шешендерінің сөз өткірлігі оның әділдігі мен даналығына байланысты. Егер сөз күдіретін әділ емес шешен қолданса, онда ол заманға төңкеріс жасар еді. Шешеннің тек қана сендіре алу қабілетімен, оның шыншылдығымен, даналығымен оған ықпал ету қиынға соғады. Ал, қазақ шешендері өзі өмір сүрген дәуірде, тыңдармандарын сендіріп, әділдігімен даудың түйінін шешіп, даналығын да мойындата алды. Ал, мұндағы шешеннің сөзін өтімді етіп тұрған – әділдік. Шешен билікке де, байлыққа да мойын бұрмай, шешенге тән басты қасиеттердің бірі – әділдікке жүгінді.

Қазақ шешендерінің шығармашылық тұлғасының өзегі осы әділдікте. Әділдіктен туған бұрынғы шешендік сөздер тақырыптық-мазмұндылығы жағынан, тілінің қуатты, көркемдігі, мәнділігі жағынан қазіргі шешендік сөздерден бір де бір кем түспейді, бұлар қашан да құнын жоймас асыл сөз қазынасы.

Әдебиеттер

1 Аристотель. Риторика. // Аристотель и античная литература. – М., Наука, 1978.- 55 б.

2 Дәдебаев Ж. Бөлігірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 222 б.

3 Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. – М.: Наука, 1972. – 472 с.

4 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. -

Характеристика формирования творческой личности казахских ораторов

В статье рассматривается остроумие, справедливость и мудрость казахских ораторов, о их личности, об особенностях формирования их творчества. Оратор – это человек, не склоняющий свою голову ни перед каким богатством, одним из самых важных качеств является преклонение перед правдой, что ораторы доказали на собственном примере. Важность творческих тем казахских ораторов раскрыта в содержаниях, в силе слова, в художественных особенностях текстов.

Ключевые слова: оратор, ораторское искусство, методы визуализации, слова назидания.

Characteristics of formation creative ličnostī in Kazakh orator

Justice and wisdom of Kazakh speakers about their personality, peculiarities of formation of their creativity are dealt in this article. The speaker is the man who does not bow his head in front of some wealth, one of the most important qualities of a reverence for truth that speakers proved by example. The importance of the creative Kazakh speakers disclosed in terms of content, power of speech, artistic features of texts.

Key words: orator, oratory, imaging techniques, words of edification.

«ДАМЫТА ОҚЫТУ» - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Мақалада оқу үрдісіндегі дамыта оқыту технологиясының жеке тұлға дамуына әсері баяндалған.

Түйін сөздер: оқушы тұлғасы, даму заңдылығы, өзін-өзі дамыту, проблемалық ситуация, шығармашылық.

Қазіргі оқыту үрдісіндегі басты мақсат – оқушы тұлғасы және оның білім алу арқылы өзін-өзі дамытуы. Білім мазмұнын жетілдіру үрдісі оқушыларға білімді өздігінен меңгерудің әдіс-тәсілдерін игертуді, оның дамытушылық жақтарына басымдылық беруді қарастырады.

Оқытудың мақсаты мен міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқыту түрі – «Дамыта оқыту» технологиясы. Дамыта оқыту дегеніміз – баланы субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын, соған сай қабілетін арттыратын жағдайлар тудыру болып табылады. Дамыта оқыту технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С.Выготский, Л.В.Занков, В.В. Давыдов, Д.Б.Эльконин толық зерттеп, «дамыту», «даму» терминдеріне баланың белгілі мөлшерден шығып, саналы іс – әрекет сатысына ауысуы деп анықтама береді. Жүйенің авторлары «дамыта оқыту деп – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды» атайды. Оқыту арқылы баланың психикасында жаңа құрылымдар пайда болуы, яғни жаңа сапалық өзгерістер болуы тиіс деп есептейді. Демек, дамыта оқытудағы негізгі мақсат - білім мазмұнын жаттандылықпен үйрету емес, білім мазмұнын оқушының өз бетімен жасалатын көптеген ақыл-ой әрекеттерін орындау арқылы меңгеруі.

Аталған оқыту жүйесінде оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық өзара сыйластық, түсіністік ерекше орын алады. Баланы қызықтыру, зейініне әсер ету мұғалімнің басты мақсаты болуы тиіс. Сабақ процесінде мұғалім ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде болуы керек. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Оқушы өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды. Сабақ үстінде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып, оқушының өз бетімен мақсатқа жетуі көзделеді. Тегінде баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету - ең тиімді жол. Дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып өз санасының саңылауларын ашады. Әр оқушы өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. Бұл технологияның бір ерекшелігі сынып оқушылары жақсы, жаман оқушылар деп бөлінбей, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу мақсат етіледі. Нашар оқушының өз шамасы келгенінше қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылады.

Дамыта оқытудың басты ұстанымдары:

- сабақтың құрылымын мәселелік сабақ ретінде құру;
- оқушылардың ойлау қызметін белсендіруде түрлі ой операциялары мен ой амалдарын қолдана отырып, сапалы түрде теориялық ойлауын дамыту;
- пәнді оқытуда жекеше және саралай оқыту талаптарын ескеру;
- оқушыларда тілдік құбылысты оқып-меңгеруіндегі ой қызметінің қадамдық, сатылық, алгоритмдік, эвристикалық, мәселелік, шығармашылық қызмет түрлерін қалыптастыру;
- оқытудың тарихилығы;
- оқытудың ғылымилығы мен жүйелілігі.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Аталған оқу үрдісінде білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін

ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талаптанады. Бала өзінің бұған дейінгі білетін білігінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайға тірелуі керек. Сонда ғана ол білуге ықыластанады, әрекеттенеді.

Дамыта оқыту технологиясындағы сабақтың құрылымы негізінен үш үлкен кезеңге бөлінеді.

I кезең. Бағдарлау – мотивациялық кезең.

Бұл кезеңде оқу міндеттері жаңа тақырыпқа байланысты жоспарланады. Мұғалім алдын-ала еске түсіру, толықтыру үшін кілт сұрақтар дайындайды. Бұл кезеңде мұғалім оқушыларды белсенді әрекетке бағыттауы керек. Бұл орайда оқу міндеттері мәселелік сұрақтар арқылы шешіледі. Проблемалық жағдайды туындату – сабақтың ең қиын, ең қажетті бөлігі десе де болады. Неміс педагогі Ж.Дистерберг: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді», - десе, әдіскер-ғалым Қ.Тасболатов: «Проблемалық ситуация тудыру-оқушыларға сұрақ қойып, оны шешу ғана емес, мұндағы сұрақ әдетте қойылып жүрген сұрақтардан мүлде өзгеше. Ол сұрақ оқушыға бейтаныс, өздігінен ізденіп, өзінше қорытынды жасай білетіндей сұрақ болуға тиіс», - дейді. Бұл орайда оқушыға танымдық сұрақтар қоюдың маңызы зор.

1. Автордың «Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді, иесіне қайтаруға кеш еді...» деген тұспалды ойының мәнін қалай ашар едің ?

2. Соғыс кезіндегі балалар мен қазіргі балалар арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар қандай ?

3. Сен бұл шығарманы қалай аяқтаған болар едің? Жазушы бағытына көзқарасыңды білдір.

4. Жетім балалардың санын азайтудың қандай жолдары бар? Бейбіт заманда жетім балалар үйі қажет пе, әлде қажет емес пе?

Проблемалық жағдай оқушының ойлау қабілеттерін дамытады, оқу міндеттерінің дұрыс шешілуіне ұйытқы болады.

II кезең. Операциялық – орындаушылық кезең. Бұл кезеңде

оқу міндеттері шешіліп, дәстүрлі оқытудағыдай жаңа сабақ түсіндірілмейді. Бұл кезеңде барлық тапсырма – сабақ мәселесі шешіледі. (Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі бойынша)

Мәтіннің тақырыптық - идеялық мазмұнын аша түсу мақсатында берілетін жетекші сұрақтар:

1. Әңгімедегі басты кейіпкер кім? Ол қандай адам?

2. Сейітқұл соңына ерген кедейлерді қайда бастап апарды? Онда олар қандай пайдалы тірлікпен айналысты?

3. Сейітқұл кедейлерді мал бағудан басқа қандай кәсіппен шұғылдануға үйретті?

4. Адал еңбек Сейітқұлды қандай дәрежеге жеткізді?

5. Әлімқұл қандай адам? Арам еңбектің ақыры ағасын қандай жағдайға апарды?

6. Қазіргі нарық қиыншылығынан шығу үшін сен не істер едің?

7. Қалай ойлайсындар, осы әңгіме арқылы Ы.Алтынсарин не айтпақшы болды? Отырықшылық не үшін керек болды?

Осы сұрақтарға жауап ала отырып, оның арғы түбінде қазақтың құнарлы жерлерінен айрылып қалу қаупінен сақтандырған Ыбырайдың көрегендігі жөнінде сөз болады.

Топтық жұмыс.

I топ: Кейіпкерлердің іс-әрекетін мақалмен түйіндеу.

II топ: Қазақстанның ең қолайлы жерін Астанаға тандап отырған үкімет саясатының сындарлылығы, Ыбырай идеяларының өміршеңдігі жайында ой толғау

III кезең. Рефлексиялық – бағалау кезең.

Бұл кезеңде оқушылар тарапынан «Бүгін мен не үйрендім?» деген сұрақтың түйіні ізделеді. Бұл кезеңде оқушыларға сабақ тақырыбына байланысты жалпылама сұрақтар беріледі. Бұл құбылыс өз-өзіне есеп беру, кезеңдерді меңгергенін түсіну, ережелерді түйіндей білуімен анықталады. Өзін-өзі қорытынды бағалау жүргізіледі. Оқыту технологиясында оқушының өзін-өзі бағалауы міндетті түрде керек. Мұндай өзіндік әрекеттерге үйретуде қарапайым сатыдан жоғарыға, одан күрделі сатыға қарай дамиды. Осылайша оқушының

белсенді таным әрекетіне байланысты өздігінен жұмыс істеу баланың қажетіне айналады да, өздігінен білім алу, өзін-өзі басқару, өзін бағалау сияқты әрекет дәрежесіне көтеріледі.

Үйге тапсырма беру үш деңгейден тұрады.

1. Репродуктивті (бағдарламалық материалды білу және орындай білу.)

2. Шығармашылық білімді меңгеру, модельдеу тапсырмасы.

3. Алған білім бойынша шығармашылық тапсырма.

Дамыта оқыту – мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Бұл орайда мұғалім – дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Әдебиеттер:

1 Эльконин-Давыдов «Дамыта оқыту технологиясы» Педагогикалық шығармалар, 1998

2 «Оқу үрдісіндегі дамыта оқыту мәселелері», Психологиялық ғылым және білім беру №1, 2012

3 Құдайбергенова К.С «Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі» Алматы, 2009

«Технология развивающего обучения» – путь к творчеству

В статье говорится о влиянии технологии развивающего обучения на развитие индивидуальной личности ученика в учебном процессе.

Ключевые слова: личность ученика, саморазвитие, проблемная ситуация, творческая деятельность

«Technology of developing training « - the path to creativity

The article describes the influence of developing learning technologies for the development of individual personality in the student learning process.

Key words: student identity, self-development, problem situation, creative activity.

СӨЗ ШЕБЕРІ

Мақалада ұлы қолбасшы, жазушы Б.Момышұлының тіл шеберлігі қарастырылады.

Түйін сөздер: синоним, антоним, сөз тіркесі, жазушы, қос сөздер, сөздердің мағынасы.

Тіл – халық тағдыры, тіл – халық тірегі, тіл – сөз өнерінің көрсеткіші, айнасы, ойды жеткізу құралы.

«Сөз бен тіл, әдетте, синоним ретінде қолданылады. Бірақ тіл, әрине, ауқымы жағынан сөзден әлдеқайда кең ұғым. Қоғамдағы барша жанның қауымдаса өмір сүруіне қажетті қатынас құралы – тіл десек, сөз соның ең негізгі элементі болып саналады. Дегенмен тіл мен сөз «тіл байлығы», «сөз байлығы» деген ұғымдарға байланысты бірінің орнына бірі айтыла береді»[1.118-б.].

Сөз байлығын, тіл байлығын, әскери қарым-қатынас тілін көрсеткен, әскери терминдерге қазақша түсінік, анықтама берген, оқырман қауымға жан-жақты таныстырған халқымыздың ардагер ұлы, аты аңызға айналған батыр – Бауыржан Момышұлы. Қаһарман қолбасшының тілінде, қаламгер шығармаларында тілдік құралдарды қолданудың ерекшеліктері көрінеді. Ұлы тұлға қолданыстағы сөздердің, әскери терминдердің сырын ашып, оларға түсінік беріп, синоним, антоним т.б. сөздерді, тосын сөз тіркестерін тауып қолданып, тәрбиелік мәні зор, ұлағатты ойларды, пікірлерді орындай, тиімді, шеберлікпен жеткізген. Шығарманы жазу жөнінде Б.Момышұлы: «Неге мен кейбір көркем шығармалардың ғұмыры қысқа деп санаймын, оның

мәні суретшілер, жазушылар немесе кино қызметкерлері өздерінің шығармаларын жазғанда оның көркемдік жағын соғыс мәселелерімен, тікелей соғыспен үйлестіре алмайды. Мен мұны өте үлкен кемшілік деп білемін. Сен соғыс тақырыбына қалам тартады екенсің, соғыс мәселесін көркемдік тұрғыдан көрсетуге тиіссің. Міне, сонда ғана бұл шығарма көпшілік бұқараға құнды болмақ. Жазушылардың көпшілігі шығарманың көркемдік жағымен, яғни қиялдан шығарылған оқиғалармен әуестеніп, соғысты көрсетуден ауытқып кетеді, ал шынын айтқанда, жақсы шығарма тіпті мыны біздер, әскери командирлер үшін де күнделікті басшылыққа алатын кітап болуы керек», [2.14-б.] – деген құнды пікір айтқан. Шебер қолбасшының туындылары – оқырман қауымға құнды мұра, даналық ойлары, қанатты сөздері – сарбаздардың, әскери қызметшілердің, офицерлердің күнделікті басшылыққа алатын тәрбие көзі.

Б.Момышұлы – сөздерді, сөз тіркестерін ұтымды қолданған сөз шебері. Сөз тіркестері мен сөйлем құрауда сөздер түрлі қатынасқа түсетіні белгілі. Бұл қатынас сөздердің грамматикалық, семантикалық байланысы арқылы көрінеді.

«Сөз тіркесінің грамматикалық бітімін басыңқы сөздің сипаты белгілейді. Басыңқы сөздің ыңғайына қарай сөз тіркестері былай топталады: етістікті тіркестер, есімді тіркестер (сын есімді тіркестер, зат есімді тіркестер, есімдікті тіркестер)» [3.12-б.]. Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» туындысынан есімді тіркеске мысал келтіретін болсақ, бір ғана адам деген зат есім арқылы көптеген тіркестерді кездестіруге болады: қабілетті адамдар [2.19-б.], әскери адамдар [2.19-б.], дарақы адам [2.20-б.], қарапайым адамдар [2.21-б.], жанды, саналы адам [2.23-б.], қорықпайтын адам [2.23-б.], айбарлы адам [2.38-б.], тамаша адам [2.38-б.], жақсы адамдар [2.39-б.], асқақ адам [2.39-

б.], парасатты адам [2.53-б.], кінәлі адам [2.61-б.], тәртіпті адамдар [2.65-б.], қолбасшы адам [2.70-б.], орнықты адам [2.80-б.], сезімсіз адам, алдамшы адам [2.106-б.], қаңғыбас адам [2.116-б.] т.б.

Зат есімді сөз тіркестерінің ішінде «сын есім – зат есім» типті сөз тіркестері көптеп кездеседі. Сын есімдер мен зат есімдер мағыналық жағынан тіркесе сөз тіркесі болуы олардың семантикалық байланыстылығында.

Сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңардың анықтауыштық қатынасын майдангер жазушы жиі қолданған. Мысалы:

1. Егер генерал Панфиловты сипаттауға талпыныс жасасақ, онда шамамен былай кескіндеген болар едік: ол парасатты генерал, ақылгөй генерал, нақты есеп жүргізе білетін генерал, сабырлы генерал, табанды да қайсар генерал, мақсатты генерал болды [2.71-б.].

2. Парасатты генерал ... ол шын мәнінде парасатты генерал, ақылгөй генерал, әйтеуір бір картотеканы есептейтін емес, нақты есептің генералы болды, ол қатал, әбден ойланып барып шешім жасайтын генерал болды, ол табанды генерал, мақсатты генерал болды [2.72-б.].

Мағыналары жақын сөздерді жазушы сөйлем ішінде тиімді қолдана білген. Мысалы:

- Сіздер театрдан немесе кино экранынан соғыстың көріністерін көріп жүрсіздер, бірақ сіздер оның ішкі мән-мазмұнын кинодан да, театрдан да көре алмайсыздар, себебі көптеген жазушылар мен өнер қызметкерлері соғыс туралы шындықты, ақиқатты терең түсіне алмайды, долбарлап, қиялдан шығарып жазады, мұнысы шындыққа сай келмейді [2.13-б.].

- Материалды үстірт, ат үсті зерттеуден және жеңіл ойлы әдеби әуестенушіліктен бас тарту әлдеқайда саналылық болар еді [2.14-15-б.].

- Батырға сырдың суы сирағынан келмейді, қорқаққа батпақ та кедергі, шалшық та бөгет [2.15-б.].
- Көрген нәрседен бәрі хабардар болуға тиіс: егер жұрт әңгімелерді есітіп хабардар болмаса, онда шындықты шын әңгімеден есітіп білуге тиіс, өйткені халық барлық пайдалы деп тапқан нәрселер ауыздан ауызға беріліп, ұрпақтан ұрпаққа таралып, әділдік іс үшін қанын селдей төккен жүздеген мың адамдардың ерлік ісі жалпының игілігіне айналуға тиіс... [2.16-б.]
- Ұрыс өтірікті, жалған батырлықтың бет пердесін сырып тастайды, екіжүзділік оқтың астында шыдас бермейді [2.27-б.].
- Әскердегі жалған және өтірік теңдік жөніндегі мәселе соғыстан кейін талқыланар – мен бұған сенімдімін [2.34-б.].
- Әскери тәрбиенің негізі – командирдің әміріне міндетті түрде бағынушылықты жете түсіну, ұғыну, қызмет бабы талап ететін әскери өмірге сөзсіз түрде толық мойын ұсынушылыққа қол жеткізу [2.36-б.].
- Тұрмыста салақ, ұқыпсыз адам – әскери қызметте де, жұмыс орнында да салақ, ұқыпсыз келеді. Егер адам сырттай тәртіпсіз, көргенсіз болса, онда ол жұмыста да дәл сондай, егер адам ұқыпты болса, ол онда жұмыста да ұқыпты болғаны [2.37-б.].
- Сенімділік – бұл заттар мен құбылыстар туралы, болып жатқан нәрсе туралы нақты ұғым мен оның зардабы туралы айқын түсінік [2.41-б.].
- Үрей, қорқыныш, зәресі, үрейі ұшу, сасу өзін-өзі сақтау инстинктінің көлеңкелі жақтарынан, бір қалыпты әрі қауіпсіз тіршілікті аңсаудан туады [2.47-б.].
- Оның бұл әрекеті талантты да қабілетті адамдардың еңбек өнімділігін төмендетеді, сөйтіп іс пен жалпы мүддеге орасан зор нұқсан келтіреді. [2.51-б.].

- Ерік – құралдарды іс-әрекетке, қимылға келтіреді [2.58-б.].
 - Командир ессіз батыл да, парасатты батылсыз болмауға тиіс, бір жақтылық – офицердің міні, кемшілігі [2.61-б.].
 - Взводты ұйымдастырудың өзі оңай емес, ал мұндай жоғары тактикалық мақсаты бар жауынгерлік құраманы ұрыс жүргізуге даярлау, әзірлеу кез келген адамның қолынан келе бермейтін шаруа [2.70-71-б.].
 - Біртуар қолбасшы адам болу үшін өжет, батыл, тактика мен әскери стратегияда жаңашыл болу қажет [2.71-б.].
 - Шегінгенде де кейіннен жау шабуылға шыға алмайтындай етіп ептілікпен шегіну қажет, ал бізге дұшпанға қарсы соққы беретін күш болса болғаны [2.73-б.].
 - Ұрыс даласындағы міндетті штаб немесе шешім қабылдаған командирдің ойы тұжырымдалған карта емес, жауынгерлік әзірлік, даярлық шешеді [2.92-б.].
 - Ұрыстың басты да негізгі мақсаты – дұшпанның адам күші мен қару-жарағын жою, құрту [2.95-б.].
 - Төзімді, шыдамды, жинақы, ақыл-парасатпен: білмеушілікті, тәжірибесіздік пен әскери қызметті атқару кезіндегі салдыр-салақтықты айыра біл [2.93-б.]. т.б.
- Жоғарыда берілген сөйлемдерде мәндес сөздер бірде бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарса, бірде түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мағыналары бір-біріне жақын сөздердің қосарлануы арқылы жасалған қос сөздер (айталық, ашу-ыза [2.15-б.], қайғы-қасірет [2.17-б.], қырып-жою [2.21-б.], қауіп-қатер [2.2-б.], күш-қайрат [2.29-б.], ұғым-түсінік [2.38-б.], күш-қуат [2.43-б.], әзіл-қалжың [2.45-б.], күш-жігер [2.47-б.], сый-құрмет [2.52-б.], мән-мағына [2.53-б.], қимыл-әрекет [2.53-б.], үлгі-өнеге [2.64-б.] т.б.), сонымен қатар бір түсінікті толық беру немесе ойға қатысты

қолданған сөзді екінші рет қайталамау мақсатында мәндес сөздерді тиімді қолдану тәсілдері жазушының тіл шеберлігін танытады.

Қос сөздердің бірінші сыңары екіншісінің мағынасына қарама-қарсы, антонимдес келетін қос сөздер де (ақ-қара [2.35-б.], алды-арты [2.40-б.], ауру-сау [2.89-б.] т.б.) баршылық.

Сөз шебері бір сөйлем ішінде мағыналары қарама-қарсы сөздерді айтар ойын дәл, айқын жеткізу үшін ұтымды пайдаланған. Оны мына сөйлемдерден аңғаруға болады:

- Азаматқа өмірден де ар қымбат, өлімнен ұят күшті [2.15-б.].
- Батырға сырдың суы сирағынан келмейді, қорқаққа батпақ та кедергі, шалшық та бөгет [2.15-б.].
- Атқа мініп жүре алмайтынға жуас ат та асау, жебе де қысқа, тартпа да бос, ердің үсті де қолайсыз, тізгін де ұзын көрінеді – барлық сылтауды жайып салады [2.15-б.].
- Соғысуға кедергі келтіретін ұлттық дәстүрлер жоқ, қайта соғысуға көмектесетін ұлттық дәстүрлер бар: ұрлық, опасыздық – бұл ұлттық дәстүрлер емес, ұлттың ішінде көркеуделік [2.16-б.].
- Ұрыста – соғыста – адамға тән барлық: жоғары және төменгі қасиеттер өзі барынша ашылып көрінеді [2.22-б.].
- Батылдық пен қорқақтық – бұл қорқыныштың парызбен күресінің нәтижесі [2.24-б.].
- Қорқынышты:
біріншіден, ішкі мәжбүр ету жолымен,
екіншіден, сыртқы мәжбүр ету жолымен, яғни қоғамдық ықпал ету жолымен жеңуге болады [2.24-б.].
- Мұнысы насихатының түрі, осылайша суретшілер одағы жауға деген өшпенділікті тәрбиелеу жұмысына көмектеспек болады, бірақ шын мәнінде суретшілер одағының мұндай әрекетінің пайдасынан зияны көп,

осындай жүгенсіздігімен ол тек жас жауынгерді шошыта түседі [2.40-б.].

- Егер билік ақылды адамның қолына берілген болса – онда ақылды басшыға, ал егер ақымаққа берілген болса, онда есерсоққа айналады [2.62-б.].

- Шындық пен өтірік ежелден бері өмір сүріп келеді. Шындықты, өтірікті тықпаламай айта білген жөн [2.77-б.].

- Біз ұрыс жағдайының дұрыс немесе теріс екендігін өз қанымызды төгіп дәлелдейміз [2.118-б.]. т.б.

Ол мағыналары қарама-қарсы сөздерді болымсыздық мағынаны білдіретін қосымшалар арқылы да жасаған. Мысалы:

- Әсер – адамның психикасын қоздыратын немесе басатын жағымды немесе жағымсыз түйсік сезім [2.43-б.].

- Командир ессіз батыл да, парасатты батылсыз болмауға тиіс, бір жақтылық – офицердің міні, кемшілігі [2.61-б.] т.б.

Болымсыздық мағынаны білдіретін қосымшалар арқылы жасалған сөздер антоним сөздер бола алмайды [4.26-б.].

Сөз зергерінің тілінде -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған адам сезіміне, қасиеттеріне байланысты атаулар мен абстрактілі атаулар жиі кездеседі. Белгілі сөздерге, ұғымдарға түсінік беруде, осы жұрнақтардан жасалған сөздерді, тіпті туынды сөздердің қарама-қарсы мағынасы мен мәндес мағынасын да (батырлық, қаһармандық, опасыздық, ұждансыздық, ерлік, қорқақтық, екіжүзділік, табандылық, қауіптілік, нақтылық, мәдениеттілік, жақсылық, ұқыптылық, жинақылық, тиянақтылық, парасаттылық, сенімділік, кішіпейілділік т.б.) тиімді қолданған. Ар ұғымына байланысты жақсылық, зұлымдық, шындық, жалғандық, әділдік, әділетсіздік деген туынды сөздер кездеседі [2.44-б.]. Бұл – есімдерден зат есім тудыратын -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік өнімді

журнақтардың синтагматикалық байланысының кеңдігі. А.Б.Салқынбай өзінің еңбегінде синтагматикалық байланыс тілдік құрылымды жүйелеп, сөздердің, морфемалардың бір-бірімен семантикалық, синтаксистік, стилистикалық байланысын құрылымдық не тұлғалық заңдылықтар негізінде реттеп отыратынын айта келе, тілдік бірліктердің бір-бірімен байланысуы үшін: «...алдымен, олардың ішкі семантикалық құрылымы мәндес, ыңғайлас болуы шарт. Екіншіден, олардың тұлғалық жағы сингармонизм заңына лайықталып, позициялық бағыныштылықта болуы шарт. Үшіншіден, стилистикалық жағынан жатық, «сылдырлап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай» болып, келісті келуі шарт» [5.245-б.] деп үш шартын көрсетеді.

Жазушы тәрбие сөзіне байланысты әскери тәрбие, ата-ана тәрбиесі, мектеп тәрбиесі (қоғамдық-жастар тәрбиесі) деген сөз тіркестеріне өзіндік анықтамасын береді: «Әскери тәрбие проблемасы – бұл жөргекте жатқан кезден бастап, найзаласқан қоян-қолтық айқасқа дейінгі аралықта жүргізіле беретін тәрбие проблемасы болып табылады. Ата-ана тәрбиесі – мектеп жасына дейінгі тәрбиенің ең басты сатысына, кезеңіне саяды. Мектеп тәрбиесі, қоғамдық-жастар тәрбиесі – адамның қалыптасуындағы ең басты кезең. Адам қоғамдық тәрбиеге ақтық демі біткенше мұқтаж болады, қажет етеді. Ересек адамға тәрбие беруді жалғастырудың қажеті жоқ деушілік мүлдем қате» [2.32-б.].

Қазақ әдебиетінде орны ерекше қаламгер сөздер мен сөз тіркестерін ұтымды қолдану арқылы айтар ойын шебер жеткізген, сөздің мағыналық қуатын арттырған. Оның ойға қажетті сөздері жарасымды бірлік тапқан.

Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, көрнекті қаламгер. Салт-дәстүрімізді, ата-бабаларымыздың ерлік-батырлық істерін дәріптеген, даналық сөздерін үлгі-өнеге еткен сөз шеберінің шығармалары – асыл қазына.

Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998
2. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2002
3. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998
4. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: Қайнар, 1993
5. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 1999
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1975
7. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1984.

МАСТЕР СЛОВА

В статье рассматривается красноречие писателя, великого полководца Б.Момышұлы.

Ключевые слова: синоним, антоним, словосочетание, писатель, парные слова, значения слов.

THE MASTER OF THE WORD

The article considers the eloquence of the writer and of the great military leader B.Momyshuly.

Key words: synonym, antonym, word combination, writer, the meaning of the words.

Р.ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

АҚЫНДЫҚ ӨНЕРДІҢ АЙШУАҚ ӘЛЕМІ

(Ақын Күләш Ахметованың шығармашылығы хақында)

Күләш Ахметованың ақындық өнері тақырыптық һәм жанрлық ерекшелігі мәнді, тілдік-стильдік құбылыстары нәрлі, айбыны зор, айдыны кең, тұғыры биік, тағылымы мол парасатты поэзияның үздік үлгісі.

Өлеңді өнер, өмір мұраты, жан-жүрек сәулесі санаған – Күләш Ахметова туралы жазушы Ә.Кекілбаев былай деп жазған-ды: «Ақын деген бақытты халық. Тәңірдің өзімен жарысып, әлемді қайта жаратады. Тәңірден де асырып, жамандықты білмейтін, тек жақсылықтан ғана тұратын жарастықты әлем жаратуға тырысады. Өлеңінде тірілген сондай ізгілік әлеміне өзі ғана ілігіп қоймай, өзгелерді де еліктіреді. Өлеңіндегі өмірдегідей әділетті, пәктілікті, адалдықты, рахымдылық пен мейірбандықты аңсатады. Оны аңсайтын адам өзі зұлым, нәмәрт, пасық бола алмайды. Сөйтіп, табиғат жаратқан, әлеумет жаратқан әлемге шын ақын, шын өлең мысқылдап болса да, жақсылық дарытып, жайдарыландыра түседі.

Күләш-сондай ақын. Күләштің қаламынан тек сондай ғана өлең туады. Оның өзінің де өңінде ылғи күлкі, көзінде нұр тұратыны сияқты өлеңі де ылғи шуақты, мейірбан, биязы...»(Кітапта: Ахметова К. Күн шыққанда күліп оян. Алғы сөз.- Алматы: Ана тілі, 1996. - 5-8 беттер).

К.Ахметованың оннан астам жыр жинақтары бар: «Ақ гүлім менің» (1975), «Сен менің бақытымсың» (1977), «Жапырақ - жаздың жүрегі» (1979), «Мейірім» (1981),

«Бұлақтағы жұлдыздар» (1982), «Жасыл жағалау» (1984), «Ләйлектер қайтіп келгенде» (1985), «Арғымақтар даласы» (1987), «Наурыз нұры» (1991), «Күн шыққанда күліп оян» (1996), «Өкініш әні» (орыс тілінде). – М., 1997. т.т.

Ақынға – «Сен менің бақытымсың» өлеңдер жинағы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығы берілді (1978 ж.).

Бұдан басқа, әрине ақын: «Өлеңдері түркі халықтарының тілдеріне аударылған, мектеп оқулықтарына енген. Тәуелсіздіктің онжылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйрасының Бас жұлдегері...» (Қазақстан Жазушылары ХХ ғасыр.-А: Ана тілі, 2004.-37 бет.).

Ақын шығармашылығына ден қойсақ, ұлт мұратына, сөз өнеріне адалдық танытқан. Қоғам дамуын, өмір ағысын, уақыт тынысын ерте сезінген. Ой мен сөзге мән берген. Сыр мен сезімнен тұтастық іздеген. Өмірге құштар, өнерге ғашық, өлеңге шын берілген - К.Ахметованың қалам қуатынан, қолтаңба мәнері мен көзқарас эволюциясынан - адалдық пен ақиқат жайттар, көркемдік пен тереңдік, игілік пен ізгілік сынды белгі-ерекшеліктер терең танылады. Ақиқатында, ақын политрасы кең: ауыл мен астана арасы, қоғам мен адам арақатынасы, өмір мен уақыт шындықтары, елдік пен батырлық болмыс, ақыл-парасат сәулесі, жүрек-көңіл шуағы, игілік пен ізгілік нұры, мәрттік пен мейірім мұраты, достық пен жастық сырлары, тұрмыс пен қылмыс құпиясы, т.т. ақиқат жайттар, шынайы шындықтар сенімді де серпінді жеткізіледі. Мәселен, «Мен туған үй» өлеңінде:

Біздің үйден жұрт жаңалық табатын,
Әкем елге хабар беріп жаңа тым.
Әңгіме айтып отыратын, түзетіп
Москваның уақытымен сағатын...
Түрлі достар үйімізде бар біздің,
Тоғысатын шоғырындай жұлдыздың.
Балалайка тартып анам, ал әкем
Әнін салып отыратын қырғыздың, –

деп балалық балдәуренін сағынышпен еске алу арқылы алтын тамыр – ауылға, кеше-бүгінге барлау-байлам жасайды. Әке-шеше мейірімі, тәлім-тірбиесі, үлгі-өнегесі еске алынады Ал, «Жазылған жырларда»:

Жазылған жырлар! Жанымның құйттай құстары,
Жайлап жүрсіндер тірліктің қайсы тұстарын?
Сендерді көріп сүйсініп жүрме достарым,
Таңырқап жүр ме, табалап жүр ме дұшпаным?

Қона алдыңдар ма махабаттардың бағына,
Төге алдыңдар ма сағыныш толы лағыл ән?
Жанымның даусы сендерге еді аманат,
Жеткізе алмасаңдар не ғылам?

деп өлең-өнер құдіретімен - Адамға, еңбекке құрмет етеді, өмірге құштарлығын, өлеңмен етене, егіз екенін айқын аңғартады. Ақын әлемі мен мұраты – құс бейнесі, әрекеті арқылы беріліп, нәзік те сырлы сипаттарына ден қойылады. Жыр-құстың - адамға әсері, рухани нәрі де негізгі назарда болады. Ақын сол арқылы өлең-өнерімен, жүрек сәулесімен сырласады. Өлең мұратына, өміршеңдігіне баса көңіл бөледі. Өнер мұраты, өлеңдегі өмір өзіндік өрнек, өзгешеліктерімен серпінді де сенімді суреттелінеді.

Ақын К.Ахметова поэзиясы туралы абыз ақын Ә.Тәжібаев: «Ол - ақын!» деп бір ауыз сөзбен әсерін де, сенімін де қатар жеткізсе, ақын Ж.Қыдыров: «Күләштің лирикалық кейіпкері - өжет, күрескер және көкірегі шұғылалы арманшыл жан», - деп өлең өлкесіндегі қолтаңбасы мен көзқарасын, ізденіс арналары мен өзіндік өзгешелігін жоғары бағалайды (Қыдыров Ж. Сыр мен сымбат.-«Қазақ әдебиеті», 1978, 17 ақпан).

Осындай ойлы, ұнамды пікірлердің бір сарасын ақын С.Тұрғынбекұлы былайша білдіреді: «... Күләш өлеңдері Еліне, халқына, жұртына қызмет етіп, адал ниетте әр адамның жүрегінде жұлдыздай жанып жарық нұрын шашыратып тұр. Өйткені, ол- Жыр Күләші ғой!»

(Тұрғынбекұлы С. Жыр Күләші.-«Қазақ әдебиеті», 1996, 7 мамыр).

Ақын К.Ахметованың алғашқы өлеңдерінде («Атамекен», «Ақпан айы», «Жол», «Қысқы бақта», «Оқырманмен әңгіме», «Көктем де келді», «Ыстық жаз», «Танертен», «Түнде» т.т.) ізденіс іздері, адам мен оның еңбегіне құрмет, өмірге құштарлық, игілік пен ізгілік мұраттары, жыл мезгілдері мен табиғат тамашалары т.т. кең орын алған. Адам мұраты, өмір сыры, уақыт бедері айқын. Бастысы, өлеңге-өнер ретінде қарағаны анық.

Ақынның өлең мұрасына байыппен назар аударар болсақ, халық перзенті, елден үлкен еместігі, оқырманмен бірге екендігі көрінеді. Бұл бағыттағы ізденіс іздері, көркемдік мұраттары, негізгі ұстанымы- «Кездесу» деген өлеңінде:

Маған жат, өзге сезім, өзге есебің,
Ұйыған кездерінді сөзге сенің.
Көзіммен көру үшін қуанышпен,
Оқушым, өздеріңмен кездесемін.

Қажет-ақ махабатың бізге сенің,
Табады ізгілікті іздесе кім.
Шашуға інжуімді ішімдегі,
Оқушым, өздеріңмен кездесемін,-

деп туған халқы алдында ағынан жарылып, қалың оқырманға бүкпесіз сыр ашады. Елдің иесін, өнердің киесін басты мұрат етіп, өлеңге, ондағы ой мен сөзге айрықша маңыз, мән береді. Нәтижесінде, оқырманмен кездесе отырып, ортақ мұрат хақында ой толғайды. Өлеңге өнер ретінде қарап, сол арқылы қоғамға, адамға, өмір-уақытқа көзқарасын айқын білдіреді.

Сондай-ақ, «Халық» өлеңінде:
Ортасында болуға жалықпап ем,
Жалғыз қалсам, жан орта, шабытта кем,
Қандай қызмет жасадым, хан көтеріп,
Маған сонша дем берген, халыққа мен!

Мейіріңе қалай мен тоя аламын
Сол емес пе, аяулым сая бағым!
Халқым аман болсын деп көз ілемін
Халқым аман болсын деп оянамын, -
деп туған халқының алдындағы перзенттік парыз-
қарызын, ақындық мұрат-тұғырын, ең негізгісі адам ретіндегі
көңілін емен-жарқын білдіреді.

К.Ахметова поэзиясында ізденістер өте мол. Ақынның өмір, уақытқа қатысты көзқарастары («Өмір деген бояу», «Өмір өзі», «Сәттілік», «Сезім бар менде»), жастық, достық сырлары («Жас күніммен сырласу», «Аппақ гүлдер», «Махаббаттың аты көп», «Менің соңғы махаббатым», «Шын сағыныш бар»), жыл мезгілдері мен табиғат әлемі («Қысқы бақта», «Бұлбұлмен бірге оянған», «Өрік ерте гүлдейді», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Ыстық жаз», «Таңертең», «Күн бұлыңғыр», «Түнде») т.т. ізденіс іздері, көзқарас мұраттары, көркемдік көкжиегі, шындық пен шеберлік сынды сипаттар молынан ұшырасады. Ақын ізденісі мен көзқарастарында бірлік, байланыс бар. Қайсыбір құбылыс, көріністер жанды, бейнелі беріледі. Сөзбен саланған сурет, өрнектерде өмір бедерлері, уақыт тынысы сезіледі. Ең бастысы, адам әлемі, оның өмірі мен еңбегі - шындық жайттарды арқау етеді, адалдық пен әділеттілік салтанат құрады. Өмір мұраты-адалдық пен ақиқаттан, қарапайымдылықтан тұрады.

К.Ахметованың «Сен менің бақытымсың» (1977) атты өлеңдер кітабы - Отан, ел мен жер, адамдық іс пен адамгершілік иірімдері, жастық пен достық, махаббат туралы ізденіс іздерінен, сыр мен сезімнен, жан-жүрек жылуынан, ойлар мен толғаныстардан тұрады (Алматы: Жалын, 1977.- 80 бет).

Ақынның екі бөлімнен тұратын жыр жинағы («Көктемге ғашық жүреппен», «Көк көйлекті қыздың әні») тақырыптық тұрғыдан алғанда ұлттық-тарихи тағылымдарымен («Атамекен», «Домбырадағы жазу», «Ұлбикеннің соңғы

монологы»), елдік пен ерлік сипаттарымен («Сурет», «Тас», «Нәзіктік пен ерлік жыры», «Жаңылмауым керек»), жастық пен достық дастандарымен («Мен сені жиі ойлаймын», «Менің махаббатым», «Саған сенем», «Сенің даусың») жігі ден қойғызып, назар аудартары анық.

Жыр жинағының атымен аталатын - «Сен менің – бақытымсың» атты өлең ақынның мақсат-мұратын, жастық кезеңін, қимас та қызық сәттерін, кішілігі мен кеңдігін, достық пен ғашықтық ғаламаттарын кемел де көркемдік ойларымен, жан-сезім тебіреністерімен, көңіл толқындарымен, парық пен парасатты нақты салыстыруларымен маңызды мәнге ие болады.

Өлеңнің алғашқы шумағы:

Аяулы шағым - жастығым! Жартасқа шыққан ақ гүлім.
Байлауға келмес тасқыным, Басылмай жүрген аптығым,-

деп адам әлемінің балалық балдәуренін, алансыз да сәулелі сәттерін көркемдік келісімдер арқылы суреттесе, келесі кезекте - «Жастықтың оты жалындап», «Ғашықтың тілі - тілсіз тіл» (Абай) екенін, оған ақыл-парасат, білім-білік, жүрек таразы болатынын нанымды, әсерлі жеткізеді. Еске түсірсек, өлеңдер кітабындағы ортақ тақырыппен берілген — «Диалогтар» атты туынды бірнеше бөліктерден тұрады («Уақыт пен жастық жыры», «Бақыт жайлы», «Әке сөзі», «Ақын мен жердің әңгімесі», «Достық жыры», «Уәзірі мен өлім алдындағы патшаның әңгімесі»).

Ақын бұл топтама өлеңдерінде, анық айтқанда уақытпен сырласады:

- қоғамдық құбылыстарға, кезең кестелеріне көзқарас білдіреді;
- адам мен оның өмірі, еңбегі хақында кемел ой қозғайды;
- өмір мұраты, рухани құндылықтар туралы сырлы сұхбат құрады;
- ел мен жер, елдік пен ерлікке зор маңыз беріледі.

Қоғам шындығы, тарих таңбасы, уақыт бедері айқын. Қолтаңба мен көзқарастан – тақырып әралуандылығы, өмір мұраты мен ізгілік иірімдері терең таңылады.

Жыр жинағына енген - «Ұлбикенің соңғы монологы» тарихи-әдеби сипаты мол, танымдық-тағылымдық қырлары көп сирек өлеңдер қатарына жатады. Өмірден алынған, өнерде кездесегін жайттар ізденіс іздері, көзқарас мұраты, көркемдік иірімдері негізінде кең өрісті арна алады.

Ақын ақын туралы бар шындықты жайып салады: қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға ден қояды, өмір сыры мен уақыт тынысына мән береді. Осының негізінде адамға қол көтеру, кедергі-қиянат жасау, талантқа көлеңке түсіру - Адамға, адамзатқа сенімсіздік, намыссыздық пен парықсыздық екенін алуан салыстыру, дерек көздері арқылы көркемдікпен, шеберлік пен шешендік негізінде ойлы өрнекпен нанымды, әсерлі жеткізеді.

Өмірде игілікті істер, ізгілікті жәйттар өте мол. Өмірдің мәнді де, нәрлі тұстары - «Атамекен», «Жол», «Көпір», «Тас» сынды өлеңдерден кең орын алған. Уақыт бедері айқын. Айталық, «Атамекен» өлеңінде:

Сүйіктіңнің жүретін кіл есінде, Кір түсірме ел деген ұлы есімге. Атамекен - бақыты бабалардың Жеңіп алған сан ғасыр күресінде. Күндерімен, түнімен, гүлдерімен Өзіндікі ол сенің, білесің бе?..

Немесе:

Осынау паң даланың

Тыңдамасам ғажайып таңдағы әнін.

Тіршіліктен ләззат алмағаным.

Далам менің - бақытым, жарылқаушым,

Далам менің - өлеңім, таңдамалым! («Жол»)

деген жыр жолдарынан - Отан-ана мұраты, ел-жер тағдыры, адам өмірі мен еңбегі, оған құрмет, тағзым терең танылады. Әсіресе, өлеңдегі:

Далам менің – бақытым жарылқаушым,

Далам менің - өлеңім, таңдамалым! – сынды жолдар ұлт тарихы мен тағдырын, өмір мен өнер туыстығын, дала – құдіреті мен қасиетін барынша биіктетіп, асқақтата түседі. Ел-жер рухы мәнді сипат алады.

Ақын өлеңдерінің басым бөлігін - жастық шақ, достық бекеті, махаббат ғаламаттары құрайды. Өзіндік белгі. ерекшеліктері жіті танылады.

«Менің махаббатым» өлеңінде:

Тек қана махаббатыммен байланысты: Көргенім, көрмегенім, іздегенім. Жүргенім, жүрмегенім, жүздегенім. Жүректен жырып шыққан ізгі өлеңім. Ең әсем сезімдерім сізге менің - Мәңгілік үмітімді үзбегенім. Жырыммен алдыңызға жүз келемін, Осылай ауырамыз біз дегенің...

Сағынам қаптаса да шық самайды,

Махаббат құдіреті - ықса қайғы.

Кейбіреу өзін-өзі нық санайды.

Жүреді көрмеген боп шықса да Айды.

Менің мұңым, ашуым, сағынышым,

Ешқашан да оларға ұқсамайды.

Бермеймін ешбір жанға жай намысты

Алдымнан ерке музам жайлап ұшты!

Менің бар айтқаным мен айтатыным,

Тек қана махаббатыммен байланысты.

Бұдан, әрине К.Ахметова өлең өлкесіне ақиқат пен адалдықты, жастық пен достықты, махаббатты ту етіп көтереді. Дәуір дидарына қатысты көзқарастарын айқын айтты. Өмірді, еңбекті жырлады. Адам мен оның еңбегін, оған деген құрмет пен тағзымды назардан тыс қалдырмады. Тақырыпқа адалдық, ар мен жүрекке сенім мәні жоғары.

Бұл - К.Ахметованың өлеңдегі өрнегі, өмірдегі мұраты.

Бұл - ақынның көркемдік әлеміндегі үздік үлгісі, дәстүрлі үрдісі. Бұл - адалдықтың, махаббатқа тұрақтылықтың, сезім мен сырға беріктіктің биік үлгісі, ізгілік иірімдерінің нәрлі мәні, өрнекті өнегесі.

Бұл - жастық салтанатының, достық дастанының көркем шежіресі.

Бұл - мейірім шуағы, сезім сәулесі, мөлдір махаббат тағылымы.

К.Ахметованың «Бұлақтағы жұлдыздар» атты өлеңдер мен поэмасы енген жыр жинағы - ізденіс іздері мол, тақырыбы мен мазмұны бай, көркемдік-рухани әсері жоғары, қолтаңба мен көзқарасы, таным-түсінігі айқын, суреттеу амал-тәсілдері, шеберлігі мен шешендігі өз ара үйлесім-тұтастық тапқан тағылымды туынды (Алматы: Жазушы, 1982.-112 бет).

Жыр жинағы бес бөлімнен тұрады. Алғашқы төрт бөлім – адалдық пен әділеттілік, адамгершілік құндылықтардан, игілік пен ізгілік іздерінен, жастық пен достық сырларынан, еңбек мерейі мен табиғат тамашаларынан тұрса, соңғы бөлімге - «Болашақ үшін» деген халық батыры Б.Момышұлының адами құндылықтарына арналған поэма енген.

Жинақта табиғат лирикасын кеңінен көрсететін өлең, жырларға кең орын берілген. Олардың арасында, атап айтқанда- «Қар жауып тұр қалада», «Қысқы бақта», «Шағанның жағасында», «Бұлбұлмен бірге ояңған», «Өрік ерте гүлдейді», «Көктем де келді», «Аппақ гүлдер», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Қайнаған күн», «Ыстық жаз», «Қызыл алма», «Күн бұлыңғыр», «Түнде үрейлі», «Өмір деген бояу» сынды өлең өрімдері табиғат тамашалары мен ғажайыптарын, жыл мезгілдерінің өзіндік ерекшеліктерін адам әлемімен, еңбек мерейімен, уақыт тынысымен өз ара сәйкестікте суреттейді. Ортақ тұстары, өзгешеліктері тартымды жырланады.

Кітаптағы «Бұлақтағы жұлдыздар» өлеңі адам мен табиғат ара қатынасын, аспан асты, жер үсті көріністерін, күн мен түн байланысын, жұлдыздар сырын көңіл толқыны, жан-сезім тербелістері негізінде нанымды жеткізеді. Адам

мен табиғат қатнасы айқын. Қоршаған орта көріністері мәнді. Жұлдыздар шоғыры мен бұлақ қайнарындағы сезім сыры сенімді:

Тыныштықта тұнжырап тұрды ізгі аймақ,
Сұлу сурет мойныңды бұрғызбайды-ақ.
Көздің жауын алады жарқ-жұрқ етіп,
Жұмбақ толқын ішінде жұлдыз қайнап.
Жұлдыздардың тамаша сол шақта әні,
Қайнар көзін алады қоршап бәрі.
Бір сұлу қыз бұлаққа қарап тұрып,
Үзіп алған сияқты моншақтарын.

Жинақтағы «Қызыл алма», «Өмір деген бояу екен әр түрлі», «Сәттілік, қандай өткінші ең», «Шабыт», «Несіне өмір сүреміз» сынды өлеңдер адам әлемінің қыр-сырын, көңіл әуендерін, тіршілік түйіткілдерін т.т. кеңінен толғап, сырлы да серпінді жеткізеді. Айталық, «Қызыл алма» өлеңінде адам мен табиғат, жыл мезгілдері мен уақыт тынысы терең көрінеді:

... Ай осылай дөңгеленер толғанда,
Күн қызарар батар кезі болғанда.
Жаз қызуын, ай кескінін алған соң,
Тәтті болмай, не болады сол алма?!

Күн жып-жылы. Бәйтеректер тік те ұзын, Өткен уақыт түсірмепті тіпті зіл. Сап-сары бақ. Көгілдір тау. Көк аспан. Соңғы алма мен еңкейген күн қып-қызыл!

К.Ахметованың «Күн шыққанда күліп оян» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы адам әлемін, адамгершілік қасиеттерді, имандылық иірімдерін, ізгілік пен сұлулық сырларын кең көлемде жырлайды (А: Ана тілі, 1996.-302 бет).

Өлеңдер кітабына енген - «Ауылды аңсағанда», «Мен туған үй», «Уақыт пен жастық жыры», «Сөнбеңдер, жарық шамдарым», «Күн шыққанда күліп оян», «Мәншүк жайлы жыр», «Адамдардың бәрін де сүйіп өтем», «Ана тілім», «Сағыныш туралы жыр», «Жасыл жағалау», «Айша бибі»,

«Мәдидің монологы», «Сұлу дүние», «Сарыағаш саздары» сынды жыр-әлемінің табиғатынан атамекен орны, жастық-достық дастаны, адам қайраты мен еңбегі, елдік пен ерлік сипаты, тіл тұғыры, т.т. жан-сезім иірімдерімен жүйелі жеткізіледі. Ақындық өнер, терең толғам мен тебіреністер мәнді беріледі.

Кітаптағы- «Таразға тағзым», «Алматы», «Наурыз тойы», «Мұқағали мұзарты», «Саңырық батыр», «Ант», «Теңдік үшін мұхитқа қайық салдық», «Ғасыр қасіреті» т.т. өлең-жырлардан тарих пен таным, елдік пен ерлік, адам мен оның тағдыры, қоғам мен табиғат қарым-қатынастары, т.т. әр алуан қырынан көрсетіледі. Уақыт бедері, сыр-сипаттары кең өріс алады.

Жалпы алғанда, К.Ахметова поэзиясы – адам әлемін, өмір мұратын, еңбек тынысын, жастық-достық сырларын шексіз құрметтеуден, соған деген құштарлық пен сүйіспеншіліктен тұрады. Ақын қайсібір мәселе, тақырыптар төңірегінде ой толғап, оны өлең-жырға негіз етсе де, басты мұраты мен негізгі нысанасы – адалдыққа табан тіреу, ақиқат биігінде болу, көркемдікке ден қою, шындықты шырақ ету, сыр-сезімді еркін жеткізу болып табылады.

Ақын поэзиясындағы басты тақырып пен ерекшеліктердің бірі – қоғам, кезең көріністерін еркін де көркем жырлайды. Тарих пен танымды, тұлға мен оның тағдырын дәлелді дәлдікпен келісті өрнектейді. Ұлт пен ұрпақ қамын, отан мен отбасы жәйін, тәлім-тәрбие ісін сенімді, серпінді суреттейді.

Ең негізгісі, әрине қайсібір тақырып, мәселелер ұлттық мұрат биігінен сөз болып, оны жан-жүректен, таза көңілмен, мейірім шуағымен, сәулелі сәттермен жүйелі жеткізеді. Ақындық мұрат пен өнер тұғыры да осы.

Тілдік қарым-қатынас қырлары

Ұ. ТАЙЖАНОВ,
Құдыс Қожамияров
атындағы орта мектеп.
Алматы облысы,
Жамбыл ауданы

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ – ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕҢГЕРУ ТҰҒЫРЫ

Орыс тілді сыныпта қазақ тілінде қарым-қатынас жасау дағдылырына жаттықтыруды ұйымдастыру мұғалімнен көптеген дайындықты қажет етеді. Сабақ үстіндегі қарым-қатынас оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүреді. Оқушы өзінің ой-сезімін тіл арқылы жеткізуге тырысады. Бұл оның толық тұлға мәртебесін иелену үшін де өзектілікті. «Адамның толық адам аталуы тіл арқасында» – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, тіл арқылы оқушы өзінің қарым-қатынастық қажеттіліктерін өтей алады.

Шәкірттердің қазақ тілі арқылы өзара қарым-қатынасқа түсуін олардың мемлекеттік тілге деген құрметінің көрсеткіші десе де болады. Қазақ тілінің ұйыстырушы қасиетін оқушы осы мектеп қабырғасында бойына сіңіреді. Қазақ тілі арқылы балаларда бірлік, татулық, сыйластық, адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

Оқушының жан дүниесінің, ақыл-ойының, мінез-құлқының даму заңдылықтарын тілден бөліп қарай алмаймыз. Сөйлеу немесе сөз – баланың оқу әрекетінің аса маңызды басты құралы. Сөйлеу тілі оқушы үшін өмірлік қажеттілігі зор қызмет атқарады, яғни қарым-қатынас мәдениетіне баулиды. Бұл орайда қазақ тілінің рухани-адамгершілік қуаттылығын мұғалімнің пайдалану шеберлігі үлкен рөл атқарады. Сондықтан да мұғалім қарым-қатынас

мәдениетінің кейбір қағидаларын қазақ тілін оқушыларға меңгерту үрдісінде есте ұстауы шарт. Олар:

* Сабақта оқушымен нашар көңіл-күйде тілдесуден сақтану. Мұнда міндетті түрде көтеріңкі, шаттықты, әсерлі көңіл-күй мен тұрақтылық берік орын алуы керек. Қарым-қатынас көңілсіз болса, оқушылардың қазақ тілін үйренуге деген ықыласы күрт төмендейді.

* Қарым-қатынас кезінде мұғалімнің бала әлеміне еніп, бала тілінде сөйлеуі шарт.

* Оқушының үнемі өз бетінше тілдік еркін қатынас құруына оң жағдаяттар ұйымдастыру – тиімді.

Бұл шарттар сабақтағы қарым-қатынас мәдениеті тіл үйренудің тұғыры деген тұжырым жасауға негіз береді. Қарым-қатынас мәдениеті тілдесу белсенділігінің артуына қолайлы жағдай туғызады.

Бала ағзасы мен психикасы – біртұтас. Оқушы тәнімен де, жанымен де өзіне айналадағылардың жақсы қарым-қатынасын қажетсінеді. Сондықтан қазақ тілі сабағы оқушының өз айналасын жақсы көру қажеттілігін қанағаттандыратын орта болуы тиіс. Сыныптағы қарым-қатынасты мұғалімнің дұрыс ұйымдастыруы – шығармашылық жұмыс, ол өте күрделі әрі құбылмалы. Ол – үнемі баланың өзіне деген өзгелердің оң көзқарасын сезінуін туындататын әрекет. В.А.Сухомлинский «рухани қажеттіліктерді сезіну қабілетін тәрбиедегі қуатты күш» деп түсіндіреді. Сөз жоқ, бұл тіл үйренуде де сондай маңызға ие.

Оқу әрекетіндегі тең субъектілер болып саналатын мұғалім мен оқушылар арасында дербестік, өзара сенім мен құрмет орнату – сабақтың алғышарты. Бұлар тұлға дамыту жолымен тіл үйрету мүддесіне бағытталады, ол арқылы тіл үйренуге деген ықылас артады.

Мұғалім, әрине, осы сабақ үстіндегі субъект-субъект қарым-қатынас мәдениетінің қыр-сырларын жете біліп,,

жүзеге асыруға тырысады. Дей тұрғанмен де іс жүзінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға кедергі болатын жайлар да кездесіп жатады. Оларды индифферентті, авторитарлы, агрессивтік (А.Е.Личко бойынша) деп қарастыруға болады:

- Сабақта оқушыға, оның сезімі, көңіл-күйіне немқұрайлылық деңгейдегі қарым-қатынас (индифферентті);
- Сабақта мұғалімнің үнемі беделмен ықтыру қарым-қатынасы (авторитарлы),
- Шамадан тыс қысым көрсету, үстемдік қарым-қатынасы (агрессивтік).

Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасында бұл келенсіздіктерді мүмкіндігінше болдырмауы керек. Сабақты әр бала үшін шаттық деңгейден түсірмей жүргізу дұрыс болмақ. Ал оны қазақ тілінің рухани-адамгершіліктік қуатын орынды қолдана білу арқылы жүзеге асыру көзделеді.

Тіл – мәдениеттің бастау көзі. Қарым-қатынас мәдениеті әдеп сақтауға негізделеді. Әдеп – адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайы болу, бір-бірін құрмет тұту, оқыс қылықтардан аулақ болу деген сөз. Осы аталған әдептілік белгілеріне негізделген тілдік қатынас – тілді сапалы меңгеруге көмектеседі. Сабақтағы қарым-қатынас мәдениеті бұл – тұлға дамыту қажеттіліктері негізінде туындайтын, әр оқушының және мұғалімнің білім, тәрбие деңгейі мен тәртіптілік мәдениетін көрсететін педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі. Балалардың тіл үйренуін осы негізде жүргізілуін С.Л.Рубинштейн қарастырып: «Әр адамның жан дүниесі мен жүрегі өзгелерге деген қарым-қатынасынан құралады, олармен тілдесіп, пікір алысуынан тұрады,» – деген тұжырымға келген. Баланың жеке тұлғалық қалыптасу үдерісіндегі ойлауы мен сөйлеуі қарым-қатынас барысында вербальды түрде жүзеге асатынын А.Н.Леонтьев те айтқан.

Бүгінгі таңдағы жетекші оқыту технологиясы болып

табылатын топтық оқу үрдісі сабақта қарым-қатынас мәдениетін оң психологиялық ахуалды орнатуды талап етеді. Өзара құрметке құрылған қарым-қатынас негізіндегі топтық жұмыс арқылы оқушылардың қазақ тілін үйренуі шығармашылық деңгейде жүреді. Топтық оқуда оқу табиғи-әлеуметтік сипат алады, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы қазақ тілін жеңіл үйренеді, одан әрі меңгере түседі. Топтық жұмыста сыни ойлау технологиясы қолданданылады. Мұнда тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым және тілдесім оқу әрекеттері кешенді түрде жүзеге асады. Нәтижесінде оқушылар қазақ тілінде өз ойларын ашық айта білуге, пікір білдіруге, пікір таластыруға, жолдастарының ойын тыңдау мәдениетіне, жауаптарын бағалай білуге, сөйтіп тіл үйренуде сапа мен белсенділікке қол жеткізетін болады. Бұл айтылғандардың бәрі сабаққа қатысушылардың оң қарым-қатынасына, өзара сыйластықтарына, ұйымшылдықтарына негізделеді.

Әдебиеттер

1 Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. – Өскемен, 2005.

2 Беспалева А. Топтық жұмыс арқылы оқушылардың шығармашылықтарын арттыру. //Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. № 11. 2015.

3 Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. Оқу құралы. 2007, т.б.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Қ.ЖҮСІПОВА,

Ә.Науаи атындағы №13 мектеп-гимназия.

Түркістан қаласы

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ. «ҚАШЫҚТАСЫҢ, ТУҒАН ЖЕР»

Оқу мақсаты	Оқушыларға Әбу Насыр әл Фарабидің өмірі мен шығармашылығын, берілген өлеңнің негізгі идеясын ашып түсіндіру.		
Табыс өлшемдері			
Барлық оқушылар	Көпшілік оқушылар		Жекелеген оқушылар
Әбу Насыр әл-Фараби туралы біледі	Әбу Насыр әл Фараби өмірі мен шығармашылығы жайлы біледі.		Әбу Насыр әл-Фараби өмірін, шығармашылығын өздері зерттеп, пікірлерін айтады
Кезеңдер Уақыт	Мұғалім не істейді?	Оқушылар не істейді?	Ресурстар
Ұйымдастыру 3 мин.	Сәлемдеседі. Оқушыларды түгелдейді. Оқушылардың назарын сабаққа аудару мақсатында ойын жүргізеді. Мозаика әдісі бойынша топқа бөледі.	Оқушылар назарларын сабаққа аударарды. Топқа бөлінеді.	Қазақ әдебиеті оқулық
Үй тапсырмасы 3 мин.	Әбу Насыр Әл-Фараби туралы жан-жақты ізденіп оқып келу Оқушылар электронды оқулықтан Әбу Насыр Әл Фараби туралы мағлұмат тыңдайды. Оны толықтыру мақсатында филолог ғалымдар, тарихшылар, философтар және музыка зерттеушілеріне сөз береді.	Оқушылар электронды оқулықтан Әбу Насыр Әл Фараби туралы мағлұмат тыңдайды. филолог ғалымдар, тарихшылар, философтар және музыка зерттеушілері толықтырады.	

Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІНЕН ҮЗІНДІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға мәтіннің мазмұнын баяндай отырып, мәтіндегі негізгі ойды, идеяны ұғындыру; мәнерлеп оқу дағдыларын, қызығушылығын арттыру; ойларын, пікірлерін еркін айтуға, өз көзқарастарын дәлелдей білуге үйрету; дамытушылық-жазушы шығармалары арқылы әр оқушыны өзіндік ой – қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түюге баулу; мәтінмен жұмыс істеу, көркем шығармаға әдеби талдау дағдыларын дамыту; ғылыми жұмысқа бейімдеу, ізденуге талпындыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік-Қожа бейнесі арқылы, оқушыларды адамгершілікке, мәдениеттілікке, әдебиетті сүюге, үлгі-өнеге алуға шақыру; жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Түрі: шығармашылық сабақ.

Әдісі: «Кубизм» технологиясы.

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, Б.Соқпақбаевтың “Менің атым Қожа” кітабы, “Менің де атым Қожа” фильмінен үзінді, слайд арқылы кесте, тірек сызба, суреттер, венн диаграммасы.

Сабақтың өтілу жоспары:

«Кубизм» стратегиясы – технология ретінде.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

а) Оқушыларды түгелдеу;

ә) Оқушы мен сыныптың сабаққа дайындығын бақылау;

б) Оқушыларды сабаққа психологиялық дайындау, ойларын бір ортаға топтау мақсатында ой тастау;

Негізгі бөлім 30 мин	Ақынның «Қашықтасың туған жер» өлеңін мәнерлеп оқып, түсіндіру. «Шеберлігіңді шыңда!» кезеңі. I топқа өлең құрылымына талдау жасауды тапсырады. II топқа өлеңде ақын ойына негізделген туған жер, шындық, арман, дос, сабыр сөздеріне мақал-мәтел тауып жазуды тапсырады. «Жұптас, ойлан, бөліс!» кезеңі. 1-топқа. Әйлер шеңбері. 2- топқа. Т кестесі.	Топтық жұмыс. 1-топ. Әл Фарабидің шығармаларын шеңбер ішіне жабыстырады да, ал өзге шығармаларды шеңбер сыртына жабыстырады. Шығармалар тақырыбы конвертке салынады. 2-топ. Келісемін Келіспеймін Берілген мәліметтерді керекті тор көзіне апарып қояды.	
Қорытынды 5 мин	Талдаңыз. Білім ағашы	Нені білгені, нені білгісі келетіндігі туралы өз ойларын жеткізеді.	
Үйге тапсырма 2 мин	1. Әл Фарабидің «Қашықтасың туған жер» өлеңін жаттау. 2. «Туған жер» тақырыбына шығарма жазу.		

2. Үй тапсырмасын сұрау (тараулар бойынша мазмұндату)
«Менің атым...» тақырыбында ой толғау.

- Сендерге қандай есімдер ұнайды?
- Повесть қалай басталатын еді? Қожа өз атына риза ма?
- Сендер өз аттарыңа ризасыңдар ма?

Балаға ат қою дәстүрі

Бала туғаннан кейін қырық күн өткен соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Кейде «Қырықтың бірі-Қыдыр» деп құдайы қонаққа да баланың атын қойғызатын сәттер болады. Көбінесе молданы әкеп азан шақыртып, баланың атын қойғызған. Балаға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтасын деген наныммен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деп атаған. Адамның аты кейде тілек-мақсатқа орайлас болып келеді.

Дәулетті болсын деп: Байбол, Дәулет, т.б.

Күшті де батыл болсын деп: Арыстан, Батырбек, Алпамыс, т.б.

Сұлу да көрікті болсын деп: Айсұлу, Нұрсұлу, Әсем, Аруан, Әйгерім, т.б.

- Бірақ, амал нешік, сен қызылшақа боп жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әке-шешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген (1-тарау).

- Қандай дәстүр туралы айтылған?

- Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне дастархан жайылып, домбыра тартылып, ән салып, ұлттық ойындар ойнап, көңіл көтеретін той.

- Қазір бұл дәстүр сақталған ба?

- «Шілдеханаға келгендер маған пәлендей әйдік ат бермеген», - дейді кейіпкер. Ол кім? (Қожаберген)

- Бердібек Соқпақбаев кім? Ол қандай жазушы?

“... Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өз айналамды дорбалап жинаймын. Бір сөзбен айтсам, өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық

жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды.”

2. Жазушының шығармалары.

- «Менің атым Қожа» («Өзім туралы повесть»), «Жекпе-жек», «Қайдасың, Гаухар?», «Өлгендер қайтып келмейді», «Аяжан», «Балалық шаққа саяхат», «16 жасар чемпион», «Алыстағы ауылда», т.б.

3. «Менің атым Қожа» фильмі туралы.

Менің атым Қожа

Жанры: комедия, отбасылық.

Мемлекет: Қазақстан.

Шыққан жылы: 1963.

Режиссері: Абдолла Қарсақбаев.

Әңгіме авторы: Бердібек Соқпақбаев.

Сценарий: Б.Соқпақбаев, Н.Зелеранский.

Сазгері: Нұрғиса Тілендиев.

Кейіпкерлерді сомдаған:

Қожа - Н.Сегізбаев.

Сұлтан - М.Көкенов.

Жанар - Г.Құрабаева.

Жантас - Е.Құрмашев.

Миллат- (Қожаның шешесі) - Б.Римова.

Рахманов - Қ.Қожабеков.

Майқанова – Р.Мұхамедиярова.

Қожаның әжесі - З.Құрманбаева.

Фильм туралы: Барлық мектепке аты шулы «сотқар» Қожа бар ынтасын салып, жақсы болуға тырысады. Әкесінен жетім қалған Қожаберген, үйлеріне келіп жүретін Қаратайдан шешесін қызғанады. Досы Сұлтан екеуі неше түрлі қызық оқиғаларды бастарынан кешіп, көрермендерді талай рет қуантады. Ауылда беделі жоғары болған Қадырдың баласы, Қожа, әкесінің абыройын «шелектеп» төктім деп уайымдайды. Дегенмен, Қожа – ашық мінезді, арам пиғылы жоқ, ақкөңіл бала.

3. Жаңа сабақты меңгерту.

Бердібек Соқпақбаев — балалар жазушысы. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы Нарынқол

ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айрылған ол кісілердің қолында жүрген. Балалық шағындағы басынан өткен қиындықтар мен жоқшылық жайлы «Балалық шаққа саяхат» атты кітабында бейнелеген. 1950 жылы «Бұлақ» атты тұңғыш жинағы шықты. Балаларға арнап «Менің атым Қожа», «Аяжан», «Гауһар», т.б. повестер, «Кездесу», «Бозтөбе» поэмаларын жазған. «Қазақфильм» студиясында «Менің атым Қожа» повесі бойынша фильм түсірілді. Абай атындағы Қазақ педагогтық институтының филология факультетін бітірген. Бірнеше жыл ауылда мұғалім болып еңбек етті. «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып, «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» басылымдарында қызмет етті. Кейін Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша әдеби консультант қызметін атқарды.

- Балалар, сендер «Менің атым Қожа» фильмін көрдіңдер ғой, иә. Ендеше, мен сендерге жаңа сабақтың тақырыбын анықтау мақсатында бүгінгі өтілетін тараудан үзінділер айта отырып ой тастайын.

«Мен өзімнің он үш жыл өмірімнің ішіндегі ең бір қатыгез күнді бастан кештім».

- Қожа бұл сәтті қашан бастан кешіріп еді?

- Қожаның тәртіпсіздік қылықтарын, әсіресе соңғы жасаған ағаттығын, яғни Майқанованың сөмкесіне бақа салған әрекетін талқылау мақсатында болып жатқан педкеңесте.

- Дұрыс, айтасындар. Қожа қанша тәртіпсіздік істесе де, мұғалімдер оны кешіріп келген еді, иә. Осы жолғы кеңес ұзаққа созылды. Осы кезде Қожа өз мәселесінің шешілу қорытындысы, талқылану процесі жайлы өзінше ой қорытып отырды. Кеңес те аяқталды. «Мен туралы не деп жатыр?» екен деп дегбірі қашқан Қожа бұл кезде қайда отыр еді?

- Мектеп терезесінің тұсында тұрған теректің үстінде отыр еді.

...Педкеңес аяқталды, жұрт тарай бастады. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, Қожа тұрған теректің түбінен өтіп бара жатып не дейді?

- «Түбінде адам болатын бала»


- Өте дұрыс. Біз жаңа сабақтың мазмұнын бірлесе айта отырып, тақырыпты да анықтап алдық.

- Өздерің көрген кино соңында осы сөзден Қожа қорытынды шығара ма?

- Иә, қорытынды шығарғаны соншалық, ол өзіне құпия кеңес өткізіп, онда өзі жасаған қателіктері, оны түзету және болдырмау үшін не жасау керектігі туралы қаулы шығарады.

Сонымен, балалар, біз Бердібек Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесімен танысып шықтық. Енді сабақты қаншалықты меңгергенімізді байқау үшін өтілген барлық тараулар бойынша бірнеше тапсырмалар орындап көрейік.

Топтастыру



Мынау кім?

1. Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап – сыпсыңдағыш кім? (Жантас)

2. Мен оқулық емес, қант аламын. Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз. (С.Майқанова)

3. Біз екеуіміз таныс шығармыз деймін? (С.Майқанова)

4. Мүмкін орнына барып айтатын шығарсың? (С.Майқанова)

5. Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Менің мойнымда оның тиыны емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. (Мектеп күзетшісі Сәйбек қарт)

6. Келесі сабаққа қайысысың бақа ұстап әкелесіңдер? (Зоология пәнінің мұғалімі Оспанов)

7. “Сен оқуды тастасаң, маған ілесіп тастады деп екеуімізді

бірдей қудалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бірі болып шығарсың. Сонда маған шапағатың тиер.” (Сұлтан)

Оқиғалар тізбегі.

(Ойынның шарты: шатасқан оқиғаларды рет-ретімен кою)

1. Оған байқатпай, жерден жұдырықтай тас жіберіп қалмақшымын.

2. Бақаның әлегі.

3. Педсовет.

4. Жолдама алған Жантас.

5. Оқулық емес, қант аламын.

“Иесіне қайтар” ойыны (Сергіту сәті)

Жауап берші, достым!

1. Менің он үш жыл өмірімдегі ең қатігез күн қашан болып еді?

2. Мен үйімде төргі бөлменің есігін жауып алып, кеңес өткізгенімді білесіңдер. Сонда кімнің мәселесін қарадым?

3. Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынбай, жайыңа жүр. Тек жүрсен, тоқ жүресің дейді атаң қазақ. Әйтеуір саған айтар ақылым, - тыныш жүр, балам.

Қожаның жағымды жақтары. (Тақтамен жұмыс)

Өз ісіне есеп бере алады

Жағымсыз іс-әрекеттерін жөндеуге талаптанады

Өз-өзін тәрбиелейді

Үлкенді сыйлайды

Қожаның жағымсыз жақтары.

Тәртіпсіз

Аңқау

Өтірікші

Сотқар

Оқулықпен жұмыс. Сұрақтарға жауаптарды мәтіннен тауып оқы.

Қожаның сұрақтары

Оллаһи,
мақтанғаным
емес,
достарым, шынын
айтыңдаршы, мен
өскенде қандай маман
иесі болуды
армандадым?

Менің он үш
жыл
өмірімдегі ең қатігез
күн қашан болып еді?

Мен үйімде төргі
бөлменің
есігін жауып алып,
кеңес өткізгенімді
білесіңдер.
Сонда кімнің
мәселесін қарадым?

Шыбыным,
әйтеуір ешкімге
тимей, ұрынбай,
жайыңа жүр. Тек жүрсен,
тоқ жүресің дейді атаң қазақ.
Әйтеуір саған айтар
ақылым-тыныш жүр,
балам.

Сергіту сәті.

«Иесіне қайтар» ойыны.

Қалай ойлайсыздар, әдепті жолға түсуіне не себепкер? Анасын аяуы ма, Сәйбек қарт, Оспановтар айтқан естеліктер ме, Майқанованың педкеңестен шығып бара жатып айтқан сөзі ме?

Өз-өзіне есеп бер!

Үй тапсырмасын беру

Абдолла Қарсақбаевтың “Менің атым Қожа” фильмі мен Еркін Рахышевтің “Менің де атым Қожа” фильмін салыстырып, ұқсастықтарын тауып жазып келу. “Менің қиялымдағы Қожа...” тақырыбына эссе жазып келу.

Бағалау.

6 кезеңнен өткен сабақ бойынша оқушыларды бағалау.

Қорытынды.

Б.ШЕРІМОВА,
Құрманғазы атындағы жалпы орта мектеп.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Созақ ауданы,
 Ыбырай ауылы

А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР ҚАМЫС ҚҰЛАҚ»

Мақсаты: А.Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығы, ақындығы туралы түсінікті дамыту. Тұлға аралық байланыс орнатып, сыни көзқарасты қалыптастырып, жаңа әдістерді пайдаланып сипаттама беру.

Міндеттері: А.Құнанбайұлының «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңімен танысып, жеке, жұпта, топта, жұмыс жасауға ынтымақтастық орнатып өзін-өзі бағалау.

Қолданылатын модульдер: топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс, сұрақтар, рөлдік ойын, «Джигсо», «Венн диаграммасы», (ОЖТ, СТО, ОҮБ, АКТ).

Стратегиялық іс-әрекет: «Тілек айту» тренингі, «Кемпіркосақ» әдісі, «Конверт сұрақ», «ДЖИГСО» әдісі.

Уақыт өлшемі	Жоспар мазмұны	Мүғалім іс әрекеті	Оқушылардың іс әрекеті	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау	ресурстар
3 мин.	I. Кіріспе	Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Оқушыларды психологиялық дайындау. Өзін-өзі реттеу.	Оқушыларды жылы жүзбен қарсы алу, амандасу. Тілек айту «Жүректен-жүрекке» тренингін (бір-бірінің қолдарын ұстап, оң алақандарын бір-бірінің үстіне қойып жылы лебіздерін білдіру) ұйымдастыру.	Сәлемдеседі, жылы қабақты сезеді. Бір – бірлеріне жылы лебіздерін білдіреді. - Бүгінгі күніне сәттілік тілейді.	

4 мин.	Сынып оқушыларын топтарға бөлу.	«Кемпіркосақ» әдісі арқылы оқушыларды топтарға бөлу. 1-топ Алғырлар 2-топ Тапқырлар 3-топ Ойшылдар	Оқушылар кемпіркосақ түстері арқылы шағын топтарға бөлінеді.		Қима суреттер
7 мин.	Үй тапсырмасын пысықтау.	Бейне сурет арқылы үй тапсырмасын пысықтау. Берілген суретке байланыстыра үй тапсырмасын қорғау. 1-қадам - Ана мен бала бейнесі. 2-қадам – Тордағы торғай суреті. 3-қадам – Абай суреті.	Әр топ постер арқылы қорғайды, әр топ топ арасында талқылап, сұрақтарға жауап береді.	Мадақтау, кері байланыс, сұрақ қою.	Оқулық, А4 қағазы, ноутбук, графопроектордан сұрақтар жазылған, оқулық.
20 мин.	Негізгі - бөлім. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты.	Миға шабуыл. «Бірге ойлаймыз әдісі» Графопроектордан жылқы суретін көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбын табу. «ДЖИГСО» әдісі арқылы жаңа сабақты меңгерту. 1-қадам – өлеңді мәнерлеп оқу. 2-қадам – өлең жолын құрылысына талдау. 3-қадам – жылқы түрлерлеріне сипаттама беру. (кластер жасау.)	«ДЖИГСО» әдісімен Абай Құнанбайұлының «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» атты өлеңін әр топ оқып, жұпта, топта талқылайды.	Мадақтаулар. Топтар бір-бірін басбармақ әдісімен, смайликтер арқылы бағалайды. Бағдаршам арқылы бағалау.	Ноутбук, графопроект, маркерлер.

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ПОЭМАСЫ

4 мин.	Қорытынды	«Конверт сұрақ» әдісі арқылы сабақты қорытындылау. 1. Атбегілер сөзіне қарағанда жылқы қанша түрге бөлінеді? 2. Акалак жылқы деп қандай жылқыны айтамыз? 3. Бәйге аттарын қанша түрге бөлген? (3) 4. Бәйге аттарын үш түрге бөлген қай өңір? (Созак)	Абай Құнанбайұлы туралы әр топ оқып, жұпта, топта, сосын басқа топта талқылайды.	Стикерлер арқылы бағалау.	Абай Құнанбайұлының портреті, такта, бор, ноутбук, графо-проектор, сызба-нұсқалар.
2 мин.	Бағалау.	Сабақ барысында тапсырмаларды бағалаумен қатар, мұғалім топ басшыларын сайлайды.	Топ басшылары әр оқушыны бағалау парақшасына бағалап отырады.	Өзін-өзі бағалау, мадақтаулар. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау.	Ламинат бағалау парақшасы. Бағалау парақшалары. Смаликтер.
2 мин.	Үйге тапсырма	Абай Құнанбайұлы туралы түсінік. Абай Құнанбайұлының «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңі. «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқып, үзінді жаттау. Интернет материалдары, көркем әдебиеттер 3 мин. Рефлексия. «ИНСЕРТ» әдісі. Оқушыларға стикерлер таратып, кері байланыс жасады -Білемін -Үйрендім -Үйренгім келеді	«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқып, үзінді жаттау.		Интернет материалдары, көркем әдебиеттер.
3 мин.	Рефлексия.	«ИНСЕРТ» әдісі Оқушыларға стикерлер таратып, кері байланыс жасады -Білемін -Үйрендім -Үйренгім келеді	«ИНСЕРТ» әдісі Оқушылар стикерлерге берілген сауалдар төңірегінде ішкі сезімдерін жазып, сенім ағашына барып жапсырады.	Сенім ағашы. Екі жұлдыз, бір тілек.	Түрлі-түсті стикерлер. Ламинат парақшалар.

Максаты	Поэма мазмұнын түсіндіру арқылы Қалқаман, Көкенай әрекеттеріне баға бере отырып, азаматтық намысты ұғындыру.		
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.		
Күтілетін нәтиже	Поэмаңыз мазмұнын ашып көрсете алады. Тақырып ұғымын біледі, түсінеді және ортақ пікір шығара алады.		
7 модульдің қолданылуы	АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Миға шабуыл, спираль, өмірлік ахуалды талдау, топтастыру.		
Қолданылатын ресурстар	Портрет, интерактивті такта, жазу тактасы, флипчарт, маркерлер, стикерлер, түрлі-түсті гүлдер.		
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу. Сыныптағы оқушыларды түгендеу. Топқа бөліну (мозайка құрастыру арқылы)	Мұғаліммен сәлемдеседі. Сыныптың ұйымдастырушысы сабаққа келмегендерді айтады. Оқушылар топ құрып, орындарына отырады.	
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білу. Қызығушылықтарын ояту.	«Миға шабуыл» әдісі «Көпір» тапсырмалары 1. «Қалқаман-Мамыр» поэмасын кімнің кеңесі бойынша жазған? 2. Шәкәрім мен Абайдың қандай туыстығы бар? 3. Қалқаман мен Мамыр ағайындық жағынан қандай туыс?	Үйге берілген тапсырма бойынша сұрақ қою.	Үй тапсырмасынан берілген сұрақтарға жауап береді, шапшаңдылық танытады, өз ойларын жеткізеді.

Түсіну.	Шығарманың құрылысына қарай талдау. 1. Экспозиция – Туыстық байланыс. 2. Оқиғаның басталуы – Мамырдың бойжетуі. 3. Оқиғаның дамуы а) Екі жастың бір-біріне ғашық болуы. ә) Қалқаманның Мамырды алып қашуы. 4. Оқиғаның шиеленісуі Екі ру арасындағы келіспеушілік. 5. Оқиғаның шарықтау шегі – а) Мамырдың аянышты өлімі. ә) Қалқаманға шығарылған үкім. 6. Оқиғаның шешімі – а) Қалқаманның елден кетуі. ә) Елдің күйзелісі. б) Қалқаман ұрпағы.	Шығарма мазмұнын түсінгеннен кейін оқушыларға композициялық құрылысына талдау жасату.	Топ мүшелері бірлесе отырып талдау жасайды.
Қолдану.	«Спираль» әдісі. Оқулықпен жұмыс. «Ізден, тап!» 1-топқа Мамырдың соңғы сөзі. 2-топқа Әнет бабаның Қалқаманға шығарған үкімі. 3-топқа Қалқаманның елімен қоштасу сөзі. Кейіпкерге мінездеме Қалқаман, Мамыр, Әнет баба, Көкенай.	Жаңа сабақты толық меңгерту үшін сыни тұрғыдан ойлаудың «Спираль» әдісін алу. Бұл әдістің тиімділігі, топтағы оқушыларды мәтінмен жұмыс жасату. Оқушыларға уақыт беріп, тапсырма бойынша поэмадан жауабын таптыру. Кейіпкерлерге мінездеме бергізу.	Оқушылардың мақсаты – мұғалімді тыңдау. Топ мүшелері болып мәтіннен тапсырманы табады. Топ мүшелерімен ақылдаса отырып, кейіпкерлерге мінездеме береді, постер қорғайды.

Талдау.	«Ой додасы» 1. Қалқаман мен Мамырдың қосылғаны дұрыс па? 2. Көкенай әрекетін қалай бағалайсындар?	Оқушыларға ой тастау.	Сұраққа жауап бере отырып, өз ойларын, пікірлерін білдіреді.
Жинақтау.	«Өмірлік ахуалды талдау» әдісі. Болжам жасау.	Бұл әдіс арқылы оқушыны	Оқушылардың мақсаты

	1. Егер мен Қалқаман болсам... 2. Егер мен автор болсам, поэманы былай аяқтар едім... «Топтастыру» стратегиясы Сабақтан алар тәлім: Ата салттан аттауға да болмас, Жүрек қалауын тастауға да болмас.	сыни тұрғыда ойлап отырып, өз болжамын айтқызу. Топтастыру арқылы бүгінгі сабақтан түсінгендерін жаздыру, сабақты қорытындылау.	берілген сұраққа өз ойларын жеткізе отырып, тақырыпты сипаттау арқылы жинақтайды, жаңа сабақтан түсінгендерін жазады.
Бағалау	«Саған қандай гүл тиесілі?» Өзін-өзі бағалау. Қызыл гүл – 5 Көк гүл – 4 Сары гүл - 3	Топтарға гүлдерді тарату.	Топ мүшелері өздерінің сабақ айтуына қарай тиісті деген гүлдерін көрсетеді.
Кері байланыс	– Мен ойымды айтар болсам...	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну	Ұсынылған стикерді толтырады.
Үйге тапсырма.	Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы. «Салтынды қадір тұт»		Эссе жазады.

Г.АСЫЛБЕКОВА,
Ә.Науан атындағы
№13 мектеп-гимназия.
Түркістан қаласы

ЕРТЕГІЛЕР

Оқу мақсаты:	ертегілер және оның түрлері туралы түсінік беру, оқушылардың тіл байлығын дамыту, ертегі оқуға деген қызығушылығын арттыру.		
Табыс өлшемдері			
Барлық оқушылар	Көпшілік оқушылар		Жекелеген оқушылар
Сауатты жазады	Мазмұндай алады		Әңгімеге кешенді талдау жасай біледі.
Кезеңдер Уақыт	Мұғалім не істейді?	Оқушылар не істейді?	Ресурстар
Ұйымдас-тыру. 3 мин.	Сәлемдеседі. Шаттық шеңбері арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару. Оқушыларды түгелдейді, үй тапсырмасын сұрайды, Оларды топқа бөліп, топбасшысын тағайындайды, бағалау парақшасын тарқатып, формативті бағалап отырады.	Оқушылар шаттық шеңбері арқылы сабаққа назарын аударды. Үй тапсырмасын оқиды, қосымша сұрақтарға жауап береді. Берілген тапсырмаларды орындайды	
Ұйымдас-тыру. 3 мин.	Сәлемдеседі. Шаттық шеңбері арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару. Оқушыларды түгелдейді, үй тапсырмасын сұрайды, Оларды топқа бөліп, топ басшысын тағайындайды, бағалау парақшасын таратып, формативті бағалап отырады.	Оқушылар шаттық шеңбері арқылы сабаққа назарын аударды. Үй тапсырмасын оқиды, қосымша сұрақтарға жауап береді. Берілген тапсырмаларды орындайды.	

Негізгі бөлім 10 мин.	Оқушыларға жаңа сабақты түсіндіреді, талдау әдісін үйрете отырып, бағыт-бағдар береді, бақылайды. Ашық сабақ кезеңдерімен таныстырамын. I. «Білу» Миға шабуыл арқылы сабақтың тақырыбы ашылады. II.«Түсіну». Бұл бөлімде оқушылардан үй тапсырмасы сұралады. Қайталау сұрақтары қойылады III.«Қолдану» 3 топқа әр түрлі тапсырма беріледі. 1-топ «Алтын сақа» ертегісіне постер 2-топ «Өз ертегіңді аяқта» 3-топ «Алдар көсе» ертегісіне қойылым IV.«Жүйелеу» FILA кестесімен жұмыс V. «Жинақтау» Ертегінің атын тап. Сергіту сәті. Үй тапсырмасы, бағалау. Кері байланыс.	Тапсырмамен оқып, танысады, жұптарымен талқылайды, бірін-бірі толықтырады. Әр оқушы берілген берілген тапсырманы орындайды. Барлығы жаттығу жасайды	
18 мин.			
2 мин.			
Қорытын-ды 5 мин.	«3 ұйғарым айтыңыз» әдісі арқылы сабақты қорытындылайды	Сабақта түсінгендері бойынша үш ұйғарым айтады.	
Үйге тапсырма 2 мин.	Әссе жазу.		
Бағалау 2 мин.	Формативті бағалау: Өлшемдер арқылы бірін-бірі бағалау, түсініктеме арқылы бағалау, Кері байланыс, бауырсақ арқылы ынталандыру.		
Сабақтан кейін ойланатын сұрақтар			
Не сәтті болды?			
Не сәтсіз болды?			
Нені жақсартуға болады?			
Мен өз дағдыларымда нені дамыта алдым?			
Нені өзгертуге болады?			

Н.ҚАДЫРҚҰЛОВА,
№ 77 орта мектебі.
 Қызылорда облысы,
 Арал ауданы,
 Құланды елді мекені

СҰРАТҚАН ХАН АҚЫМАҚ ПА, СҰРАҒАН СЕН АҚЫМАҚ ПА?

Максаты:	Оқушыларды Жиренше шешен туралы аңыздармен таныстыру, түсінік беру. Аңыз әңгімені оқыта отырып, сөйлеу тілін дамыту, сұрақ қоя білуге, жауап бере білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, мәтінді дұрыс түсініп оқуға, практикалық жұмыс арқылы тілін дамыту. Әңгіме арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді, ақылдылығы мен тапқырлығын оқушы бойына дарыту.		
Міндеттері:	Танымдық: тақырыпты өз бетінше меңгеруге бір-біріне түсіндіруге, өзін – өзі реттеуге ықпал ету. Эмоциялық: оқушылардың жаңа сабақты түсініп оқуға, талдау жұмысын жасай білуге жағдай жасау. Әлеуметтік: бірлесіп жұмыс жасайды, бір, бірін тыңдайды, бағалайды.		
Оқушы нәтижесі:	Аңыз әңгімелер туралы түсінік алады. Сыни ойлай алады. Алған білімдерін өмірде қолданады.		
Негізгі идеялар:	Аңыз әңгімелер туралы теориялық түсінікті практикамен ұштастырады.		
Тапсырма көздері:	Диалогтік оқыту, деңгейлік тапсырмалар, сын тұрғысынан ойлау, топтық, жұптық жұмыстар.		
Сабақтың көрнекілігі:	Интербелсенді такта, слайд, маркер, плакат, стикер.		
Мотивациялық кезеңдері	Амандасу, зейіндерін шоғырландыру. Алақанды ашайық, Жылулықты шашайық. Сәттілік тілеп достарға, Біз сабақты бастайық Топқа бөлу.		
Ұйымдастыру.	Мұғалім әрекеті. -Әрбір адам - -Әрбір сабақ - -Әрбір ісім - -Әрбір сөзім -	Оқушы әрекеті -Туысым, досым, жұрағат -Үйрену, ұғу, ұлағат -Тірлік, тірек, адамдық -Шындық, бірлік, адалдық	Оқыту тәсілдері

Үй тапсырмасын сұрау.	Үй тапсырмасы тексеріледі. Кім жылдам? 1. Аңыз дегеніміз не? 2. Аңыз кімге байланысты шыққан? 3. Қандай аңыз кейіпкерлерін білесіз? 4. Өткен тақырыбымыз не? 5. Жер-су аттарына байланысты аңыздарды ата. 6. Аңыз-күйлерді ата. Қай аңыздың кейіпкері....	Оқушылар үй тапсырмасына жауап береді.	Слайд түрінде. Сұрақтар интербелсенді такта арқылы көрсетіледі.
Жаңа сабақ.	Көрініс көрсету арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу Жаңа сабақ тақырыбы: “Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?» аңыз әңгімесі.	Тақырыпты өз бетінше оқып үйренеді.	Ашық сұрақтар.
Сергіту сәті.	Дене қимылдарын жасау» Оңға; Солға; Алға қарай бір адым; Артқа қарай бір адым; Жоғары - төмен қарайық.		Оқушылар жасайды.
Топпен, жұппен жұмыс.	I топ. “Ішке және сыртқа” (Әңгімедегі ұнамды, ұнамсыз жерлерін бөліп жазу.) II топ. Жиренше мен ханға мінездеме беру. Толғансы. “5 минуттық эссе” I топ: - Қаңбақтың адамша сөйлеуі шындық па, әлде... II топ: - “Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?” деген сөзге ханның ренжуі мүмкін бе еді?	Жоба қорғау. Тапсырмаларды орындайды.	Оқулықпен жұмыс.

М.МҮСЛІМ,
Жаңашаруа казак орта мектебі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Қоныстану ауылы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ. "ШЫҢЫРАУ" (6-сынып)

Мақсаты: білімділік-Әбіш Кекілбаевтың "Шыңырау" хикаятынан берілген үзіндінің идеясы мен мазмұнын ашу, әңгіменің мазмұнын оқушыларға өз бетінше меңгерту, құдық қазу кәсібі туралы тың мағлұматтар беру; дамытушылық-"Шыңырау" сөзінің мағынасын түсіндіре отырып, өз пікірін айта білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін арттыру; тәрбиелік-сауапты іс жасауға және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Салт-дәстүрін құрметтей білуге үйрету.

Түрі: көркемдік-иллюстрациялы.

Әдіс-тәсілдері: «Ойталқы», іздену, сұрақ-жауап, шығармашылық.

Сабақта қолданылған технология: Сын тұрғысынан ойлау жүйесінің элементтері, сатылай кешенді талдау, Блум таксономиясы.

Көрнекілігі: көркем әдебиеттер, бейнелі суреттер(слайд).

Пәнаралық байланыс: география, этнопедагогика, тарих.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

Оқушыларды сабаққа дайындау, өтілу барысын таныстыру.

II. Үй тапсырмасы:

1. Әбіш Кекілбаевтың өмірі, шығармашылығы

2. Қызығушылықты ояту. Оқушыларды топқа бөліп отырғызу. 4-слайд.

1. Шыңырау деген деген не? Қандай мағына береді?

2. Оқиға қай өлкеде өткен деп ойлайсың?

3. Ата кәсіп дегенді қалай түсінесің?

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

2,3-слайд. Білу. Қазақстан халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі – Маңғыстаудағы әйгілі құдықшылар өмірінен жазылған шығармасы. Повесть 1982 жылы жарыққа шықты.

	<p>«Сықырлы сандықша» шашуы. Сандықша ішінен тәттілер шашылады. Әр тәттінің ішінде сұрақтар бар.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қаңбақ деген не? 2. Хан Жиреншені не үшін ертіп жүрген? 3. Жиреншенің өз үй, күйі әңгімеде қалай берілген? 4. Аңыздан не түсіндір? 5. Аңызда қандай нақыл сөз бар? 6. Жиреншенің қаңбақпен сөйлесуін ауыз әдебиетінің қандай жанрына жатқызамыз? 7. Нөкер, адыр- дегеніміз не? <p>Графикалық диктант. Кет-бұға кім? Асан Қайғы қандай жерді іздеді? Жиреншенің әйелінің аты кім? -Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі деген кімнің сөзі?</p> <p style="text-align: center;">Семантикалық картаны толтырыңыз.</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 15%;">Тапсырма</td> <td style="width: 15%;">-Уа, Жиренше, анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен?</td> <td style="width: 15%;">-Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді.</td> <td style="width: 15%;">-Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам.</td> <td style="width: 15%;">Қайран менің өз үйім, кең сарайым - боз үйім.</td> </tr> <tr> <td>Жиренше</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Хан</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қаңбақ</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Тест жұмысы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аңыз әңгімеде кейіпкер кім? <ol style="list-style-type: none"> а) адамдар; в) жануарлар; с) құстар. 2. Жиренше туралы әңгіме ауыз әдебиетінің қай түріне жатады? <ol style="list-style-type: none"> а) ертегі в)өлең-жырлар с)аңыз әңгімелер 3. Жиренше қандай адам? <ol style="list-style-type: none"> а) ақылсыз; в) ақылды; с) бай. 4. Жиренше қандай үйде тұрды? <ol style="list-style-type: none"> а) қараша үйде; в)ақ үйде; с) зәулім үйде. 5. Жиренше Қарашашқа неге қызықты? <ol style="list-style-type: none"> а) сұлудығына; в)кедейлігіне; с)ақылдылығына. 6. Бай неге Жиреншеге қызын бергісі келді? <ol style="list-style-type: none"> а) кедей болған соң; в) ақылына; с) көркіне. <p>Жауаптары: 1.а; 2.с; 3.в; 4.а; 5.с; 6.в.</p>	Тапсырма	-Уа, Жиренше, анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен?	-Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді.	-Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам.	Қайран менің өз үйім, кең сарайым - боз үйім.	Жиренше					Хан					Қаңбақ					<p>Әр топ өзіне тиесілі тапсырмасын орындайды.</p> <p>Оқушылар тапсырмаларды мұқият оқып, сол бойынша жұмыстанады.</p>	<p>Ашық сұрақтар</p>
Тапсырма	-Уа, Жиренше, анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен?	-Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді.	-Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам.	Қайран менің өз үйім, кең сарайым - боз үйім.																			
Жиренше																							
Хан																							
Қаңбақ																							
Рефлексия	<p>«Бәрі сенің қолыңда». Таратылған парақтарға сол қолдарының суретін салып, әр саусаққа өз ойларын жазады.</p>	<p>Бүгінгі сабақтан түйгендерін жазады.</p>																					
Үйге тапсырма.	<p>«Жиренше –даналық иесі» /ой толғау/</p>																						
Бағалау.	<p>Екі жұлдыз, бір ұсыныс.</p>																						

Жазушы Маңғыстаудағы құдықтардың тереңдігіне байланысты түрліше аталатынына тоқталған: «Ұйқыдағы арудың оянуы» еңбегінде екі құлаштан асқанды құдық, ал бес құлаштан асқан құдықтарды шыңырау дейді. Құдық суын қолдап, ал шыңырау суын тек шығырмен ғана тартатынын ескерген.

Хикаятқа басты негіз болған-ел аузындағы «Ақотты - нар» аңыз (таныстыру, 5-слайд). Қашаннан халқымыздың материалдық игілік көзі – тіршілік тұтқасы – су көздері болған. Шөл даладағы бірден-бір су көзі құдық, құдықшылық кәсіпке байланысты жазылған «Шыңырау» повесіне арқау болған аңыздар және «Аңыздың ақыры» романдағы кейбір аңыз ел аузынан жиналып, көркемдік шешімі тұрғысынан сөз етілген. Аңыздың бірнеше нұсқасы ел аузынан жиналып, екселе салыстырылып, жазушының көркемдік шешімімен қорытылған.

6-слайд. Дерек пен дәйек

«Шыңырау» хикаятындағы жиынтық бейнеге басты негіз болған әйгілі құдықшы-Қараш Бейнеубай Құлшарыұлы. 1864 жылы туған. Жиырмаға жуық құдық қазған. Құдықтардың тереңдігі шамамен -200 метр.

1941 жылы Иранда қайтыс болды. Ұрпақтары тегіс құдықшылықты кәсіп еткен. (Іңірбай, Әлпейіс, Арқарбай) Іңірбайдан туған Есберген атты немересі Ақтау қаласында тұрады.

1982 жылы атақты құдықшының ұлы Арқарбай Сенек деген жерден құдық қазып, су шығарады. Бұл Бейнеубай әулетінің ең соңғы құдығы екен.

Әке аманаты

-Дәулет қалдырмады деп әкелеріне өкпелемдер. Қара жер орнында тұрса, тышқан мен Қараш аштан өлмес, тіпті болмаса, жер шұқырсындар... (оқушы пікірін тыңдау)

1. Берілген жоспар бойынша мәтінді баяндап шығу.

8-слайд. Түсіну. Байсал бай Еңсепке құдық қазып бер деп қолқа салған-ды.

9-слайд. 15, 7-7-ден кезек..., 8-ін бір жіберсе...

10-слайд. Теңсел таудан тас кесіп, түйемен тасуда.

11-слайд. Ана бейшара да шөп үзсін... Беліне қыл арқан байлап, құдыққа беттеді.

12-слайд. Шыжыған шілде, тамыз. Үскіріп тұрған ақ боран.

13-слайд. Қос құлақты емен күбі, ішінде...

14-слайд. "Еңсеп қазған" емес, "Еңсеп өлген" атанып кетті.

15,16,17-слайдтар. Аңызға арқау болған шыңырауларды слайд арқылы көрсету.


19-слайд. Қолдану.

1-топ. Шығармадағы тас атауларын тап. Бір сөйлем құра. *шеген тас, сұр-қара тас, сандық тас, сар кемік тас, тоқаш тас, көк тас, қиыршық тас, шығыр тас.*

2-топ. Шығармадағы еліктеу сөздерді тап. Бір сөйлем құра. *гу-гу, кеу-кеу, ыс-ыс, күрт-күрт, шақ-шұқ, тақ-тұқ, дүрс-дүрс, шып-шып, тарс-тұрс, су-су.*

3-топ. Топтастыру стратегиясы бойынша Еңсепке мінездеме.

Еңбексүйгіш



21-слайд. Талдау. Сатылай кешенді талдау.

Авторы - Ә.Кекілбаев 1939 жылы дүниеге келген.

Тақырыбы - Құдықшылық кәсіптің қыры мен сыры.

Идеясы - ата кәсіпті дәріптеу, белгілі бір кәсіп иесі болуға үндеу.

Жанр түрі - проза (хикаят)

Шығармадағы жер атаулары - Ернек шың, Жем, Үстірт.

Кейіпкерлері - Еңсеп, Байсал бай, Теңсел, көмекші жігіттер

23-слайд. Әңгіме құрылысына талдау.

Басталуы - Байсал байдың өтініші. Еңсептің жер таңдауы.

Оқиғаның дамуы - құдық қазу, тас тасу.

Шиеленісуі - құдыққа қайта түсу, суылдың естілуі, тақтай тасты сындыру.

Шарықтау шегі - Сүймені тайып, Еңсептің тасқа соғылуы. Аялы қос алақанның қағып алуы.

Шешімі - Құдықтың "Еңсеп өлген" атануы.

26-слайд. Жинақтау.

Құдық қазу кәсібі қазір бар ма? (шағын ойтолғау жазу)

Оқушыларды тыңдау, бейнеролик көрсету.

28-слайд. Бағалау.

Құдықтың суын ішіп отырып,

Оны кім қазғанын ұмытпа!

Н.Ә Назарбаев.

Бағалау (өзін-өзі, қалыптастырушы және жиынтық)

Үйге тапсырма: 1. "Кім болам?" тақырыбына шағын шығарма.

2. Диалект сөздерді теріп жазып келу.

А.САҒЫНДЫҚ,
«Бейнеу мектеп-интернаты» КММ.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы,
Сарға ауылы

ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ – ӨМІРІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

/ 10-сынып/

Мақсаты: акын, жырау туралы, оның шығармашылығы жайында кеңінен мәлімет беру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, жатқа айтуға үйрету, өлеңді талдауға шыңдау; акын шығармалары бойынша оқушыларды адамгершілік қасиеттерге шақыру, үлкенге ізет, кішіге қамқор болуға дағдыландыру, адами қасиеттерін бірінші орынға қоюға үгіттеу.

Түрі: семинар сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, баяндау, жатқа айту, жазбаша орындау.

Көрнекілігі: акын портреті, кітаптары, газет материалдары, «Маңғыстау» энциклопедиясы, «Маңғыстау ақындары» 50 т., «Бес ғасыр жырлайды» кітабы.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, ән-саз.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Үй тапсырмасын пысықтау.

Жаңа сабаққа көшу: Қашаған Күржіманұлының өмірі мен шығармашылығы

Мұғалім «Сабағымызды бастамастан бұрын осы уақытқа дейін бұл есіммен таныспыз ба?» - деп сұрақ қоя отырып, оқушылардан қандай мәлімет білетіндіктерін сұрайды. Содан соң сабақ жоспары назарға беріледі.

- Сабақ жоспары:
1. Қашаған ақынның өмірі.
 2. Ақын өлеңдерін талдау.
 3. Қорытынды.

Қ.Күржіманұлының өмір жолы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі:

Ақын 1841 жылы 7 қаңтарда Түрікменстан Республикасының Ташауыз қаласына шектес қазақ ауылында дүниеге келген. Кіші жүздің Байұлы ішінде Адай руынан, оның Қосай деген бөлімінен шыққан.

Әкесі Күржіман – кедейлікпен күн кешкен шаруа адамы. Жастайынан әкеден жетім қалған Қашаған қабырғасы қатып, бұғанасы бекіместен кедейлік, жоқшылық тауқыметін көреді. Бірақ жетімдік болашақ ақынды тұмшалай алмады. Өмірдің ауыр тауқыметі талапты жасты шыңдай түседі. Әкесі Күржіманның көзін көрген адамдар Қашағанның бойындағы жылт еткен ұшқынды байқап, оған қолұшын береді.

Жастай немере ағасы Сәрсенбайдың тәрбиесінде болады. Хиуа хандығының жергілікті әкімдерінен қысым көрген қазақ ауылдарымен бірге Сәрсенбай да отбасымен Каспий сағасындағы Қараөзекке көшіп келіп орналасады. Бұл уақытта Қашаған 14-15 жаста болатын. Жағдайдың ауырлығы Қашағанды қатты толғандырады. Күн көрудің амалын ойлап, Көкжар жәрменкесіндегі Сергей деген саудагерге жалданып, Орынборға мал айдайды, мал соңында жүріп күн көреді. Бұл тұрмыс болашақ ақынды өжеттік пен қайсарлыққа тәрбиелейді.

Қашағанға ақындықтың қонуы туралы мынадай естелік бар:

«Жаздықүні мал соңында арып-ашып жүрген Қашаған таяғын жерге шаншып, шапанын күрке етіп жата қалса, түс көреді. Түсінде бір қара кісі келіп, баланы қолынан тартып тұрғызып:

- Дорбалал аласың ба, қапшықтап аласың ба? – деп сұрайды.

- Бергенінді аламын, - дейді Қашаған. Қара кісі қолын жайып бата береді.

- Өнер бердім, елге шаш-дейді. Сол уақытта оянып кетіп, жүрегі аузына тығылып, кеудесін бір нәрсе керіп бара жатады. Сөйтсе қой алыстап кеткен. Алқына жетіп мал соңына келгенде, алдынан жел айдаған бір түйеқарын малды дүрліктіре үркітіп, ұзатып әкетеді. Бізаланған Қашаған осы жерде іле-шала өлең шығарады:

-Ассалаумағалейкум, Түйеқарын!

Ақылыңнан адасқан сен бір жарым.

Қиыр шеттен келдің де қойды үркіттің,

Алдыңда білмейсін бе қойдың барын? – дейді де , іле

түйеқарын боп жауап береді:

-Уағалейкумассалам, Түйеқарын,

«Ақылыңнан адасқан, - дейсің, - жарым»

Жол жүріп алыс жолдан келе жатсаң,

Алдыңда білер ме едің ненің барын?!

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қашағанды жастай жиын-тойларға апарып, ақындық өнерге баулыған - Қалнияз ақын. Сол өнеге ақын соңына көп мұра қалдырады. Адай, түрікмен, қарақалпақ елдеріне кең тараған халық әдебиет нұсқалары - соның айғағы.

Ақын бағзы заман дәстүрімен көп елді аралайды. Маңғыстау, Хорезм аймағы мен Еділ, Жайық, Жем, Сағыз елдерінде болып, Құрманғазы мен Нұрым, Ақтан мен Мұрат, бала Ораз бен Қоспақ, Құлмамбет пен Жаскілен, Қашқынбай мен Ізімшайыр, Өмір мен Ығылман сияқты өнер саңлақтарымен кездескен.

Қашаған өлеңдерімен қоса «Атамекен», «Адай тегі», «Топан» атты дастан-хикаяларын да шығарған. Оларда ақын бұқара өмірін суреттейді.

Нұрыммен, Избаспен, Ізіммен айтыстары өзіндік ерекше.

Ақын мұралары халық арасына ауызша тараған.

Ақын 1929 жылы 25 тамызда Маңғыстаудағы Құлат деген жерде дүниә салған. Бейіті сол маңдағы Қырықкез деген жерде.

1991 жылы Маңғыстауда ақынның 150 жылдығы аталып өтті.

І.Жансүгіровтің «Көбік шашқан» поэмасы осы Қашағанға арналған.

Шығармаларын талдау.

«**Есқали сұпыға айтқаны**» - Қашаған Құрманғазы секілді серіктерімен қысты күні бір ауылға келіп түнемекке бекінгенде, малшы жігіттер үйіне адам қабылдамайтын Есқали деген сұпының үйіне сілтейді. Өйткені Есқалиды Қашаған арқылы сөзбен түйреп алу болатын. Ақындарды Есқали сұпы қабылдамайды. Оны келін-баласы өңменінен итеріп қарға құлатып тастайды. Оның домбырасын ұстап жатқан немересіне «шайтанның ағашын ұстама» деп ұрысып, ақынның домбырасын боқтайды. Сондағы Қашағанның Есқали сұпыға жауабы осы өлеңде өріледі. Домбыраның ағаштан жасалғанын айта келе, ағаштың пайдаға асар тұстарын, оның ішінде діни саладағы қызметтерін тілге тиек ете келе, «Өзіңді халық сұпы дейді, боқтағаның қай ағаш?» деп түйреп өтеді.

«**Осы күн жолдас болдым сексенменен**» - Ақын бұл өлеңде жасының шау тартып, кәрілік меңдеген кезеңін суреттейді. Ештеңеге пайдасыз қалғандығына налиды. Өлең шіркіннің де қартайғаннан соң қашқандығын айтады. Баяғы қаумалаған көп достың бірде-біреуінің кездеспеуіне өкінеді. Өмірдің өткінші екендігін, сондықтан сол өмірді мәнді өткізу керектігін өлең идеясына сыйғызған.

«**Оразалыға**» - ақынның Оразалы байды шенеуі – осы өлеңде көрініс табады. Бай болса да жарлының кейпін кешіп, мал соңында отыруы ақын тілінен мысқыл болып шығады. Осы күнде құдық түбінде жастанып, жанын мал соңына қиған байдың кескінсіз бейнесін әдемі бере алған. «Шаруаға жанды жүдетіп, Жүргенде кетпесе игі еді Біздің аршыланға тіл өтіп» - деп кекесінге де бой

ұрады.

«**Байларға**» - Ақын жоғарыдағы өлеңдегі ойды кеңінен жырлаған. Байлардың барлық характерін осы өлеңде ашып береді. Қора толған мал толса да аштан отыратын сол бай дейді. Келген қонағына мал соймай, туар қозыны күтетін де сол бай дейді. Кедейге кекесінмен күлетін де, қос-қостан пайдасы жоқ үй тігетін де сол бай, лепірме бос сөзге әуес, сонысына қарап мырза екен деп танитының да тағы сол бай. Ақын да мұндай байдан қашқақтайды. Одан да жалшының шаңырағын дұрыс деп есептейді.

«**Бұл өмірдің мысалы**» - Бұл өлеңде адам өміріндегі сан алуан кезеңді сипаттайды. Әр кезеңнің өзіндік бейнесі бар, сол кезеңде ғана ол шаруа жүзеге асады. Ал уақыт өткен соң оның бейнесі де алыстай береді. Өткенге өкінбе дейді. Өмірдің өзі өткінші, ешқашан қапы қалма деп насихат айтады.

«**Бұл дүниеде не жетім**» - Осындай сұрақ қоя отырып, оған өзі жауап береді. Оның айтуынша, әлеуметтік мәселелерден туындаған келеңсіз жайттарды жетімдікке теңейді. Өмір – бұраланы көп соқпақ, ол әртүрлі. Сол әртүрлі жолдағы әртүрлі тағдырды суреттейді.

«**Тойбастар**» - ақынның қыз баланың атастырылып жатқан тойында айтқан сөзі. Өлең ақыл, нақыл, өсиетке құрылған.

Қорытынды: «Қашаған - қалқан қағыстырып, найза сілтемесе де, бүкіл ғұмыры күреспен өткен ақын. Ол көргенсіз әдепсіздікпен, қаскөй қасиетсіздікпен, дарақы даңғойлықпен, қараңғы надандықпен, таңқы дүмшелікпен, қомағай тоғышарлықпен, алакөз алауыздықпен, бетімен кеткен жүгенсіздікпен күрескен».

(Т.Медетбек)

Сергіту минуты: Қашағанның «Тойбастар» термесі орындалады.

Мұғалім: - Ө.Кекілбаевтың ақын туралы мынадай әңгімесі бар:

- «Қашекем Қырықкездегі ақ шаңқан кесененің астында жаппаған секілді. Ол қартайған шағында ат үсті, ер соқты жүрісті ауырсынып, шудасы тізесіне түскен, екі өркеші баладай атанға мініп, ел аралайды екен. Сол әдетімен желмая мініп жерұйық іздеп кеткен Асан бабасының артынан сол сары атанын сар желдіріп, елге ынтымақ, ерге ынсап, жалқыға парық, жалпыға пәтуа іздеп кеткен сияқты». Бізде солай ойлауымыз керек, балалар.

Үйге тапсырма. Бағалау.

А.ТАУБАЛДИЕВА,
Алматы қаласындағы
химия-биология
бағытындағы Назарбаев
Зияткерлік мектебі.

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫН ОҚИТУ

7-сынып

Оқу мақсаты: Жалпы мақсаттар:	Салыстыру және талдау жасау. Балаларды сыни тұрғыдан ойлата отырып, оқушы белсенділігін анықтау. Сабақ барысында оқушылардың зерттеу жұмыстары мен топтық жұмыстарын бірлестіру арқылы баланы жүйелі ойлауға жетелеу. Диалог, сұхбат қолдана отырып, бала дүниетанымын кеңейту, ой көкжиегінің өсуіне ықпал ету.
Міндеттері:	1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының мазмұнын түсіну. 2. Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын үйрену. 3. Балалардың терең ойлай білуі, сөз саптауы, жыр идеясын анықтай білуі, керек сәтте шешім қабылдай алуына ықпал ету. 4. Сөз мағынасын ашу, сөз қадірін білуге үйрету.
Оқыту нәтижесі:	Жыр мазмұнын толық меңгереді. Жырдың көтерген негізгі өзекті мәселелерін, тақырыптарын анықтауды үйренеді.
Негізгі идеялар:	Жастар арасындағы адал махаббат. Жастар махаббатына ертедегі қоғам және жеке адамдардың қарсы іс-әрекеті.
Ұйымдастыру. 2 мин. Тапсырмалар.	1. Жырдағы қолданысына қарай берілген тілдік бірліктердің мағынасын ашу. (5мин) Қыдыр қонар-бақ қонды. Кесел-ауру. Мағшарда-о дүниедегі сұрақ күні. Шолпы тартып - мұқтаждық, жетіспегендік. Іребдел- іріктелген, таңдамалы. Шідері-аттың тұсауы. Жөргекте- бесікте. Көпір- дінінен безген адам. 2. Жырда ауыз әдебиеті үлгілерінің қандай түрлері кездеседі? (5 мин) Бата - адал ниет,ақ жүректен шыққан жақсы тілек,жылы лебіз. Әдетте батаны көпті көрген ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер, кемеңгер даналар,аузы дуалы кісілер, би-шешендер берген. Қоштасу-елдің бастан кешкен қайғы-мұңы және адам өмірінің өтпелі шағына, өтіп бара жатқан заманға қоштасу мен қимастық сезімі айтылатын жыр.

Естірту-әлдекімнің туған-туысы қайтыс болғанда көңіл айтуы. Ол өлен, күй және қарасөз түрінде кездеседі. Көңіл айту-қайтыс болған адамның жақындарына алыс-жақын, ағайын-туыстың,тілектес кісілердің «арты қайырлы болсын», «иманы берік болсын»секілді көңіл жұбатарлық сөздер айтуы. Жар-жар-топпен айтылатын, ұзатылып бара жатқан қыздың қайын жұрты жағынан жігіттер, қыз жағынан қыздар шығып, алма кезек айтылатын жыр. 3. Мағынаны табу (5 мин) Құдалық-жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі,яғни бойжеткен қызын сұрайды.Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн-жоралғылары жасалады. Атастыру-ескі салт,қыз бен жігіт ата-аналарының күні бұрын уәделесуі. Сүйінші сұрау-жақсылық,қуаныштты хабар әкелгенде сүйінші сұраған. Аңшылық-аң аулау ертеден қалыптасқан салт.Шын мәнінде сауық құру,қызық,шынығу, ептілік, серілік, сезімталдық сергектік, білімпаздық сияқты көптеген қасиеттерді ұштайтын өнер мектебі десе де болады. Сауын айту-бір елде ас, үлкен той болатын болса, ол күні бұрын жан-жаққа хабарланып сауын айтылады.Бұл жай шақыру емес, әр ел салт-дәстүрмен,яғни батыр, палуанымен, жүйрік атымен, ақын, жыршысымен, сайыс сабасымен келсін дегенді білдіреді. Сәлемдеме- ол адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі.Көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты. «Ақылдың алты қалпағы» Эдвард де Боно тәжірибесі бойынша әр топқа жеке тапсырмалар беріледі. (20-25) Ақ қалпақ - ақпарат, фактілер, сандар... Қызыл қалпақ - ішкі сезім... Қара қалпақ - логикалық негативті ойлау...Сары қалпақ - логикалық позитивті ойлау... Жасыл қалпақ - шығармашылық ойлау... Көк қалпақ - ойлау процесін басқару, қорытынды. А) Ақ қалпақ: Жырдың белгілі немесе қажетті тұстарына тоқталады, балалардың назарын сол идеяларға аударуға тырысады. Ә) Сары қалпақ: Бұл қалпақпен сіз жырдың жағымды жақтарын зерттейсіз және өз назарыңызды, күш-жігеріңізді оның жетістіктері мен жақсылықтарын іздеуге жұмсайсыз. Б) Қара қалпақ: Бұл- «әзәзілдің қорғаушысы» жырдың жағымсыз жақтарымен мақтана аласыз,оны өз беттеріңізше қорғауға әрекет етесіз. В) Қызыл қалпақ: Сезімге ерік бересіз, жыр туралы болжамды және ішкі өз түйсіктеріңді білдіресіздер. Г) Жасыл қалпақ: Жыр кейіпкерлерінің мүмкіндіктеріне, олар бақытты болуға лайықты жол таба алатындығына, жаңа идеяларға бағытталады. Ғ) Көк қалпақ: Ойлау үдерісін басқарады. Бұл бақылаушы тетік, ол барлық алты қалпақтың бағыттарын бақылауға кепіл береді. Бес топтың айтқандарының сәтті, сәтсіз шыққандығына тоқталады.

Кері байланыс. Қорытынды.	4. Кейіпкерді таны. Бұл кім? Қареке-ау, бай екенсің сөзің шалыс, Екеуміз жапан түзде болдық таныс. (Сарыбай) Бұл кім? Балталы, Бағаналы ел, аман бол! Бақалы, балдырғанды көл аман бол!(Ай,Таңсық) Бұл кім? Асыраған қызынды мен алмаймын. Жалғыз қызың Баянды мен аламын.(Кодар) Жырдағы кездесетін жер-су атаулары-Балталы, Бағаналы, Шідерлі, Аягөз, Қызылбелбеу, Абыралы, Жалаулы.
Бағалау	Өлшемдер бойынша бағалау.

- Ақ қалпақ - ақпарат, фактілер, сандар...
 Қызыл қалпақ - ішкі сезім...
 Қара қалпақ - логикалық негативті ойлау...
 Сары қалпақ - логикалық позитивті ойлау...
 Жасыл қалпақ - шығармашылық ойлау...
 Көк қалпақ - ойлау процесін басқару, қорытынды.

Жетістік өлшемдері:

1. Жырдағы қолданысына қарай берілген тілдік бірліктердің мағынасын аша алады.
2. Жырда ауыз әдебиетінің үлгілерін тауып, сөздің мағынасын аша алады.
3. Шығармаға талдау жасай алады.

Ө.ТҰРСЫНОВА,
«Жаңа Ғасыр» № 175 гимназиясы,
Алматы қаласы

ДУЛАТ ИСАБЕКОВТІҢ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

(8-сынып)

Мақсаты: тақырыптың мазмұнын түсіндіріп, сөздік қорын молайтуға жағдай жасау, кейіпкерлердің бейнесін ашу.

Жалпы мақсат: тақырыпты түсініп, рөлге бөліп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже: Драмалық шығарма туралы, театр өнеріне қатысты терминдермен танысады. Актерлік өнерді бағалай алады, кейіпкерлерге талдау жасау барысында және драматургтің ойын түсіне отырып, сыни тұрғыдан ойлана біледі, өмірге деген көзқарасы артады.

Модульдің қолданылуы: АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, «Оқытуды басқару және көшбасшылық».

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: «Мозайка» әдісі, Миға шабуыл, «Қара жәшік», «Мнемоника», «Болжау», «Соңғы сөзді мен айтайын» стратегиялары

Қолданылатын ресурстар: флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер.

Ұйымдастыру кезеңі: психологиялық ахуал қалыптастыру.

«Мозайка» әдісі бойынша сурет арқылы Асанәлі Әшімов, Меруерт Өтекешова, Әмина Өмірзақова, Тұңғышбай Жаманқұловтардың суретін көрсету, қазақ театрлары туралы айта отырып, сыныпты топқа бөлу; (Оқушылардың мұндағы мақсаты суреттер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу)

Сабақ кезеңдері: Кіріспе сөз:
«Пьеса-драма, комедия-әдебиеттің қиын формасы»
(М.Горький).

-Нағыз артист сахнада артист болып емес, кейіпкерінің тағдырымен өмір сүреді.

Қызығушылықтарын ояту.

Топтың атын таңдау.

-Балалар, сіздер Алматы қаласындағы қандай театрларды білесіңдер? Сол топтың аты болып қалады.

I топ-М.Әуезов театры.

II топ-Ғ.Мүсірепов театры.

III топ-Опера-Балет театры.

Білу деңгейі.

Авторға глоссарий кестесін толтыру.

№	Жылдар	
1	20.12.1942ж.	Оңтүстік Қазақстан обл. Сайрам ауданында дүниеге келген.
2	1966 жылы	Қазақ Ұлттық Университетін бітірген
3	1967-68жж	ҚР Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетте аға редактор
4	1968-70 ж..	Қазақ Совет энциклопедиясында аға ғылыми редактор
5	1971- 76 жж.	«Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі
6	1988-92 жж.	Қазақ теледидарының бас редакторы
7	1992- 95 жж.	Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы қызметкері
8	1988 жылдан	ҚР Мәдениеттану және өнертану ғылыми –зерттеу институтының директоры
9	1963жылы	«Замандастар» жинағы
10	1966- 70 жж.	«Бекет», «Ащы бал», «Мазасыз»
11	1973-1983жж.	«Қара шаңырақ», «Тіршілік», «Екі жиырма» әңгіме повестері, «Қарғын» романы
12	1987 жылы	«Жеті желкен» пьесалар жинағы
13	1977- 79-82-84-86 жж.	«Әпке» пьесасы, «Ертеңгі күту», «Мұрагерлер», «Алыстан келген ананас», «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Ескі үйдегі екі кездесу» т.б. пьесалар мен сахналық қойылымдар.
14	1975- 86ж.ж.	«Гауһар тас», «Дермене», «Тауқымет» туындылары бойынша көркем фильмдер түсірілген.
15	1992-1996ж	ҚР Мемлекеттік сыйлығы, Халықаралық ПЕН клубы сыйлығының лауреты, «Құрмет» орденімен марапатталған
16	2015жылы	«Әпке» драмасы бойынша көп сериалы фильм түсірілген.

«Миға шабуыл» әдісі арқылы үй тапсырмасына

дайындығын тексеру.

1. Шығарма авторы туралы не білесіз?
2. Шығарма неліктен «Әпке» деп аталған?
3. Драма дегеніміз не?
4. Шығармадағы драматургтің негізгі ойы неде?
5. Пьесадағы адамгершілік мәселесі сізге қандай ой салды?
6. Қамажайдың төзімділігі мен шығамдылығы туралы не айта аласыңыздар? Оның сыры неде?
7. Қамажайдың ана орнына ана болуының мәнісі неде?
8. Сіздің әпкеңіз бар болса, пьесадағы әпкемен ұқсастығы бар ма? Қандай қасиетімен ерекшеленеді?
9. Пьесада жастардың бақыт туралы пікірлерінен қандай ой түйдіңіздер?
10. Қай кейіпкерді өзіңе жақын тұттың немесе ерекше ұнады?
11. Шығарма соңында Қамажай неліктен жабырқаулы қалады?
12. Қамажай неліктен өз бақытынан өзі бас тартты?
Түсіну (Қабылдауды ұйымдастыру) Оқулық бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеу .
Жоспар (2 минут)

Акт. Суреттер. Көріністер	Мазмұны
I. Акт	Назила, Гауһар және Әпке
	Жиналыс
	Кездесу
II. Акт.	Камила мен Тимурдың әпкеге ренжіп кетуі.
	Гауһар мен Камила . Омар
	Бригадир Тимур
	Ана мерейтойын жалғыз қарсы алған Қамажай.

Композициялық жоспар құру.

1. Шығарманың экспозициясы. Қамажай сіңлісі мен құрбысының Тимурдың әрекетіне таң қалуы.
2. Оқиғаның дамуы: А) Сұлтаннның туған күні;
Ә) Тимур мен Камиланың бөлек шығуы;
Б) Қабен мен Қамажайдың кездесуі;
3. Оқиғаның шарықтау шегі. Қамажайдың

бауырларының жетістіктерге қол жеткізуі.

4. Оқиғаның шешімі. Жалғыз қалған әпке.

Қолдану (Пайымдауды ұйымдастыру)

«Қара жәшік», «Мнемоника» стратегиялары.

«Қара жәшік ішінде» жасырын берілетін тапсырма болады. Әр топқа пьесаның үзіндісінен бір сөйлем жазылған тапсырма беру. Әр топ берілген сөз бойынша пьеса үзіндісін анықтап, сол үзіндіні актерлік шеберлікпен ойнап шығу.

I топ: - Сонда мен қол қусырып отыра бермекпін бе?

II топ: -Бүгін лакталған туфли алдым.

III топ: -Сол кезде жыртылып жатқан жеделхаттарды көріп, оны қолына ала береді. Талдау. (Түсінгендерін тексеру). Кейіпкерлерге талдау жасау.

Кейіпкердің аты	Іс-әрекеті	Мінез-құлқы	Адами қасиеттері	Өз болжамыңыз
Қамажай Әпке	Бауырмашыл, кішіпейіл, қамқор, тілекші бола білетін ізгі жүректі жан.	Жайдары, ашық, жайлы, ешкімге ренжімейтін ақ көңіл, мейірімді, айтқанында тұра білетін қайсар мінезді.	Інілеріне ана орнына ана бола білген, адамдықты жоғары ұстана алатын, өз тағдырынан гөрі басқаның жоғары қоятын, жалғандыққа бармайтын, адал жолмен жүретін адами қасиетті арындай көретін адам.	Өз туған інілері мен сіңлісіне ана орнына ана бола білген Қамажай мен үшін ерекше, мына өмірде қайталап бермейтін әпке.

Талдау. Болжау стратегиясы.

Оқушылар қай кейіпкердің қашан, қай жерде айтқанын табады.

1. – *Жоқ, асығыс емес. Дайындалуға уақыттарың бар. Үш күн өткен соң.* (Сұлтан Темірдің үйленетіндігін айтқан жері)

2. –*Болмайды. Сен мені адастырып барасың ғой.* (Қабен мен Қамажайдың кездесіп сөйлескен кезі.)

3. *Адам жанының жұмбақ екенін білесің ғой.* (Гауһардың Назилаға айтқан сөзі.)

4. –*Енді бәрі жоқ. Олар бізді енді сағынбайды.* (Ермек аналарының туған күніне ешкімнің келмейтіндігін Қамажайға айтуы.)

5. – *Иә, мен ... іріткі салып жүрмін?* (Қамажайдың Тимурмен ренжісіп қалған кезіндегі айтқаны.)

6. – *Бұл слишком арифметикалық жауап.* (Камиланың Сұлтанға берген жауабында айтқан сөзі.)

7. – *Таба алмай жүрген асыңның*

Ит жегенін көресің...

Ретсіз бөлген дүниенің

Айтшы, құдай, төресін...

(Назиланың ағасы Темірбекке айтқан қырсық сөзі.)

Оқушылар өздері жазғысы келген кейіпкерге хат, эссе, өлең жазады.

Қамажайға хат. Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы туралы эссе.

Мен пьесаны оқып таныса отырып, көптеген ой түйдім. Өмірді шынайы сипаттай білген деп білдім. Тағдырын туған бауырлары үшін сарп еткен әпке көз алдымнан кетпей қойды. Бұл пьесада Қамажай атты үлкен әпкесі және бауырлары Омар, Темірбек, Ермек, Нәзила деген кейіпкерлерді кездестіреміз. Одан бөлек Нәзиланың құрбысы – Гауһар, Тимурдың сүйген қызы, кейіннен әйелі – Кәмила, Тимурдың досы – Сұлтан, Сұлтанның қасындағы қыз – Сұлхан, Қабен де бар. Анасы қайтыс болған кезде бес баланың тұңғышы – Қамажай бауырларына қамқор болуды өзіне міндет етеді. Қолынан келгенше інілері мен сіңлісін оқытып, тәрбиелейді. Бауырларына әке орнына әке, шеше орнына шеше болды. Қамажай бауырлары үшін жұмыс істеуді де, қызықты өмірді де, жастығын да ұмытады, іні-сіңілілерінің бақытын ойлап, өмірден орындарын тапқанын қалайды. Осы міндетін орындауда өз бақытын ұмытуға да дайын еді. Өзін шын көңілімен жақсы көретін Қабенге де: «Менің бауырларым бар, оларды жалғыз тастай алмаймын», - дейді.

Пьесада Тимур мен Нәзиланың бір-біріне дөрекі:

-Тоқтат! Тілінді кесіп, язык отварной жасаймын.

- Таптырмайтын деликатес. Менің тілім, міне, кішкентай-ақ. Төртеуіңе жете қояр ма екен? Жарайды. Өзім, закуска болғанша, ас үйге барып, бірдеңе әзірлесейін, жоғары мәртебелі тақсыр, - деген сөздерін көреміз. Бірақ, бұл – аға мен қарындас арасындағы ойын. Тимурдың әпкесіне

айғайлап, қайдағы бір жеңілтек қыз үшін үйден кету туралы шешімі-үлкен қателік еді. Дегенмен, пьесаның соңында Қамажайдың інілері де, сіңлісі де өмірден өз орындарын табады. Қамажайдың жалғыздан жалғыз қалуы драманың соңында оқырманды бей-жай қалдырмайды. Мен де Қамажайдың қалған өмірінде бақытты болуын тіледім. Отбасымыз аман, тыныштық болсын деп тілеймін!

Ойтолғаныс.

Әпкеме

Анам болған әпкетай,
Әкем болған әпкетай,
Қамқор болып біздерге,
Жан жылуын аямай,
Өз бақытын ойламай,
Өз тағдырын ойламай,
Жанашым – әпкетай.

Анадай бізді мәпелеген,
Ел қатарына жеткізген,
Бауырларын жөнге салып,
Әпкетай өзің өсірген.

Алғыстарым шексіз

Анашым менің әпкетай. (Утепбергенов Ерсұлтан)

Әспен Камила: -Мен теледидардан «Әпке» көпсериялы киносын көрдім.

Әпкеге айтар ойым

Құрметті, әпке! Мен сіз туралы теледидардан кино көрдім. Өмірдің қиындығы мен тағдырдың тауқыметін тарттыңыз. Сонда да адами қасиетіңізді биік ұстадыңыз. Сондықтан мен сізді мақтан тұтамын. Өз бақытыңызды шектей отырып, бауырларыңызды жеткіздіңіз. Сіздей парасатты адам қанша да бақытқа лайықты. Қазіргі жетім балалардың тағдыры мені қатты алаңдатады. Солардың аналарының орнына сіздей мейірбан әпкесі болса ғой. Жетімдіктің қасіретін тартпас па еді. Осы пьесаны оқып, киносын көрген соң мен көп нәрсеге көзім жеткендей болды. Менің қолыма қалам алып толғандырған осы шығарманың авторына мың да бір алғыс айтқым келеді.

-Балалар, сіздер әпкенің орнында болсаңдар не істер едіңдер?

-Әпке бақыты туралы не айта аласыңдар?

- Парасатты Әпке сіздерге қандай ой салды?

Сабақты тест жұмысы арқылы қорытындылау.

1. Сәйкестендіру.

1. Омар.

2. Темірбек.

3. Ермек.

4. Назила.

5. Гауһар.

а) інісі;

ә) үлкен інісі;

б) кіші інісі;

в) сіңлісі;

д) Назиланың құрбысы.

2. Сәйкестендіру.

1. Қабен.

2. Қамажай.

3. Сұлұхан.

4. Камила.

5. Сұлтан.

а) Тимурдың досы;

ә) Қамажайды сүйген жігіт;

б) әпкенің есімі;

в) Сұлтанның қасындағы қыз;

д) Тимурдың қызы, кейін әйелі.

3. Сәйкестендіру.

1. Омар.

2. Темірбек.

3. Қамажай.

4. Назила.

5. Камила.

а) баласынан айырылады;

ә) КамАЗ-да бригадир;

б) ғалым, философ;

в) мұғалім;

д) тұрмыс құрмайды.

4. Сәйкестендіру.

1. Омар.

а) ерке мінезді, тура сөзді;

2. Темірбек.

ә) қарапайым, бауырмал;

3. Қамажай. б) ғылыми тілде сөйлейді, жаны ізгі;
 4. Назила. в) тік мінезділеу, жаны адал;
 5. Ермек. д) бауырмал, барлығын сағынатын көпшіл.
 5. Пьесадағы «Біздің әпкешка бала сияқты. Не айтсаң, соған сене береді»- деген сөз кімдікі?
 а) Омар;
 ә) Темірбек;
 б) Қамажай;
 в) Назила;
 д) Камила.
 6. Қамажайдың отбасындағы жиналыс не туралы болды?
 а) Тимурдың үйленуі туралы;
 ә) Қамажайдың жұмысқа шығуы туралы;
 б) Омардың диссертациясы туралы;
 в) Аналарының мерейтойы туралы;
 д) Камиланың қателігі туралы.
 7. Тентектікті ана көтерсе де, дала көтермейді,-деген Қамажайдың аналық сөзі кімге айтылды?
 а) Омар;
 ә) Темірбек;
 б) Сұлтан;
 в) Назила;
 д) Ермек.
 8. Қамажайдың өз өмірінен інілерінің тағдырын артық санауының мәнісі неде?
 а) Қамқоршылары жоқ болғандықтан;
 ә) Әпкелері болғандықтан;
 б) Жасы үлкен болғандықтан;
 в) Үйлену жасынан асқандықтан;
 д) Амалы жоқтықтан.
 9. Қамажайдың «Менікі қайбір жүректілік дейсің, осыларға деген ----- шарпуы шығар» - деген әпке сөзін толықтырыңыз.
 10. «Бәрің де кетіндер жан-жаққа тарап, мен қалайын жападан-жалғыз»,- деген сөзді Қамажай не үшін атты?
 а) Темірбек бригадир болып кетпекші;
 ә) Омар Қарағанды университетінің кафедра меңгерушісі болып кетпекші;
 б) Ермек оқуда жүргенде;

- в) Назила неміс тілі пәнінің мұғалімі болғанда.
 д) Камила тұрмысқа шыққанда.
 11. Қамажай тамақ дайындап отыр, Камила журнал оқып жатыр. Бұл пьесаның қай жері?
 а) Бірінші акт;
 ә) Екінші акт;
 б) Пьесаның соңы;
 в) Пьесаның басы;
 д) Бірінші актының ортасы.
 12. Кейіпкерлер іс-әрекетін немесе сөзін сәйкестендіру.
 1. Назила.
 2. Темірбек.
 3. Камила.
 4. Омар.
 5. Қамажай.
 а) Шығарып салуға болады да, әрине, болар еді. Бірақ Ермектің сөзі бөгет болғаны.
 ә) Омар мен Гауһардың үйленуіне себепші болған.
 б) Әйел оған таңғалып қарап қалған.
 в) Шапалақ жеген, ұрды деп жала жапқан
 д) Үйдің тамағын сағынып қалған және мамулясынан кешірім сұраған.

Бағалау кезеңі:

- Балалар, бағалау парақшасы бойынша бүгінгі сабақтағы білімдерінді бағалап шығыңыздар.

№	Оқушының аты -жөні	Сабаққа қатысуы	Тестік жұмыс	Шығармашылық жұмыс	Қорытынды бағасы
1.					

Үй тапсырмасы: «Менің отбасым және отбасылық қарым - қатынас» тақырыбына шағын ойтолғау, эссе жазу.

Г.БАЙБОЛАТОВА,
Аққозы ЖОББМ-балабақшасы.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Қаратөбе ауданы

ЕТІСТІК

Мақсаты:	Етістік туралы білімдерін әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы саралап жинақтау, зейінін тұрақтандыру.		
Күтілетін нәтиже:	1. Оқушыларды ҰБТ-ға сапалы дайындауда тиімді әдістері мен түрлерін кенінен пайдалану; 2. Оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін өмірде тиімді пайдалана білуге үйрету; 3. Орташа ұпайын жоғарылатуға тарта отырып, өз біліміне сенетін белсенді тұлға қалыптастыру.		
Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, оқыту формасы	СТО, бағалау, АКТ-мен жұмыс. Топтық, жұптық.		
Дерек-көздер, құрал-жабдықтар	Оқулық, флипчард, стикер, суреттер, маркер, кеспе қағаздары		
Сабактың барысы	Уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушылар әрекеті
Кіріспе.	5 мин.	Амандасу. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Психологиялық тренинг Топқа бөлу. Сұрақ: Сенің ойыңша ҰБТ сөзі қандай мағына береді?	Амандасады. Топқа бөлінеді. «ҰБТ» сөзінің мағынасын ашады. (Ұмтылу, білу, талпыну) немесе ұмытылмайтын білім тексерісі, т.б.)

Тұсау-кесер	10 мин.	«Ыстық орындық» әдісімен үй тапсырмасын сұрау. «Бас бармақ» әдісімен бағалау. Қызығушылықты ояту. Миға шабуыл. Барша заттың бір өзімде қимылы, Сөз табының күрделісі, қиыны. Сабакты, салт, есімше мен көсемше боп, Шақтар, райлар, етістер боп жиылды. -Ендеше бұл қай сөз табы? -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Етістік».	Бір оқушы ортаға отырып, өзге оқушылар оған сұрақ қойып, өткен тақырыптарды қайталап шығады. Оқушылар өз ойларын айтады.
-------------	---------	---	---

Негізгі бөлім	25 мин.	Топтық жұмыс. Тұжырымдамалық кесте Тапсырмалар Семантикалық карта Сәйкестендіру Морфологиялық талдау жасау Шығармашылық жұмыс Етістік қызмет етеді	Екі топ кестені кеңесе отырып, толтырады, білімдерін толықтырады кестені дұрыс жауаптарымен сәйкестендіреді. «Бағдаршам» арқылы бағалау
Қорытынды	5 мин.	«Өзіңізді тексеріңіз: Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба?» әдісі. -Ұмтылу мен талпынудың арқасында неге қол жеткіздік? Үй тапсырмасын беру. Кері байланыс.	Оқушылар өз білімдерін тексереді -Білімге.

БЛЕКЕРОВА,
 № 49 орта мектеп.
 Оңтүстік Қазақстан облысы,
 Шымкент қаласы

ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТЕР

Мақсаты: білімділік - оқушыларға «Етістіктер» тақырыбын қайталата отырып ырықсыз етістің анықтамасы мен жасалу жолдарын меңгерту; дамытушылық- етіс түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсете отырып айырмашылықтарын айқындау, тәрбиелік-жаңа технологияны қолданып білімдерін көрсету.

Әдісі: деңгейіне қарай дамыта оқыту.

Түрі: жаңа сабақ.

Көрнекілігі: таблица, үлестірмелі қағаздар, семантикалық карта.


Ұйымдастыру кезеңі. Үй тапсырмасын сұрау.

Жаңа сабақ. Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, өздігінен істелетіндігі көрініп, *-ыл, -іл, -л*, түбірдің ішінде *-л* дыбысы болса, *-ын, -іл, -л*, түбірдің ішінде *-л* дыбысы болса, *-ын, -ін, -н* жұрнақтары арқылы жасалатын етіс түрі ырықсыз етіс деп аталады. Ырықсыз етіс тек сабақты етістіктен жасалады және өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістіктен жасалады және өзі жалғанған сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. *Сөз айт-ыл-ды, уәде бер-іл-ді, шарт жаса-л-ды.*

Етістіктің түрлері

Тұлғасына қарай
 Негізгі: *кел, бар*
 Туынды: *шегеле*

Құрамына қарай
 Дара: *айтты*
 Күрделі: *айтып барған*



IV. Оқулықпен жұмыс. 244-жаттығу. Етістіктердің түбірі мен қосымшаларын дефис арқылы ажыратып жазыңдар.

Үлгі: *жина-л-ма-ды..*,

1-деңгейлік тапсырма: *салынды, отырғызылды, кешіктірілмейді, шақырылды, өсірілді* деген ырықсыз етістерді қолданып сөйлемді құраңдар.

2-деңгейлік тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

Ой толғау. Жақсы адамнан-шарапат.

3-деңгейлік тапсырма. Терме диктант.

Үлестірмелі қағаздар беріледі.

2. Семантикалық карта.

Сөз тіркесі. Етіс түрлері	Ырықсыз	Өздік етіс	Өзгелік етіс

Жыр айтқыз Шөпті баспа Асан жуынды Білімін толықтырды Шөп орылды Өзі киінді Үйге жатқызды Есік ашылды Үйді тазалатқыз Шам сөндірді			
---	--	--	--

Тест жұмысы.

1. Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы:

- а) зат есім;
- ә) сын есім;
- б) етістік.

2. Дара етістікті көрсет:

- а) келе жатыр;
- ә) алып берді;
- б) тұр.

3. Күрделі етістікті көрсет?

- а) отыр;
- ә) алып берді;
- б) тұр.

4. Болымды етістікті тап:

- а) тұр;
- ә) келді;
- б) бармады.

5. Болымсыз етістікті тап:

- а) отыр;
- ә) келді;
- б) бармады.

6. Сабақты етістікті көрсет:

- а) отыр;

ә) күл;

б) бармады.

7. Салт етістікті табыңыз:

а) баста;

ә) жазбаймын;

б) ұйықта.

8. Өздік етістің жұрнақтарын көрсет:

а) -ыны,-ін,-н;

ә) ғар,-гер;

б) -ар, -ер.

9. Өзгелік етіс жұрнақтарын көрсет:

а) -атын, етін;

ә) -ар, ер;

б) -қыз,-дыр.

10. Өзгелік етіс жұрнағы қатысқан сөзді көрсет:

а) таранды;

ә) салынды;

б) бітірт.

Қорытынылау сұрақтары:

- Етіс дегеніміз не?

- Ырықсыз етіс дегеніміз не?

- Өзгелік етіс дегеніміз не?

Мысал келтіріңдер.

Үй тапсырмасын беру. Бағалау.

**Г.ҚУАНЫШЕВА,
№1 мектеп-гимназиясы.**

Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Миялы селосы

ТІЛ ҰСТARTY

Мақсаттары: келер шақтың болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ болып бөліну ерекшеліктерін қайталау, оларды ауызекі сөйлеу тілінде дұрыс қолдану және таба білу. Бірлескен жұмысты жақсарту.

Күтілетін нәтиже: болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақты бір-бірінен ажырата біледі, дұрыс қолдана алады, бірлесіп жұмыс жасай алады.

Табыс өлшемдері: Келер шақ түрлерін ажырата аламын, ауызекі сөйлеу тілінде дұрыс қолданамын.

Модульдері: АКТ, СТО (сын тұрғысынан ойлау), ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшеліктері), ТжДОЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс). ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық), ОУБЖОБ (оқыту үшін басқару және оқытуды бағалау), ДО (диалогтық оқыту)

Бағалау: Өзін өзі (ӨӨБ), жұптық (ЖБ), топтық (ТБ), жиынтық (ЖБағ)

Деректер: тақта, стикерлер, постерге арналған қағаздар, маркерлер, бағалау парақтары

Әдіс-тәсілдер: Кім жылдам? Миға шабуыл. Сұрақ-жауап. Аквариум әдісі. Эссе.

Сабақ кезеңдері	Уақыт	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Модульдер
Білім Қызығушылықтарын ояту	2мин	Өткен тақырыптарды еске түсіру мақсатында сұрақ- жауап арқылы тексеру	Өткен тақырып төңірегінде оқушыларды сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау	Оқушылар сұраққа жауап береді	АКТ

Білу.Түсіну	7 мин	«Кім жылдам» әдісі бойынша өткен тапсырманы пысықтау деңгейлік тапсырма арқылы алға кадам басу Семантикалық карта	Өткен тақырыпты еске түсіріп, ой қозғау мақсатында деңгейлік тапсырма арқылы диалогқа түсіру Әр топқа семантикалық картамен жұмыс	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерімен санаса білу Топпен жұмыс жасау	ЖТ ЖЕ
Қолдану	10 мин	«Эссе жазу» «Мақтанышым – ұлттық ойын» (Топ бойынша Эссе жазу, жинақтау,	Мұғалім тақырыпқа байланысты тапсырма береді	Оқушылардың мақсаты өз ойларын қағазға жазу арқылы жеткізу	СТО
Сергіту сәті	1 мин	«Дене шынықтыру» атты жаттығу жасау	Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау	Интербелсенді тактадағы тапқақ бойынша жаттығу жасайды.	АКТ
Талдау	15 мин	Постермен жұмыс Келер шақтан өткен тақырыптарға байланысты «КАСТ» әдісі пайдалану арқылы оқушының қызығушылығын арттыру	Топтарға өткен тақырып бойынша талдау және түсініктерін тексеру мақсатында өз пікірлерін күн суреті арқылы қорғайды. Күн туралы өз ойларын суретке салады	Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру, тактаға шығып тапсырманы қорғау	СТО ДО
Жинақтау	5 мин	Мақал-мәтел сайысы. Мақал-мәтел айтып, оның етістіктерін анықтайды. Әр айтқан мақалының етістіктерінің шақтарын дұрыс табады	Оқушылардың жауаптарын тыңдап, бақылайды.	Берілген тапсырманы тез орындайды, қатесіз айтуға тырысады.	ЖЕ АКТ ДО
Бағалау	2 мин	Өзін-өзі бағалау (2 мин) Бағдаршам, бағалау парақшалары басбармақ	Тапсырманы өздігімен дәптерге жазғызу. Бағалауды басқару Жауаптарын қабылдап, бағыт беру	Ойлап табады, байланыстырады, шығарады. Ойын түйіндейді. Дәптерге шағын әңгіме жазады. Дәптер алмасып тексереді ЖБ Бағалайды, талқылайды. Өз пікірін айтады.	
Рефлексия	2 мин	Стикерлерді толтыру Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойының стикерге жазып, тактаға іледі (2 мин)	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну	Ұсынылған стикерді толтыру	

Ж.РАЙЫМҚҰЛОВА,
№217 Б.Шалғынбаев атындағы орта мектеп.
Қызылорда қаласы

ЖАЛАҢ, ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМДЕР

Осы сабақта қол жеткізділуі тиіс оқу мақсат (тары)	Ж11- сөздердің сөйлемдегі грамматикалық,лексикалық қолданылуы мен қызметін түсінеді,жазылым барысында қолданады; Т/А1 – Мәліметтің негізгі бөліктерін түсінеді, нақты және астарлы ойды анықтап айтады.	
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар істей алады: Жалаң, жайылма сөйлемдерді түсінеді. Айырмашылықтарын ажырата алады.	
	Оқушылар көпшілігі істей алады: Жалаң, жайылма сөйлемдерді жазылым барысында тиісінше қолданады, мысалдар келтіре алады.	
	Кейбір оқушылар істей алады: Мәтіндегі сөздердің сөйлемдегі грамматикалық,лексикалық қолданылуы мен қызметін толық түсінеді,жазылым барысында қолданады; Мәліметтің негізгі бөліктерін түсініп, нақты және астарлы ойды анықтап айтады,өмірмен байланыстыра алады.	
Тілдік мақсаттар	Бірнеше сөздердің орыс және ағылшын тілдеріндегі баламаларын табады.	
Осының алдындағы тақырыптар	Жақты, жақсыз сөйлемдер.	
Сабақ барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақта жоспарланған оқыту іс - әрекеттері	Ресурстары
Басы 10минут	Сабақ мақсаты Сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру Топқа бөлу Топ ережесімен таныстыру «Тұлғаны таны»әдісі (Үй тапсырмасы) 1. Баяндауыштың бір өзі–ақ мендей сөйлемді жасауға ұйытқы болады.Сонда мен кіммін? (Жақсыз сөйлем) 2. Мен бір ғана тиянақты ойды білдіремін. Мен кіммін? (Жай сөйлем) 3. Мен бастауышты мүлдем керек етпеймін. Менің кім екенімді табындаршы. (Жақсыз сөйлем) 4. Ал менде керісінше, бастауышты тығып қойсам да, оны тауып ала береді. (Жақты сөйлем) 5. Ханға қарсы шыққым келмеді.Мен қалай жасалғанмын? (Баяндауыш етістіктің қалау райының –қы жұрнағынан болып тұр) 6. Сол шайқастан соң көңілі суып кетті. Мен қалай жасалғанмын?(Сөйлемнің баяндауышы тұрақты тіркестен жасалған).	Кілемше, топ атаулары,сөйлем атаулары жазылған парақтар, Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді

Ортасы 30минут	Интербелсенді тақтада төмендегі сөйлемдер көрсетіледі. Бір оқушы оқиды. «Миға шабуыл» -Мына сөйлемдерден не байқадыңдар? -Екі бағанда орналасқан сөйлемдер арасында қандай айырмашылық бар?	Интербелсенді тақта, плакат, маркер, стикер, қорапшалар	
	Тарих дәлелдеді.		Тарих осы бағыттың дұрыс болғанын дәлелдеді.
	Мәселелер қаралды.		Онда маңызды мәселелер қаралды.
	Патша үкіметі жазалап отырды.		Патша үкіметі көтеріліс басшыларын шұғыл жазалап отырды.
	Халық түсінді.		Көтеріліске шыққан халық күш біріктіру қажет екенін түсінді.
Оқушылар жалаң, жайылма сөйлемдердің ережелерін өздері шығарып алады. Ауызша мысалдар келтіреді. «Айналма бекет» әдісі Әр топ берілген тақырыптар бойынша жалаң, жайылма сөйлемдерді пайдаланып бес сөйлем жазады да, екі сөзді белгілеп кетеді, үш қате жібереді. Келесі топ сөйлем түрін ажыратады, екі қатені түзетеді. Келесі топ белгіленген екі сөздің орысша баламасын, соңғы топ ағылшынша баламасын тауып, өз тобына қайтарып береді. 1-топ. Қазақ хандығының 550 жылдығы; 2-топ. Халықтар ассамблеясының 20 жылдығы; 3-топ. Конституцияның 20 жылдығы; 4-топ. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Табыс критерийлері: Сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болуы; Жалаң, жайылма сөйлемдердің қолданылуы; Топ мүшелерінің белсенділігі; Емлеге сай жазылуы. Осы табыс критерийлері арқылы әр топ өздерін бағалап, ортақ балл есептеп шығарады. «Сөздер банкі» әдісі Банк салымшылары берілген сөйлемдер ішінен өздеріне тиісті сөйлемдерді банк депозиті ретінде салады. Сөйлем талдау. (әр жұп бір сөйлемнен синтаксистік талдау жасайды).			

КАИТЖАНОВА,
Бидайық ЖОББМ.
 Қарағанды облысы,
 Жанаарқа ауданы,
 Бидайық ауылы

БІРІГУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

Мақсаты: оқушылардың төменгі сыныпта оқыған біріккен сөз туралы ұғымын кеңейту; ережесін, біріккен сөз емелесін меңгерту; оқушылардың сауатты жазуын қадағалау. Тәрбиелік мәні: жас ұрпақты туған жерін сүйеге, туған жерді қорғауға, оны аялай білуге тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, музыка, география.

Сабақтың көрнекілігі: біріккен сөздерден құралған ұлттық аспаптарға «Сөзжұмбақ», ұлттық аспаптар туралы буклет, туған жердегі құс, жәндік, өсімдік суреттері, Қорқыт суреттері, К.Салықов портреті, «Алтын сандық» (мақал – мәтелдер салынған) «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдарынан кітап көрмесі.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбы хабарланады, К.Салықовтың «Туған жерге» тақырыбындағы өлеңінің жыр жолдарымен бастаймын.

Туған жер нұрың көп пе, сырың көп пе?
 Қарайсың назданып та, күлімдеп те.
 Әуресін қуаныштың баса алмаймын,
 Жүрегім лүпілдеп те, дірілдеп те.

Соңы 5 минут	Сөйлем жайлы ертегімен сабақ қорытындыланады. «3.2.1» әдісі Әр топ 3 негізгі ой, 2 түйінді сөз, 1 сұрақтан жазады. Үйге тапсырма: 114-жаттығу. Оқушылар білімін бағалау.	Интербелсенді тақта, ақ қағаздар, стикерлер.
Қосымша ақпарат		
Бөліп оқыту – Сіз көбірек қолдауды қалай көрсете аласыз? Қабілеті жоғары оқушыларға сіз қандай тапсырмаларды беретін боласыз?	Бағалау – сіз ілгері басуды / оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс, денсаулық пен техника қауіпсіздік ережелері АКТ қолдану Құндылықтармен байланыс (тәрбие)
•Жұпта талқылау мен топта оқу арқылы нашар оқитын балаларды қолдау;	• Үй тапсырмасы- «Басбармақ» әдісі арқылы; • Ауызша мысалдар мадақтау сөздермен; • Талданған сөйлемдер балдық жүйемен • Әр топ өз бағасынан орта балл шығару арқылы бағаланады.	Қазақ әдебиеті, тарих, орыс тілі, ағылшын тілі, қазіргі өмірмен байланыс.
Рефлексия. Сабақ мақсаттары/ оқыту мақсаттары қол жетімді болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Берілген бөлімді өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. Сабақта оқыту мақсаттарына қол жеткіздік. Сөздердің сөйлемдегі грамматикалық, лексикалық қолданылуы мен қызметін түсінді, жазылым барысында қолдана алды; Мәліметтің негізгі бөліктерін түсінді, нақты және астарлы ойды анықтап айта алды. Ұтымды пайдаланылған әдістер топтық жұмыста нәтиже беріп, уақыт жағынан да тиімді орындалды.	

Ақ бұлақ қол сілтейді биік қырдан,
 Ақ марал жаутандайды шығып судан.
 Ұқсайды жас күніме – ескерткішке
 Қарағай ақ қайыңды сүйіп тұрған.

Еркелеп сағынышты кеміттірген,
 Қымыз жел қытықтайды желіктірген.
 Лебі сал бойымды қыздырады,
 Құшаққа қуанышпен келіп кірген.

Міне, ақын ағамыз жырлағандай біз бүгін сабағымызда «Бірігу жолдарымен жасалған күрделі сөздерді» өзіміздің туған жеріміз Бидайық ауылымен байланыстырамыз.

Балалар, қане, кім айтады, сендер қандай жерлерді білесіңдер? Тақтадағы плакатқа назар аударайық.

Қармола	Ақтайлақ	Сары - су
	Бидайық	
Ақшағат		Көкөзек

Бұл елді мекендер атауларының жасалу жолына көңіл бөлейік. Қандай түбірден біріккен? Қандай жаңа сөз жасалған.

- Екі-үш түбірден біріккен, жаңа ұғым атауы, зат есім (жалқы есім).

- Жер-су атауларының осылай аталуының да себебі бар шығар.

Балалар, табиғаттың қоршаған ортаның сәні не?

- Құстар, жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер т.б.

- Олай болса, туған жеріміздің жәндіктері мен жануарлары жөнінде не білеміз?...

Оқушылар тақтадағы кестеге біріккен сөздер

жасалған жан – жануарлардың, құстардың, өсімдіктердің біріккен сөзден жасалған атауларын жазады.

-Балалар, енді біріккен сөздің ережесін нақтылаймыз.

Екі я одан да көп сөзден бірігіп, жаңа лексикалық мағына беретін сөздер жасалады. Бұларды тіл білімінде біріккен сөз дейді.

Оқулықпен жұмыс.

Оқушылар жаттығу орындап, біріккен сөздерді қатыстырып сөйлем құрайды. Тақтада жұмыс жасап, сөзжұмбақ шешу.

Сөзжұмбақ «Қобыз» деп аталады.

Бірнеше сұрақтар қою арқылы балалардың Қорқыт ата туралы ұғымдарын, білгендерін байқаймын.

-Қорқыт ата кім? Қай ғасырда өмір сүрген? Қорқыттың қобызы туралы әнді қандай ән білесіңдер?

Қорқыт ата туралы көркем әдебиеттен, тарихтан оқып білгендерін, қобыз туралы әнді Жанар Айжанова, Гүлнұр Оразымбетова әншілеріміз орындайтындығын айтты.

Оқушылар тақтадағы сөз жұмбақты шешеді.

1. Сілкіп ойнатылатын аспап түрі (асатаяқ).

2. Қағып, шертіп ойнайтын шекті музыкалық аспап түрі (домбыра).

3. Көне музыкалық аспап түрі (шаңқобыз).

4. Сокпалы, ұрмалы аспап (дауылпаз).

5. Үрмелі аспап (сазсырнай).

Міне, балалар, біріккен сөздеріміз ұлттық аспаптарда кездеседі. Сондай – ақ, осы аспаптармен ойналатын ән – күйлеріміз де бар. Қазір соны тыңдаймыз.

- Құрманғазының күйі «Сарыарқа». (Күйден үзінді тыңдалады).

- Оқушылар, біздің алдымызда «Алтын сандық» тұр. Бұл сандықтың алтын болуының мәнісі не? Сендерге

белгісіз ғой, ал бұл – қазына.

«Өлең, мақал, жаңылтпаш, ертегі, жыр. Мұның бәрі жанды сөз ішінде сыр» деп Ілияс Жансүгіров айтқандай сандығымыз ертегі, жыр, мақал – мәтелге толы екен.

Балаларға арналған «Ертегілер елінде» журналынан «Бұлбұл, қаракұрт және жарқанат» ертегісі оқылады. «Соңы қалай аяқталады деп ойлайсыңдар? Кімнің қандай ойы бар?» деген сияқты сұраулар қойып, балалардың ойын тыңдаймын. Оқушылардың ойын тыңдаған соң, магнитофон таспасына жазылған ертегінің үзіндісін тыңдаймыз.

- Балалар, осы ертегінің тәрбиелік мәні неде? Сендер осы ертегіге байланысты қандай мақал – мәтел білесіңдер?

- Біреуге ор қазсаң өзін түсесің.

- Міне, балалар, ертегінің тәрбиелік мәні өте үлкен. Сол тыңдаған ертегіде біріккен сөз кездеседі ме?

- Қаракұрт, жарқанат, бұлбұл.

Оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, сабақты бекіту сұрақтарымен пысықтаймын.

1. Бүгінгі сабағымыз да қандай сөздерді оқыдық?

2. Біріккен сөз дегеніміз не?

3. Біріккен сөздердің емлесі туралы не біліміз?

Оқушыларға үйге берген шығармаларын дәптерлерінен оқытып, сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды бағалаймын.

Э.САҒЫНДЫҚОВА,
Жаңаөзен мектеп-гимназиясы,
Маңғыстау облысы,
Жаңаөзен қаласы

СЫН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

(6-сынып)

Жалпы мақсаты:	Сын есімнің мағыналық ерекшелігін таныту, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттерін дамытып, сөздің мағынасына мән беруге, дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар сын есімнің мағыналық түрлерімен танысады, оларды ажыратып үйренеді.	
Оқыту әдіс-тәсілдері:	Жеке жұмыс, топтық жұмыс, диалогті оқыту, топтастыру, АКТ	
Сілтеме:	Қазақ тілі, әдістемелік нұсқаулық. 6-сынып.	
Ресурстар:	Тірек сызба, стикерлер, бағалау парақтары, тұсаукесер, бейнеролик.	
Дереккөздері:	«Шың» кітап, интернет материалдары, оқулық.	
Тапсырмалар:	Сұрақ-жауап, талдау.	
I. Ұйымдастыру: (2 мин)	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:
	1. Сәлемдесу 2. Оқушыларды топқа бөлу. 3. Оқушыларды түгелдеу.	1. Топқа бөлінеді 2. Кезекші оқушыларды белгілетеді.

<p>II. Үй тапсыр-масын сұрау (10мин.)</p> <p>Ой қозғау.</p>	<p>1. Үйге берілген жаттығу жұмысын тексеру.</p> <p>2. Өтілген тақырыптар бойынша сұрақтар қоямын.</p> <p>I топқа:</p> <p>1. Морфология қазақ тілінің қандай саласын зерттейді?</p> <p>2. Сын есім дегеніміз не?</p> <p>3. Негізгі сын есім дегеніміз қандай сын есім?</p> <p>II топқа:</p> <p>1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?</p> <p>2. Сын есім жасайтын жұрнақтар нешеге бөлінеді?</p> <p>3. Туынды сын есім дегеніміз қандай сын есім?</p> <p>III топқа:</p> <p>1. Зат есім дегеніміз не?</p> <p>2. Дара сын есім дегеніміз не?</p> <p>3. Сын есім құрамына қарай нешеге бөлінеді?</p> <p>IV топқа:</p> <p>1. Сөздің неше түрі бар?</p> <p>2. Күрделі сын есім дегеніміз не?</p> <p>3. Зат есімнің қандай түрлері бар?</p>	<p>1. Жазып келген жаттығуларын оқиды, талдайды.</p> <p>2. Қойылған сұрақтарға топ болып жауап береді (сұрақ қойылған топ жауап бере алмаса, басқа топтарға жауап беруге болады)</p>
---	--	--

<p>III. Жаңа тақырыпты түсіндіру. (19 мин.)</p> <p>Мағынаны ашу.</p>	<p>1. Жаңа тақырыппен таныстырып, мысалдарын дәптерлеріне жазғызамын.</p> <p>2. 146-жаттығу. Сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдерді бөлек-бөлек бағандарға жазғызу.</p> <p>I топ: сазды, жасыл, тәтті, балалы, үлкен, қымбат, жаман.</p> <p>II топ: жігерлі, отты, егінді, иманды, еріншек, айтқыш, көргіш.</p> <p>III топ: білгір, шексіз, жазғы, күзгі, былтырғы, жан-жақты, қызылды-жасылды.</p> <p>IV топ: алғыр, мінезді, өнерлі, ұзын, жарық, жүгіргіш, кең.</p> <p>3. 148-жаттығу. Мәтіндегі сапалық және қатыстық сын есімдерді табады (ауызша орындалады).</p>	<p>1. Оқушылар жаңа тақырыпты дәптерлеріне жазады.</p> <p>2. Топтар жаттығуды берілісі бойынша орындайды.</p> <p>3. Жаттығуды тізбектей оқу арқылы ішіндегі сапалық және қатыстық сын есімдерді табады.</p>
<p>Сергіту сәті: (1 мин.)</p>	<p>Дене қимылдарын жасату</p>	<p>Дене қимылдарын жасайды.</p>
<p>IV. Сабақты бекіту: (6 мин.)</p>	<p>Берілген мақалдарды тиісті сын есімдермен толықтырып жазу.</p> <p>1. Еріншек егіншіден Елгезек масақшы озыпты.</p> <p>2. Өнер алды – қызыл тіл.</p> <p>3. Ұсталы ел озар, Ұстазсыз ел тозар.</p> <p>4. Сабыр түбі-сары алтын.</p> <p>5. Талапты ерге нұр жауар.</p>	<p>Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойып жазады.</p>

Қорыту: (2 мин.)	1. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? 2. Сапалық сын есім дегеніміз не? 3. Қатыстық сын есім дегеніміз не?	Сұрақтарға жауап береді.
V. Үйге тапсырма: (1 мин.)	1. 150-жаттығу. Сын есімдерді тауып, тіркескен сөздерімен теріп жазу. 2. Сыныптағы бір оқушыға мінездеме жазып келу.	Күнделіктеріне жазып алады.
VI.Рефлексия: (2 мин.)	Сабаққа рефлексия жасаймын.	Оқушылар рефлексия жасайды.
VII.Бағалау: (2 мин.)	Оқушылардың сұраққа дұрыс жауап бергеніне, сабаққа қатысқанына, топпен және жеке жұмыс жасағанына қарай бағалаймын.	1. Топ бағалаушылары қойған бағаларымен таныстырады. 2. Күнделіктеріне жиынтық бағаларын қойғызады.

Г.ЗУФАРОВА,
Ә.Науаи атындағы №13 мектеп-гимназия.
Түркістан қаласы

ОСЫ ШАҚ. НАҚ ОСЫ ШАҚ

Жалпы мақсаттар:	Етістік, оның категориясы туралы білімдерін кеңейту, жақтық мағынаны білдіретін етістіктердің морфологиялық құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру; Оқушылардың ойлау қабілеті мен пікір айту дағдыларын, іскерлік белсенділігі мен шығармашылық деңгейін қалыптастыру; Ата-анаға деген сүйіспеншіліктерін ояту, шапшандыққа, тапқырлыққа баулу.	
Оқыту нәтижелері:	Етістік, оның категориясы туралы білімдерін кеңейтеді, жақтық мағынаны білдіретін етістіктердің морфологиялық құрылымы туралы біледі. Ойлау қабілеті мен пікір айту дағдылары, іскерлік белсенділігі мен шығармашылық деңгейлері қалыптасады. Ата-ананы құрметтеуге, кадрілеуге үйренеді.	
Түрі:	Жаңа сабақты меңгерту.	
Әдісі:	«Мағынаны тану» әдісі, ой қозғау, сәйкестендіру	
Түйінді идея	Етістіктің шақтары. Осы шақ. Нақ осы шақ.	
Дереккөздер мен көрнекіліктер	Стикерлер, смайликтер, маркерлер, плакат-сызбалар, бағалау парақшасы, парақшалар, бейнебаян.	
I. Ұйымдастыру (2 минут)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
	Сәлемдеседі. Оқушыларды түгелдейді.	Сәлемдеседі. Оқу құралдарын түгелдейді.
Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру (3 минут)	Әуен тыңдау. Көктемнің жайма шуақ бір күні сен табиғат аясына демалуға шықтың. Айнала қандай әсем! Құлпыра өскен қызғалдақ, түрлі-түсті көбелектер айнала ұшып жүр. Сен бір ағаштың басында отырған бармақтай құсқа көзің түсті. Оны шошытып алмайын деп ағаштың түбіне жақындап келдің, әлгі құстың даусын тыңдадың. Ол бұлбұл екен. Сен бұлбұлдың әуенін жадыңда сақтап қалдың. Енді көзімізді ашып, қолымызды қатты қысып, бір-бірімізге күлімдейміз.	Оқушылар көзін жұмып, шеңбер құрып тұрады. Мұғалімді тыңдайды. Көздерін ашып, бір-бірінің қолын алып, күлімдейді.

Дереккөздер мен көрнекіліктер	Оқулықтар, плакат, маркерлер, кеспелер, интерактивті тақта, компьютер.	
Ұйымдастыру	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
(3 минут)	Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. Рефлексия.	Сәлемдеседі. Оқу құралдарын түгелдейді. Алдыңғы сабақта өтілген тақырыпқа шолу жасайды.
Үй тапсырмасын сұрау. Тест. (5 минут)	<p>1. 1. Сызықша қойылатын жерді көрсетіңіз.</p> <p>А) Бірыңғай мүшелердің арасына қойылады.</p> <p>В) Одағайдың екі жағынан қойылады.</p> <p>С) Сан, уақыт, кеңістік мөлшерінің аралық шегін көрсету үшін қойылады.</p> <p>2. Сызықша қойылмайтын жерді көрсетіңіз.</p> <p>А) Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы болса, бастауыштан кейін.</p> <p>В) Жалпылауыш сөзден кейін, бірыңғай мүшелердің алдынан.</p> <p>С) Жалғаулықсыз түсіндірмелі салаласта жай сөйлемдер арасына.</p> <p>3. Бастауыш пен баяндауыш арасына қойылған сызықшаны табыңыз.</p> <p>А) Ұсыныс сол – сөз өздеріне берілсін.</p> <p>В) Баланың өскен бесігі – кең дүниенің есігі.</p> <p>С) Сәрсен аға, аман-сау келдіңіз бе?</p> <p>4. Жалпылауыш сөзге байланысты қойылған сызықшаны табыңыз.</p> <p>А) Сүйемін туған тілді – анам тілін.</p> <p>В) Саусақтары жұп-жұмсақ, жып-жылы екен.</p> <p>С) Сары, Кәрібай, Жамақ - үшеуі кеңеске кірді.</p>	Жаттығу жұмысын оқиды. Тест сұрақтарына жауап береді.
Топқа бөлу.	Оқушыларды «Тапқырлар», «Ойшылдар», «Жұлдыздар», «Мықтылар» деген төрт топқа кеспе қағазы арқылы бөлемін.	Топқа бөлініп, белгілі ережеге сай топ мүшелерін сайлайды.
Жаңа сабақ. «Миға шабуыл» әдісі. (7 минут)	«Төл сөз бен автор сөзіне қойылатын сызықша» тақырыбын өздерің ашыңдар.	

Жаттығу жұмысы. (5 минут)	200-жаттығу. Тиісті жеріне сызықша қойып, де етістігін мағынасына қарай түрлендіріңдер. Асайынның күнде түсте қой иіретін дағдылы жерін білем, де... құпия сыр айтатындай ол аптыға сөйлеп, барғың келсе, ертіп апарайын. Ендеше, не тұрыс? де... Ғани әжесіне бетін бұрып, мен кеттім, жарай ма? Жақсы келдіңдер, де... Асайын бұларды күнде көріп жүрген достарыңдай қарсы алып. Ау, Асайын, Асеке, де... бұлқынып қарсы құшақ жайды.	Жаттығу жұмысын орындайды. Топ болып талқылайды.
«Ия» немесе «жоқ» кезеңі	Адам өз ортасымен күнделікті түрлі қарым-қатынаста болады. Ал, қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Мұндай тілдесу диалогқа негізделеді. Диалогта сызықша қойылады. Сендерге кеспе беріледі. Қарсы топ сол кеспедегі жасырын сөзді бірнеше сұрақ қоя отырып табуы керек. Кеспедегі сөздер: өрік, құс, көбелек, компьютер, кітап, ұялы телефон.	Әр топ бір кеспе қағазын алып, ішіндегі жазуды оқиды. Қарсы топтар қандай сөз жасырынғанын сұрақтар қоя отырып, анықтайды.
«Атаңа не істесен, алдына сол келеді» кезеңі. Сөйлем құрау. (7 минут)	Интерактивті тақтадан «Әке мен бала» бейнекөрінісін көресіңдер. Әр топқа тақырып беріледі, сол тақырып бойынша төл сөз бен автор сөзін қатыстырып, мәтін құраңдар. Сызықша белгісін қажетті жерге қойыңдар. Бір сөйлемге морфологиялық талдау жасаңдар. 1-топ – «Келін» 2-топ – «Жігіт» 3-топ – «Ата» 4-топ – «Немере»	Топтық жұмыс.
Сергіту. 4 минут)	«Санамак» ойынын ойнаймыз.	Әр топ қазақ тілінде, орыс тілінде қатесіз санау керек. Мысалы, бір, два, үш, четғыре...
«Кім сұрақты көп қояды?» кезеңі 5 минут)	Бүгінгі өтілген «Төл сөз бен автор сөзіне қойылатын сызықша» тақырыбына байланысты қай топ көп сұрақ жазады? Сол сұрақтарға жауапты қарсы топтар береді.	Оқушылар топтасып жұмыс жасайды.
Бағалау. 4 минут)	Формативті бағалауда смайликтерді мадақтап беріп отырамын, сабақ соңында жиынтық бағаларын қорытамын.	Сабаққа белсенді қатысуына қарай әр топ өздерінің бағаларын паракшаға қойып отырады, сабақ соңында жиынтық бағалары қойылады.
Үйге тапсырма. (1 минут)	1) 199-жаттығу Тиісті жеріне сызықша қойыңдар, басқа тыныс белгілерінің қойылу себебін анықтаңдар. 2) «Сөйлемді ықшамдап қолдануға байланысты қойылатын сызықша» тақырыбын оқып келіңдер.	Күнделіктеріне жазады.
«INSERT» әдісі. (2 минут)	Нені білдік? Нені білгіміз келеді? Бізге ұнаған жайттар. Стикерге жазып, плакатқа барып іліндер.	Стикерге жазады, жеміс ағашына іледі.

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Мақсаттары: білімділік-қазақтың тұңғыш суретшісі Ә.Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру. Жалғаулардың түрлерін ажырыта білуге үйрету; дамытушылық-ойлау қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту, тіл байлықтарын арттыру; тәрбиелік-Әбілхан Қастеев сияқты өнерлі болып өсуге тәрбиелеу. Сурет өнері жайлы кеңірек оқып білуге қызықтыру. Түрі: жаңа сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, оқу, топтық жұмыс, тест.

Сабақтың көрнекілігі: Ә.Қастеевтің суреті, шығармаларының слайды, жалғаулар кестесі.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушылармен сәлемдесу.

II. Үй тапсырмасын тексеру

«Бейнелеу өнері» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беру.

Сұрақ-жауап.

10	20	30	40
10	20	30	40

1. Қазақстан Республикасында бейнелеу өнері қалай дамыған?
2. Қазақстан кәсіби өнерінің негізі қашан қаланған?
3. Қазақстан суретшілері шығармаларында нені бейнелеген?
4. Бейнелеу өнерінің құдіретін көрсететін асыл мұраларды атаңдар?
5. Бейнелеу өнерін қалай түсінесің?
6. Қазақ бейнелеу өнерінің қалыптасуына, өркендеуіне кімдер ат салысты?
7. Қазақтан шыққан алғашқы суретшіні атаңдар?

III. Жаңа сабақ.

-Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы-«Әбілхан Қастеев. Грамматикалық тақырыбы – Жалғауларды пысықтау»

III. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

- Бүгінгі сабағымызда біз Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығымен танысамыз, мәтінде кездесетін жаңа сөздермен танысамыз.

1. Сөздік жұмысы. Айтылым, тыңдалым, жазылым. (Слайд.)
еңбек сіңірген өнер қайраткері – заслуженный деятель искусство;

әйгілі – известный;

тәлім алып – получил уроки;

біріне айналды - превратился.

Сөздерді оқу, оқушыларға оқытып, қайталау, сөзден сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.

2. Оқулықпен жұмыс.

а) Мәтінді мұғалімнің мәнерлеп оқуы.

ә) Мәтін бойынша сұрақтар қою.

Әбілхан Қастеев 1904 жылы Алматы облысы Жаркент ауданында дүниеге келген. Ол - қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған ұлттық сурет өнерінің алғашқы шеберлерінің бірі. Қазақстанның халық суретшісі, еңбек сіңірген өнер қайраткері.

Әбілхан Қастеев сурет өнері бойынша алғашқы білімді Алматыда Н.Хлудновтан алады. Кейін Мәскеуде И.И.Бродскийдің көркемсурет студиясында тәлім алып, өнердегі айтулы тұлғалардың біріне айналады. Оның алғашқы еңбектері «Мектепте», «Түрксіб», «Амангелді сарбаздары», «Қалыңдық».

Ол «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Қыз Жібек», «Қыз ұзату», «Келін түсіру» тәрізді ұлттық салт – дәстүрге арналған көптеген шығармалар салды.

-Бұл мәтін кім туралы?

-Сұрақ-жауап: Оқушы-оқушы.

1. Әбілхан Қастеев кім?

2. Әбілхан Қастеев қай жылы, қай жерде дүниеге келген?

3. Оның алғашқы еңбектерін атаңдар?

4. Салт – дәстүрге арналған суреттерін атаңдар?

5. Әбілхан Қастеев алғашқы білімді кімнен алды?

III. Грамматикадан қайталау. Оқушылар екі топқа бөлінеді.

I топ. Мәтіннен ілік септігіндегі сөздерді теріп жазып, құрамына талдау жасау.

II топ. Мәтіннен көптік жалғаулы сөздерді теріп жазып, құрамына талдау жасау.

I топ. «Қылқалам» сөзін үш жақта тәуелдеу.

II топ. «Бояу» сөзін үш жақта тәуелдеу.


I топ. «Суретші» сөзін үш жақта жіктеу.

II топ. «Мүсінші» сөзін үш жақта жіктеу.

I топ. «Қылқалам» сөзін септеу.

II топ. «Суретші» сөзін септеу.

Ал ендеше, балалар, мына кластерді қолданып, мәтін бойынша
Әбілхан Қастеев туралы әңгімеленіп берейік.



халық суретшісі

еңбектері

IV. Сабақты пысықтау.

Тест орындау.

1. *-ың, -ің* қандай жалғау?

а) тәуелдік; в) жіктік; с) септік; д) көптік.

2. *-сы, -сі* қандай жалғау?

а) септік; в) тәуелдік; с) жіктік; д) көптік.

3. *Терезе* сөзіне қандай көптік жалғауы жалғанады?

а) –тар; в) –лер; с) -тер; д) дар.

4. Шығыс септіктің жалғауын көрсет.

а) –мен; в) дар; с) –нан, -нен; д) –дар.

5. Барыс септік жалғауындағы сөзді тап.

а) анаға; в) балалар; с) күнді; д) аулада.

6. Тәуелдік жалғауын табыңыз.

а) тақтада; в) дәптерім; с) гүлдер; д) бормен.

7. Қай септіктің жалғауы үндестік заңына бағынбайды?

а) көмектес септік; в) шығыс септік; с) атау септік; д) табыс

септік.

8. Қастеев қай жылы туған?

а) 1905 ж. в) 1903 ж. с) 1904 ж. д) 1902 ж.

9. Жіктік жалғауын табыңыз.

а) суретшімін; в) дәптерге; с) кітаппен; д) тақтаға.

10. «Еңбек» сөзіне қандай көптік жалғау жалғанады?

а) - тар; в) -дар; с) – тер; д) – лар.

V. Үйге тапсырма: *бейнелеу өнері, мүсінші* сөздерін септеу.

Мәтін бойынша диалог құру.

Оқушы жауабын бағалау.

ТАЛҒАУЛЫ САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Сабақтың мақсаты	Білімділік: оқушылардың салалас құрмалас сөйлем және оның түрлері туралы білімдерін нығайту, талғаулы салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын ұғындыру, өзге салалас сөйлемдерден ажырата білуге дағдыландыру. Білім-білік дағдыны қалыптастыру. Дамытушылық: шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру, талдау жасау, жазу және оқу арқылы сын тұрғысынан ойлануын дамыту. Тәрбиелік: адамгершілікке, мейірімділікке, елжандылыққа, тілін сыйлай білуге баулу. Бірлесіп жұмыс жасауға, бір - бірінің ой - пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу.
Сабақтың түрі	Топ бойынша жарыс сабағы.
Сабақтың типі	Жаңа білімді меңгерту.
Сабақтың әдіс-тәсілдері	Миға шабуыл, «Кім жылдам?» әдісі, түсіндіру, флипчартты пайдаланып, постер қорғау, талдау жұмыстары, оқулықпен жұмыс, топпен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау, testmoz.com сайтымен жұмыс.
Сабақтың көрнекіліктері	Оқушылардың салған суреттері, оқулық, презентация, сызбалар, қосымша тапсырмалар, флипчарт, Венн диаграммасы, топ тапсырмаларына арналған плакаттар мен түрлі түсті бояулар, бағалау парағы
Оқыту нәтижелері	1. Оқушылар салалас құрмалас сөйлемдер туралы білімдерін нығайта түседі. 2. Салалас құрмалас сөйлемдерді бір-бірінен ажырата біледі. 3. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемді түсініп, тәжірибеде қолдана алады. 4. Сөйлем талдау қабілеттері шыңдала түседі. 5. Топ бойынша жұмыс істеуге дағдыланады.
Негізгі (түйіні) идеялар	Талғаулы салалас туралы түсінік қалыптасады.
Сабақтың барысы	I. Ұйымдастыру кезеңі. II. Үй тапсырмасын тексеру. III. Жаңа білімді түсіндіру. IV. Жаңа білімді меңгерту. V. Сабақты бекіту. VI. Сабақты қорытындылау. VII. Үйге тапсырма. VIII. Бағалау.
Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
I. Ұйымдастыру кезеңі	
- Оқушылармен амандасу, тексеру, оқу құралдарын тексеру; - Сергіту сәтін ұйымдастыру (Жаттығу жұмысына негізделген би билету).	- Амандасу, кезекші оқушы сабаққа қатысты мәлімдеу, оқу құралдарын шығару; - Сергіту сәтін ұйымшылдықпен қатысу.

II.Үй тапсырмасын тексеру	
<p>-Топқа бөлу (6 жемістің атын тандатып, 4 топқа бөлу. Алма, алмұрт, шие, шабдалы, анар, жүзім) -Үй тапсырмасын сұрау. -Миға шабуыл (өткен тақырыптар бойынша мультимедия арқылы әр топқа сұрақтар қою). I топ: 1.Құрмалас сөйлемдер дегеніміз не? 2.Салалас құрмаласқа мысал келтіріңіздер. 3.Ыңғайлас салалас дегеніміз не? 4.Қарсылықты салаласқа мысал келтіріңіздер. II топ: 1.Құрмалас сөйлем нешеге бөлінеді? 2. Салалас құрмаластың жай сөйлемдері қалай байланысады? 3.Себеп-салдар салаласты қалай түсінесіздер? 4.Ыңғайлас салаласқа мысал келтіріңіздер. III топ: 1.Құрмалас сөйлемдер бір-бірімен қалай байланысады? 2. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? 3.Қарсылықты салалас дегеніміз не? 4.Себеп-салдар салаласқа мысал келтіріңіздер. IV топ: 1.Құрмалас сөйлем дегеніміз не? 2.Салалас сөйлемге мысал келтіріңіздер. 3.Түсіндірмелі салалас дегеніміз не? 4.Қарсылықты салаласқа 2 мақал-мәтел айтыңыздар.</p>	<p>-Жылдамдық таңыта отырып, 4 топқа бөліну. -«Кім жылдам?» әдісі бойынша әр топ суреттер бойынша түсіндірмелі салаласқа сөйлемдер құрайды, бір-бірінің ойларын бағалап, пікірлерін айтады. -Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға тез әрі нақты жауап беру. Өр топтағы оқушылар сұраққа тек қол көтеру арқылы жауап береді.</p>
III. Жаңа білімді түсіндіру	
<p>1.Қызығушылықты ояту. Ой шақыру. - Талғау деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? - Мағынасын түсіндіргеннен кейін тірек сөздер арқылы жаңа сабақты бастаймын. 2.Тұсаукесер арқылы сабақтың тақырыбы, мақсаты көрсетіледі. 3.Талғаулы салалас құрмалас сөйлем жөнінде түсінік беру.</p>	<p>1.Сұрақтарға жауап бере отырып, өз пікірлерін білдіру. 2.Дәптерге тақырыпты жазу. 3.Жаңа сабақты түсіндіру барысында мұғалімнің сұрақтарына жауап беріп, мысалдар келтіру.</p>
IV. Жаңа білімді меңгерту	
<p>1.Оқушылардың сабақты толықтай түсінгендеріне көз жеткізу. 2.Постер толтырту. Өр топтың топпен бірлесе отырып жұмыс жасауын қадағалау. Оқушылардың ойларын жетектеу. 3.Оқушылармен бірлесе отырып, тұжырым жасату. 4.Жаттығу жұмыстарын орындату, тексеру. 113-жаттығу бойынша оқушылар жай сөйлем мен салалас сөйлемді ажырата білуі керек. Құрмалас сөйлемдер: Жүргенше қарабет боп өлген артық; Не өлтір, не кеш тағы қолымды шеш. Я алқымда булығып ашу тұрды, я көзінде жаңа бір үрей тұрды. Күндіз ылғи ұзақ жырлар жырланады немесе эредикте шешендер, ділмарлар айтқан тақпақ, тартыс, билік, даулар айтылады. Маған бура я жетер, я жетпес еді. Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, не құлағымен естіген айтар. Жай сөйлемдер: Тоғыз санына жеткізіп сый-сыяпат жасау немесе айып салу дәстүрі қазақ арасында бертин келгенше сақталған. Аудан, шаруашылық басшыларын не кеңселерінен, не үйлерінен таба алмады.</p>	<p>1.Жаңа сабақтан түсінген білімдерін флипчартқа толтыру. Берілген ақ параққа түсінгендерін жазды, келесі топ толықтырып өздеріне береді де топ басшысы көмекшілерімен бірге қорғайды. 2. Тұжырым жасау: - Талғаулы салаластың құрамына енген сөйлемдердегі іс-әрекеттің біреуі ғана орындалуы мүмкін; -Талғаулы салалас құрмалас компоненттері тек қана жалғаулықтармен байланысады. Жалғаулықтары: не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, әлде, не болмаса, я болмаса; - Жалғаулықтардан бұрын келетін жай сөйлемнің алдына үтір қойылады;</p>

<p>Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, не құлағымен естіген айтар. Жай сөйлемдер: Тоғыз санына жеткізіп сый-сыяпат жасау немесе айып салу дәстүрі қазақ арасында бертин келгенше сақталған. Аудан, шаруашылық басшыларын не кеңселерінен, не үйлерінен таба алмады. Бұл сөздердің бірін де я Раушанның, я Бәкеннің көзінше ешкім айтқан емес. 114-жаттығу бойынша оқушылар талғаулы салаласты теріп жазулары керек және сөйлем мүшелеріне талдау жүргізіледі. 1. Кезек-кезек шелекті не машинамен айналдырып шығарады, не атпен айналдырып тартып шығарады. / - не - , не - / . 2. Я алқымда булығып ашу тұрды, я көзінде жаңа бір үрей тұрды. / я -, я - / . 3. Тура келесін бе, әлде жолдағы ауылдарға соқтың ба? / - әлде - ? / .</p> <p>testmoz.com сайты арқылы тест тапсырмасын орындауға нұсқау беру.</p>	<p>- Жалғаулықтарын алып тастаса, ыңғайласқа айналады. 3.Жаттығу жұмыстарын орындау. 113-жаттығу. Өр топтан бір оқушы шығып, тақтаға жаттығу орындайды. Қалғандары әр топ екі-екі сөйлемнен орындап, түсіндіреді. 114-жаттығу. Өр топтан бір оқушы шығып, тақтаға орындайды. Қалғандары дәптерге орындап, бірін-бірі тексереді. Талдау жұмыстарын орындау. Түсіндіру.</p> <p>Оқушылар testmoz.com сайты арқылы тақырыптық тест орындап, нәтижесін көреді.</p>																
V. Сабақты бекіту																	
<p>-Оқушылар, бүгінгі сабақтан не түсінгенімізді білу мақсатында Венн диаграммасын толтырамыз. I топ – Түсіндірмелі салалас пен талғаулы салаласқа; II топ – Себеп-салдар мен талғаулы салаласқа; III топ – Қарсылықты салалас пен талғаулы салаласқа; IV топ – Ыңғайлас салалас пен талғаулы салаласқа.</p>	<p>-Өр топ өздеріне берілген тапсырма бойынша Венн диаграммасын плакатқа толтырады, топ басшысы қорғайды.</p>																
VI. Сабақты қорытындылау.																	
<p>-Оқушылар, біз бүгін талғаулы салалас туралы білім алдық. Енді сол білімдеріңізді сіздер алдағы уақытта ұтымды пайдалана біліп, құрмалас сөйлемдерді ажырата білуге дағдылануларыңыз керек. Сонымен, оқушылар, талғаулы салалас сөйлем дегеніміз не екен?</p>	<p>-Сұраққа өз сөзімен жауап беру керек. (Оқушының жаттанды білімі емес, түсінгендігі көрінеді).</p>																
VII. Үйге тапсырма																	
<p>1.115-жаттығу. 2.Талғаулы салаласқа көркем әдебиеттен 5 сөйлем теріп жазу. 3.Ережелерді қайталау.</p>	<p>-Үйге берілген тапсырмаларды дәптерге жазып алады.</p>																
VIII. Бағалау.																	
<p>-Оқушылар, қазір бағалау парағын пайдалана отырып, әр топ басшысы өз тобындағы оқушыларды бағалайды. -Топ басшыларының бағалауларына пікір білдіре отырып, қосымша бағалау. -БББ кестесін толтырту.</p>	<p>-Топ басшылары бағалау парағын пайдалана отырып, өз тобындағы оқушылардың сабаққа қатысу деңгейлері бойынша бағалайды. Бағалау критерийі: Өте жақсы – «5» Жақсы – «4» Орташа – «3» Нашар – «2»</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>Үй тапсырмасына дайындығы</th> <th>Оқулықпен жұмыс</th> <th>Топпен жұмыс</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасына дайындығы	Оқулықпен жұмыс	Топпен жұмыс												
Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасына дайындығы	Оқулықпен жұмыс	Топпен жұмыс														

**Ж.СЕҢГЕРБЕКОВА,
Жаңашаруа казак орта мектебі.**

Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану ауылы

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІКТІҢ ЕМЛЕСІ

(6-сынып)

Жалпы максаттар	1. Білімділік. Оқушылардың етістік туралы білімдерін тереңдету, тұйық етістік, оның жасалуы мен мағынасы туралы түсінік беру;	
Оқыту нәтижесі	2. Дамытушылық. Ой - өрісін, танымын арттыру, өздігінен талдауға, ой қорытуға жаттықтыру; 3. Тәрбиелік. Аңғарымпаздыққа, белсенділікке баулу, өз - өзіне деген сенімін арттыру. Сабақтың типі: жаңа сабақ. Сабақтың түрі: оқыта үйрену. Әдіс-тәсілдері: топпен жұмыс, жеке оқушымен жұмыс, талдау, проблемалы ізденіс Көрнекілігі: слайд, кесте, таратпа, мақал - мәтелдер	
Сілтеме	Қазақ тілі оқулығының әдістемесі	
Топқа бөлу	Абай тобы: Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге.	Ыбырай тобы: Сауысқанның тамағы, Шокуменен табылған. Өнер-білім бәрі де, Оқуменен табылған.
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу.	-Балалар, бүгін біз шаттық шеңберіне жиналамыз. Шеңберге тұрып, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық! Қол алысып, қәне, біз, Қандай жақсы бір тұру, Достасайық бәріміз. Достарменен бір жүру! Айтарым бар сендерге, Қандай жақсы дос болу! Тез тұрындар шеңберге. Бірге ойнап бір күлу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп, үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	

Үй тапсырмасын сұрау. Қызығушылықты ояту, ой толғаныс.	Тұйық етістік кездесетін сөйлем, мақал, нақыл сөздер жазу. - Екі көзің не үшін қажет? - Жақсыларды көру үшін. - Екі қолың не үшін керек? - Елге көмек беру үшін. - Құлақ деген не үшін керек? - Ақыл - кеңес тыңдау үшін. - Тіл мен жағың не үшін керек? - Ақиқатты айту үшін? - Ал аяғың? - Шетте жүрсем, туған жерге қайту үшін. Иә, туған жерге жету үшін екі аяғың қандай қажет болса, қазақ тілінің дәрежесінің жоғары болуына тұйық етістіктің де қосар үлесі зор. Семантикалық карта							
	Мысалдар	Өздік етіс	Өзгелік етіс	Ырықсыз етіс	Ортақ етіс	Есімше	Көсемше	Тұйық етістік
	Айтылды							
	Жаздыр							
	Көрген жоқ							
	Айтармын							
	Кіндім							
	Көрсеткізді							
	Сөйлесермін							
	Бастамасын							
	келеді							
	жүру							
	Бару							
	Келген							
	6 «Ә»сыныбының үндеуі. Тұйық етістіктерді пайдалана отырып, оқушы ережесіне лайық үндеу жазу							
Мағынаны тану	Оқы, ері, төк, тап, тақ, макта, бер етістіктерінен тұйық етістік жасаңдар, қандай өзгеріс байқадыңдар? Тұжырым жасау.							

	<p>Шақпен де, жақпен де байланысы болмай, тек қимылдың атауын білдіретін етістіктің ерекше түрін тұйық етістік деп атаймыз. Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына – у жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы, сөйле - у, сен - у, айт - у, мақтану, берілу, ойлау, белгілеу, жалықпау, айтпау.</p> <p>1. Дауыссыз дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы дауысты болып жалғанады: бар - у, қайт - у, көр - у, кел - у.</p> <p>2. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы дауыссыз болып жалғанады: ойна - у, сөйле - у, барма - у, келме - у.</p> <p>3. Дауысты ы, і, дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы ы, і, дыбыстары жазылмай, у дыбысының құрамына еніп кетеді де, ол,(у) дауысты дыбыс болып есептеледі.</p> <p>Мысалы: оқы+у=оқу, тасы+у=тасу, ері+у= еру.</p> <p>4. Қағаң п, қ, қ дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің – у жұрнағы жалғанғанда, түбір соңындағы п дыбысы б - ға қ, к дыбыстары ғ, г дыбыстарына айналады.</p> <p>Мысалы: тап+у=табу, үк+у=үгу, ақ+у=ағу.</p> <p>5. й дыбысына біткен етістікке – у жұрнақ жалғанғанда екі дыбыс й+у ю дыбысына айналып кетеді.</p> <p>Тұйық етістік есімдерше түрленеді, бірақ жіктелмейді</p> <table style="width: 100%; border: none;"> <tr> <td style="width: 50%;">Оңаша тәуелдену</td> <td style="width: 50%;">Оңаша тәуелдену</td> </tr> <tr> <td>I. Менің баруым</td> <td>I. Біздің баруымыз</td> </tr> <tr> <td>II. Сенің баруың</td> <td>II. Сендердің баруларың</td> </tr> <tr> <td>Сіздің баруыңыз</td> <td>Сіздердің баруларыңыз</td> </tr> <tr> <td>III. Оның баруы</td> <td>III. Олардың барулары</td> </tr> </table> <p>Септік Тұйық етістік</p> <p>Атау с. бару</p> <p>Ілік с. барудың</p> <p>Барыс с. баруға</p> <p>Табыс с. баруды</p> <p>Жатыс с. баруда</p> <p>Шығыс с. барудан</p> <p>Көмектес с. барумен</p>	Оңаша тәуелдену	Оңаша тәуелдену	I. Менің баруым	I. Біздің баруымыз	II. Сенің баруың	II. Сендердің баруларың	Сіздің баруыңыз	Сіздердің баруларыңыз	III. Оның баруы	III. Олардың барулары
Оңаша тәуелдену	Оңаша тәуелдену										
I. Менің баруым	I. Біздің баруымыз										
II. Сенің баруың	II. Сендердің баруларың										
Сіздің баруыңыз	Сіздердің баруларыңыз										
III. Оның баруы	III. Олардың барулары										

	<p>Тұйық етістік әрі заттық мағынада, әрі қимылдық мағынада қолданылады. Мысалы, Оқтауды әперші. Мылтықты оқтау керек. Мектепте түрлі байқау болады. Әр адамның көңіл күйін байқау керек.</p> <p>Оқушылардың өздеріне топқа бөле отырып, әр топқа мысал келтірткізу. Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.</p> <p>210-жаттығу (жазбаша)</p> <p>211-жаттығу (теріп жазу)</p>																															
Сергіту сәті	<p>1) Есімдерше тәуелденіп, септеледі, Бірақ жіктелмейді, көптеледі. Сөйтіп барып бар ғой Есім мағынасында қолданыла береді. Мұны кім дәлелдеп береді?</p> <p>2) Жеке тұрғанда зат есім, етістікке жалғанса жұрнақ. Ол қандай етістік жасайтын жұрнақ?</p>																															
Ой толғаныс	<p>Шығармашылық жұмыс.</p> <p>Берілген сөздерді әрі есім сөз, әрі етістік мағынасында қолданып, сөйлем құрандар.</p> <p>Ою, байқау, сайлау, жаттау, оқтау, мақтау, тоқтау, тату, қою, бөлу, үндеу.</p> <p>Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тұйық етістікті қойып жаз.</p> <p>Үй тапсырмасын уақытында ... керек. Мектепте, үйде және көшеде тәртіпті ... керек. Үлкендерге ... керек. Кішілерге ... керек. Қоғамдық жұмыстарға ... керек. Өнегелі ... керек. Әр сабаққа белсенді ... керек.</p>																															
Үй тапсыр-масы	Оқулықтағы тапсырмаларды орындау	Үй тапсырмасын білу, түртіп алу																														
Бағалау	Бағалау.																															
Кері байланыс	<p>Бағалау парағы бойынша топ басшыларының есебі</p> <p>Бағалау өлшемдері: 0,1, 2</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse; text-align: center;"> <thead> <tr> <th>р/с</th> <th>Оқушы-ның аты-жөні</th> <th>Үй тапсыр-масы (ауызна)</th> <th>Сурақ-жауап</th> <th>Семант-карта</th> <th>ереже</th> <th>Жаттығу жұмысы</th> <th>Оқушы-ның бағасы</th> <th>Мүғалім-нің бағасы</th> <th>Қоры-тылды баға</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>		р/с	Оқушы-ның аты-жөні	Үй тапсыр-масы (ауызна)	Сурақ-жауап	Семант-карта	ереже	Жаттығу жұмысы	Оқушы-ның бағасы	Мүғалім-нің бағасы	Қоры-тылды баға																				
р/с	Оқушы-ның аты-жөні	Үй тапсыр-масы (ауызна)	Сурақ-жауап	Семант-карта	ереже	Жаттығу жұмысы	Оқушы-ның бағасы	Мүғалім-нің бағасы	Қоры-тылды баға																							

А.КАБУШЕВА,
Айдархан ЖОББ мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңажол ауылы

АНТОНИМДЕР

Мақсаты: білімділік-бұрынғы алған білімдерін еске түсіре отырып, антонимдер туралы білім беру, жаттығу жұмыстары арқылы өз беттерімен жұмыс; дамытушылық - сөздік қорын, тілдік жүйесін, дүниетанымын дамыту, тақырыпты жүйелі түрде, ғылыми негізде меңгере білу дағдыларын жетілдіру; тәрбиелік-оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, жауапкершілікке, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Сабақтың міндеттері: мазмұнға байланысты: лексика саласы бойынша алған білімдерін толықтырады, кеңейтеді. СТО-ды дамытуға байланысты: өз пікірімен салыстырады, тыңдауды үйренеді. Алған білімдерін өмірде қолдана алатын болады. Топпен жұмысқа байланысты: ұйымшылдыққа үйренеді, өз білімдеріне қорытынды жасай алады. Түрі: жаңа сабақ. Әдіс-тәсілдері: СТО стратегиялары, бес жолды өлең, топтастыру, екі жазбалы күнделік. Көрнекіліктер: түсті маркерлер, бағалау парағы, А 4 форматтар, карточкалар.

Сабақтың барысы.

1. Психологиялық ұйымдастыру кезеңі: -Алдымен бүкіл сынып, содан кейін әр топ қол ұстасып, бір-біріне іштей тілек тілейді. –Сабақтың мақсаты мен міндетін баяндау. –Сынып оқушыларын 3 топқа бөлу.–Әр топтың бағалаушысын сайлау.

2. Қызығушылықты ояту кезеңі.

Блум таксономиясы бойынша сұрақтар:

1. Сөз бен мағына дегеніміз не?

2. Сөздің тура мағынасы дегеніміз не?

3. Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз не?

4. Көп мағыналы сөздер дегеніміз не?

5. Омонимдер туралы не білесің?

6. Көп мағыналы сөздер мен омонимдердің айырмашылығы қандай?

Синонимдер дегеніміз не екенін сендердің үй жұмыстарыңнан көрейік. Синоним туралы ізденіс жұмыстарың тексеру.

- Әр топ басқа топтарға үй жұмысы бойынша сұрақтар қояды.

- Топтастыру жасау.

3. Мағынаны тану кезеңі.

Тапсырмалар таратылып беріледі. Үлестірмелі карточка таратылып, ішінен қарама-қарсы мағынадағы сөздерді табады.

№1. Саналы ерде сауыт бар, санасыз ерде қауіп бар.

№2. Жаман жолдас жауға қияр, жақсы жолдас жанын қияр.

№3. Жұмбақты шеш, антонимді тап. Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр. (қазан мен от)

№4. Көп сөз-көмір, аз сөз- алтын.

№5. Дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп айтар.

№6. Антонимін тауып жаз. Сараң- ..., қалың- ...

№7. Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала.

-Ереже қорыту. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер антонимдер деп аталады. Мысалы: үлкен-кіші, қатты-жұмсақ, ескі-жаңа, т.б.

Антоним мен жұрнақ арқылы жасалатын болымды-болымсыздық мағына бірдей емес. Оларды былайша көрсетуге болады:

Антонимдер

жақсы – жаман;

ал – бер;

сулы – құрғақ;

көңілді – қапалы.

Дәптермен жұмыс. Оқулықтағы берілген 87-жаттығуды орындау.

Сергіту сәті. «Екі жазбалы күнделік» әдісі.

1-топқа: Омонимдер.

2-топқа: Синонимдер.

3-топқа: Антонимдер.

4. Ойтолғаныс кезеңі.

РАФТ стратегиясы бойынша антонимдерді пайдалана отырып, хат жазу.

Сабақты қорытындылау: Бес жолды өлеңді тақтаға жазып сабақты қорытындылау. Антоним-

Не?

Қандай?

Не істейді?

Түйін

Синоним

Әр топтың бағалау парағын жиып, оқушылардың білімін бағалау. Үйге тапсырма беру.

Г.МАКИШЕВА,
Ақтоған орта мектебі.

Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы
Көгершін ауылы

АНТОНИМДЕР

Мақсаты	Антоним туралы білімдері кеңейеді, түсінік алады, топпен жұмыс істеуге дағдыланады.	
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру	
Күтілетін нәтиже	Тақырыпты оқи отырып, идеясын тарау тақырыбымен байланыстыра ашуға дағдыланады, батыллықтың негізгі маңызын түсіне отырып топпен жұмыс істеуге үйренеді.	
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”, «Талантты және дарынды балаларды оқыту», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу».	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Крестиктер – нөлдіктер», «Сурет бойынша жұмыс», «Электронды оқулық», «Кластер» әдісі, «Поровоз» ойыны, «Мәтінмен жұмыс», «Талдау жұмысы», «Бейнеролик», «Кім жылдам?» ойыны.	
Қолданылатын ресурстар	Ұяшықтар, маркерлер, плакаттар, тақта, стикерлер, интерактивті тақта, шар, кима қағаздар.	
Ұйымдастыру кезеңі	«Дос қандай болу керек?» ойыны арқылы оқушылар арасында психологиялық ахуалды орнату.	Оқушылардың мұндағы мақсаты, карама –қарсы тұрып, шарды бір-біріне беру арқалы достықтың қасиеттерін айтып, ынтымақтастықтары қалыптасады.
Тренинг 2(минут)		
Топқа бөлу 2(минут)	Жаңа тақырыпқа байланысты оқушыларға онтоним, омоним, синоним ережелерін кима қағаздарға жазып таратып беремін, сол бойынша оқушылар 3 топқа бөлініп отырады.	Оқушылардың мұндағы мақсаты, ережелерді білу арқылы өз жұптарын тауып, топ құрау.
	Топ басшысын сайлау. Әр топқа бағалау парағын таратып беремін 1(минут)	Бағалау парағы арқылы топ басшылары өз топ мүшелеріне балл беріп отырады.

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Бағалау
Білім Қызығушылықтарын ояту	Үй тапсырмасы. «Крестиктер-нөлдіктер» әдісін пайдалану арқылы өткен тақырыптар бойынша сұрақ- жауап сәтін өткізу. 5(мин)	1. 1-ші команда (нөлдіктер) кестеден сан таңдайды. 2. Мұғалім сол нөмірдегі сұрақты оқиды. 3. Жауап дұрыс болған жағдайда, 1-ші команда сол квадратқа крестик қояды. 4. Жауап дұрыс болмаған жағдайда, 2-команда (крестиктер) сұраққа жауап беруге және сол квадратқа крестик қоюға мүмкіндік алады. сұрақ-жауап арқылы не білетіндерін не үйренгендерін ортаға салып бөліседі, диалогқа түседі. Сұрақтары: 1. Омонимдер дегеніміз не? 2. Омоним сөздерге мысал келтір. 3. Туынды омонимдер дегеніміз не? 4. Синонимдер дегеніміз не? 5. Синонимдерге мысалдар айт. 6. Зат есімдерден болған синонимдерді айт. 7. Сын есімдерден болған синонимдерді ата. 8. Үстеуден болған синонимдерді ата. 9. Етістіктерден болған синонимдерді ата.	Оқушы берілген сұрақтарға жауап береді, өткен тақырыптан не білгендерін айтады. 1. Омонимдер – біркелкі дыбысталуы айтылатын, бірақ мағынасы баска-басқа сөздердің тобын білдіреді. 2. Қара: 1) кара шаш – заттың түсін білдіретін сындық мағыналы сөз; 2) тақтаға кара – қимыл – әрекетті білдіретін етістік. 3. Түбір сөзге жұрнақтар қосылу нәтижесінде пайда болған омонимдер туынды омонимдер делінеді. 4. Мағыналары бір – біріне жақын, бірақ әртүрлі дыбысталуы айтылатын сөздер тобы синонимдер деп аталады. 5. Мысалы : ас ,тамақ, дәм ,тағам ,ауқат дегендер синоним сөздер. Бұлар дыбысталуы, Жазылуы жағынан әр түрлі. 6. Өң, түр, түс, келбет, пішін, ажар, көрік, әлпет, кескін, рең, диңдир, шырай; бұлар зат есімдерден болған синонимдер; 7. Салмақты, сабырлы, байыпты, ұстамды, бұлар сын есімнен пайда болған синонимдер. 8. Тез, жылдам, шапшаң, лезде, бұлар үстеуден пайда болған синонимдер. 9. Амандасу, сәлемдесу, есендесу, бұлар етістіктен пайда болған синонимдер.	

Түсіну	Жаңа сабақ. Сурет бойынша жұмыс 10(мин)	Интербелсенді тақпадан кең жол мен тар жолдың суреті, қыз бала мен ер баланың, күн мен түннің суреттерін салыстру арқылы оқушыларға не түсінгендерін және ереже шығару керектігін айтады. Электронды оқулықты тындайды. Мағыналары бір-біріне қарама –қарсы сөздерді антонимдер деп атаймыз. Мысалы: Үлкен-кіші, биік-аласа. Төмендегі сөздердің антонимдерін тауып жазады. Суық, қатты, төмен ,биік, жоқ. Мақал-мәтелдерді оқып, антонимдер мен болымды ,болымсыз мәндегі сөздерді табу. Күштімен алысқан әлсіз өз қолын сындырады. Білімді,білімсіздің мыңын жеңер. Үлгі: Антонимдер Күшті-әлсіз Болымды, болымсыздық мағыналар Білімді-білімсіз	Оқушылар берілген тапсырмаларды дұрыс түсіне отырып мағынасын ашып, түсініп ережесін шығарады. Топпен бірігіп, берілген тапсырмаларды орындайды.	
Қолдану	«Поровоз» ойыны Тақтамен жұмыс Оқулықпен жұмыс. 10 (мин)	Поровоз ойыны арқылы мақал – мәтелдерді вагондарға дұрыс орналастырады.Мақал -мәтелдерді дұрыс орналастырса поровоз жүріп кетеді. Жіптің ұзыны,сөздің қысқасы. Дұшпанға тастай қатты бол, Досына балдай тәті бол. Атанның баласы болма, адамның баласы бол. Мал сақтама, ар сақта. Ердің өзіне қарама, сөзіне қара. 89-жаттығу. Күпия,жас,шық, үйір,тіл, ер сөздерінің омонимдес,синонимдес, антонимдес сыңарларын тауып жазады. Синонимдер тобы: Күпия,жас Омонимдер тобы: шық,үйір, Антонимдер тобы : тіл,ер	Антонимдері бар мақал –мәтелдердің болымды, болымсыз түрлеріне ажыратып, вагондарға орналастырады. Барлық топтан бір оқушыдан тақтаға шығып жаттығуды жазады, қалған оқушылар топта отырып орындайды . Мысалы: Күпия ,жасырын, жабық, жұмбақ, белгісіз т.б. - синоним; Күпия – жария – антоним; Омоним сөзі жоқ. Жас , кішкентай , перзент, бала – синонимдер; Жас – кәрі – антонимдер; Жас: 1. Көз жасы; 2. Жас адам – омонимдер.	

Талдау	«Бейнеролик» көрсету. «Жошы хан» 6 мин	Оқушылар бейнероликтен көргенін сыни тұрғыдан ойланып, талдайды Антоним сөздерді қолдана отырып өз ойларын ортаға салады. . Сурақтар:Бұл қандай әңгіме? Басты кейіпкерлер кімдер?Қай жыл мезгілі көрсерілген?Ханның баласы не себепті киіктердің бірінен соң бірін атты.Осы бейнеролик туралы не айтар едіңдер. Антоним сөздер кездесетін мақал-мәтелдертауып айтады. Мысалы: Жақсыдан үйрен .Жаманнан жирен.Ақылды мақтанса істі тындырар,Ақымақ мақтанса,Аяғын сындырар.	Оқушылардың мұндағы мақсаты, «Жошы хан»үзіндісінен көргенін топта талдап,сыни тұрғыдан ойлау арқылы , құрамында антоним сөздер кездесетін мақал-мәтелдер тауып айтады. Оқушылар: әуесқойлық,мейірімділік, өш алу, мәжбүрлеу, қиындық, деген	
Жинақтау	«Кім жылдам?» ойыны арқылы сабақты жинақтау. 3 мин Үйге тапсырма	Сабақты қаншалықты меңгергенін білу үшін Сын есім,етістік,зат есім,есімдік,үстеуден болатын антонимдерді тауып, ажыратып тақтаға іледі. АНТОНИМ Сын есім. Етістік.Зат есім.Есімді. Үстеу. 96-жаттығуды орындайды .Бес жолды өлең жазады.		
Бағалау	«Кластер» Өзін-өзі бағалау Бағалау парақшалары (2 мин.)	«Қыс пен жаз, күн мен түн, тақ пен жұп, жақсылық пен жамандық-болды сегіз» (Абай) Абай жұмбағы үзіндісіне бір жұп антонимге шағын әңгіме жаз. Антонимдерді «Кластер әдісі» бойынша негізгі белгілерін анықта. Антонимдер Болымды –болымсыз мағыналары бар Әр сөз табынан болады Мағыналары бір-біріне қарама –қарсы болып келетін сөздер Ойды бейнелі түрде жеткізеді. Мақал –мәтелдерде, жұмбақтарда жарыса қолданылады.	Антонимге сипаттама береді. Өзін-өзі топпен бағалайды.	

Ж.ЕРМАХАНОВА,
Алматы сервистік қызмет
көрсету колледжі.

«МЕН ҮШІН ӨМІРДІҢ ӨЗІ БІР ТАМШЫ КӨЗДІҢ ЖАСЫНДАЙ...»

(Исраил Сапарбай шығармашылығына арналған
әдеби-сазды кеш)

Мақсаты: студенттерді ақындық әлемі мұң мен ойға оранып, сағынышпен зерделенген Исраил Сапарбайдың шығармашылық дүниесімен таныстыра отырып, поэзия нәрімен сусындату, ақын жырларын оқырман қауымға кеңінен насихаттау. «Егіз-лебіз» әні орындалады.

- Армысыздар, өресі биік өнегелі өнердің жанашырлары!

- Қайырлы күн, ақынын ардақтап, әншісін әлпештеген, саликалы ой мен сырлы сөздің парқын салмақтаған, қадірлі ағайын! Бүгінгі кеш жандарыңызға жақын, жүректеріңізге жылы болары хақ. Тұлпардың тұяғы, шұғаның қиығындай болған Махаббат шайыры, осы бір нәзік сезімнің шамшырағынан өрілген мөлдір өлеңдерімен жүректердің төрінен орын алған ақын ағамызбен жүздесіп, өлең арқылы сырласудың сәті түсіп отыр.

- Қазақ поэзиясында өз әлемін жасап қана қоймай, сол әлеміне өлең сүйер оқырманын ғашық ете білген ақын, сазгер, драматург, «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Исраил Сапарбай ағамызды қошеметпен қарсы алайық!

Оқушылар кезектесіп:

- *Сүйесің бе сен мені, сүйесің бе?*

- *Бір білерім: бұл өмірде Сіз барсыз.*

- *Мен Сізді сүйуші едім жан-тәніммен.*

- *Өкінбеймін біреуді өпсең де өліп.*

«Ностальгия» әні.

- Әйгілі Шәмшінің жүрек шымырлатар, сезім серпілтер құдіретті әндерін әрбір қазақ жатқа біледі десек қателеспесіміз анық. Сол сұлу әндер өмірге қалай келді? Жалпы Шәмшінің өз тағдыры, өз махаббаты туралы не білесің? Еріксіз биге жетелеп, жүректі тебірентер «Сыған серенадасы». Осы бір әннің тууына себеп болған сыған қызы Изольда жайлы естігенің бар ма?

- Жас Шәмші махаббат пен жалғыздық күйін кешіп жүргенде сығандар тобырына кез болып, Изольда есімді қызға ғашық болады. Олардың арасында бірнеше айлар бойы бірге болған Шәмшіге сыған қызының махаббаты да оянады. Алайда, сыған халқы еркін, көшіп-қонып жүрген ел болғандықтан, қазақ жерінен кететін сәт жетеді. Сол уақытта ғашықтардың қимастықпен қоштасуына тура келеді. Себебі, Шәмші туған жерін, елін тастап, сүйгеніне еріп кете алмайды. Осылайша, қос жүректің махаббатынан «Сыған серенадасы» әні дүниеге келеді. Сезім пернесін дөп басқан бұл романтикалық шығарма кіршіксіз, таза махаббаттың жемісі болды. «100 рет естігеннен 1 рет көрген артық» демекші, одан да «Сыған серенадасы» қойылымынан үзінді тамашалайық. Би. «Сен өзі түрлі екенсің».

- Алматының Арбатындағы суретші Ғазиз бір топ қыздың ішіндегі бейтаныс бойжеткенді біреуге ұқсатады. Тіпті «Ләззат» деп те атайды. Онысы «тәуелсіздік» деп, «қазаққа қазақ басшы болсын» деп Желтоқсан көтерілісінде алаңға шыққандардың бірі Ләззат Асанова еді. Ләззат пен Ғазиз Желтоқсан ызғарында қиындық-қорлықты бастарынан бірге өткізген. Содан болар, Арбатта құрбыларымен көрген Сағынышты ақын жанды суретші Ғазиз бір көргеннен ұнатып қалады. «Қыз мұңы» спектаклінен үзінді тамашалаңыздар.

«Бағынды бағала», «Сағыныш сазы» әндері орындалады.

1-жүргізуші: Жүрегі бар адамның сезімін селт еткізетін жырларымен жүрек төрінен орын алған Исраил Сапарбайға арналған шығармашылық кешіміз аяқталды. Әрқашан жүректеріңізді ән әуелеп, жандарыңызды жыр тербесін. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!!! Жыр әлемінде кездескенше аман сау болыңыздар!

Ү.БЕРДЕШОВА,
С.Ешбаев атындағы орта мектеп.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы

ҚАСЫМ ДЕГЕН ҚАЛҒЫҒАН ЖАНАРТАУ ҒОЙ

Мақсаты: Оқушыларды ақын шығармашылығымен, өмірбаянымен, азаматтық тұлғасымен таныстыру; Поэзияны сүйеге, ақын өлеңдерін сүйіп оқуға, оның құдіретін сезінуге тәрбиелеу. Оқушылардың өлең, көркем сөз оқу, ән айту қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

1-жүргізуші: *-Ей, тәкәтпар дүние,*

Маған да бір қарашы.

Танисың ба сен мені,

Мен қазақтың баласы, -

деп кезінде ағынан жарыла толғанған дауылпаз ақын Қасым Аманжолов биыл 105 жаста. Тірісінде-ақ аты аңызға айналған Қасым- ешкімге ұқсамайтын дара тұлға, ақындық шабыты жүрдек тұлпардай шапқан сайын өрлей береді. Оның жалынды да дауылды, нәзік те сыршыл поэзиясы жаныңа жайлы тиіп баурап алады.

Дейсіңдер-ау Қасымның несі басым?

Қасым солай болмаса, несі Қасым?-

деп, ақындықтың асқар тауындай ағасына Мұқағали Мақатаев жыр арнаса, Бауыржан Момышұлы «Қасым Аманжолов - жаратылысы бөлек ақын» деп баға берген екен.

2-жүргізуші: -Қасым Рахымжанұлы Аманжолов 1911 жылы Сарыарқаның ең көрікті жерінде Қарқаралы ауданында дүниеге келеді. Ата жұртының тұрағы Қызыл деп аталып кеткен таудың етегінде орналасқан. Көктемде тау бөктерінде қызғалдақ гүлдер, белуардан көкорай шалғын өсетін құтты қоныс екен. Ақынның «Сарыарқа» өлеңі перзенттің махабаттан туған туынды.

«Сарыарқа» өлеңі.

1-жүргізуші: -Жастайынан жетім қалған Қасым атасының қолында, табиғаттың тамаша ортасында есейген.

Биіқына соққан дауылға

*Құмартушы ем жасымда
Нөсерлеп құйған жауынға
Қызығушы ем жасынға
Жүгіруші ем жарысып
Сарыарқаның желімен
Ойнаушы еді алысып
Соққан дауыл менімен.*

Дегенмен осындай албырт жасөспірім күз желімен майысқан Арқаның боз селеуінде жалаңаш жетім еді. Жетімдіктің, өгейліктің зардабын мольнан көрген Қасым 1924 жылы Семейдегі балалар үйіне орналасады.

2-жүргізуші: -Интернаттағы оқуын аяқтап, Семейдегі мал дәрігерлік техникумына оқуға түседі. Ол 1930 жылы оқу іздеп Алматыға келеді. Бірақ түсе алмай, «Лениншіл жас», «Қызыл әскер» газеттерін паналайды. Оқуды армандаған Қасым 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына оқуға түседі.

1-жүргізуші: - Бірақ Солтүстіктің ызғарлы, ылғалды ауасы денсаулығын қажыта бастаған соң, елге қайтады. Баратын жері де, ағайын-тумасы да жоқ, аурудан қалжыраған Қасым тағдырдың айдауымен, бейтаныс Орал қаласына келеді. Облыстық «Екпінді құрылыс» газетіне тілмаш болып орналасады.

2-жүргізуші: -1933 жылы жиырма екі жасар Қасым әскерге алынады. Ол кезде Оралда әскер полкі болатын. Екі жыл әскери міндетін ойдағыдай өтеп шыққаннан кейін Оралда ұйымдастырылып жатқан қазақ театрының көркемдік жетекшісі болады. Қаладағы өнерге құштар жастарды театрға шақырып, оларды жаңа рөлдерге ойнауға баулиды. Театрдың өрісін кеңейтуді көздеп, оркестр құрады. Сөйтіп Орал театры республикадағы қазақтың тұңғыш музыкалық драма театры болады.

1-жүргізуші: - Ол кезде Оралда бірқатар талантты жастар тобы қалыптасқан-ды. Олар: Қажым Жұмалиев, Қуан Тастайбеков, Жәрдем Тілеков, Батыр Қадырғиязов, Абдолла Жұмағалиев, Хамит Ерғалиев сынды азаматтар еді. Қасым осы лаулаған талант иелерінің ортасында болды.

2-жүргізуші: - Оралда болған жылдар Қасым ақынның ең бір шарықтап өрлеген, талантының толысқан кезі еді. Қасым аяқ астынан өлеңді төгіп жіберетіндігімен, ән құмарлығымен, сауыққой ерке серілігімен жұртты тәнті ететін. Ақынның «Домбыра» өлеңі сондай шабыт үстінде туған туынды еді.

«Домбыра» өлеңі оқылады.

1-жүргізуші:-«Жігітті жұрт мақтаған, қыз жақтаған» деп Абайдың өзі айтқандай, Қасымның ақындық, серілік, оның үстіне бекзаттық адамгершілігі алдында көп сұлулардан ерік кетті. Оралдағы жырлар «махаббат қызық мол жылдар» болды. Махаббат, ақындығына қанат бітіргеннің бірі-осы Оралда 1935 жылы кездескен Сақыпжамал.

«Сақыпжамал» өлеңі оқылады.

Сақыпжамал, атың қандай,

Сәтеу дейміз қысқартып.

Жар бола гөр айтылғандай

Сенен қайсы қыз артық,- деп жырлаған Сақыпжамалға

Қасым тоғыз жылдан кейін, соғыстан аман-есен оралған соң қосылады. Екеуінің армандары орындалып, балалы-шағалы болады. Жанар, Дариға атты қыздары болады. Ақынның Дариға атты қызына арнаған өлеңін тыңдаңыздар.

«Дариға» өлеңі орындалады.

2-жүргізуші: - Қасым Дариғасын ерекше жақсы көрсе керек. «Дариғасыз бір күн де өмір сүре алмаймын» дейді екен. Дариға бір жарым жасында қатты ауырады. Сол кезде жазылған ақынның «Балам ауырғанда» өлеңін тыңдаңыздар.

«Балам ауырғанда».

1-жүргізуші:-Осы жылдары Қасымның өлеңдері газет бетінен көріне бастайды. Әсіресе Оралдың «Екпінді құрылыс» газетінде жиі басылады. Жұртшылық Қасымды ақын ретінде 1936-1937 жылдары барып қана жыға таниды. 1938 жылы оның «Өмір сыры» атты тұңғыш жинағы жарыққа шығады. Қасым әскерге 1941 жылы-ақ шақырылады. Оларды Қиыр Шығысқа жөнелткен.

«Қоштасу», «Елге хат» өлеңдері оқылады.

1-жүргізуші: - Қасымның шынайы ақындық болмысы соғыс жылдары көрінеді. Ол қазақ ақындарынан тұңғыш қаһармандықтың, қайсарлықтың тамаша үлгісін көрсеткен Абдолла Жұмағалиевтің бейнесін сомдайды. «Ақын өлімі туралы аңызды» ауырып емханада жатқанда жазған.

2-жүргізуші: - Поэма небәрі 220 жол. Асқан шеберлікті дәлелдейтін осыншама тығыз сыйымдылық, шиыршықталған шымырлық, жұдырықтай тас түйін шығарма бұрын қазақ поэзиясында болған емес.

1-жүргізуші: - Абдолла Жұмағалиев 1915 жылы Жымпиты

ауданындағы Жосалы ауылында дүниеге келген. Алғыр да от шашқан ақындық талантымен ерте танылған. Оралдың педагогикалық институтында оқып жүргенде Қасыммен айырылмастай достасып кеткен. Абдолла 30 жасында шейіт болады. Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасына әдебиет сыншылары сол кезде «Бүкіл қазақ совет поэзиясының маржаны» деген үлкен баға берді.

2-жүргізуші: - Орал Қасымның аяулы ақындық бесігі еді. Әрбір ақынның өзі шыққан тауы болады десек, Қасым шыққан поэзия тауы асқақ та биік. Осы биікке ол Оралда жүріп көтерілді. Сондықтан да Оралды Жайықтың жанындай сүйді, жас жүректің лүпілімен сүйді, шырқаған шабыты да осында шарықтады.

...1943 жылдың қысы еді. Қиыр Шығыстан майданға апара жатқан эшелон Оралға тоқтады. Жұпынылау киінген, өз сөзімен айтсақ, балтырға шұлғау байлап, кең де ұзын шинельді сүйрегіле, ынтыға жүгіре, эшелон бастығына келді. Қысқа-қысқа сөйлеп, қаланы аралауға екі сағатқа жіберуді өтінеді. Әскери тәртіп қатты ғой, командирді кіналауға болмас, рұқсат болмағасын көңілі түсіп, ызасы да, қайғысы да аралас халде отырып, ойындағысын мұңайып барып қағазға түсіреді. Енді сол өлеңге кезек берелік.

«Оралым, менің, Оралым».

1-жүргізуші: - Соғыс кезінде қайнаған Қасым шығармашылығының ғажайып маржандарының бірі «Дариға, сол қыз» - тұтас бір соғыстың шежіресі. Басты кейіпкері қазақ батыры, ақыны. Сол сұрапыл соғыс, сол сүйген қыз, өмірге күштарлық. Қансырап жығылып, семіп бара жатқан батырды қыз тұрғызып жібереді. Өмір елестеп, қыз алыстап аласұрған, еңіреген ақын аяғында өлімді алыстатқан әмірші қызбен, өмірмен қайта табысады.

2-жүргізуші: - Қасымның өмірінің ең жайдарлы да қунышқа толы жылдары Орал елінде өтеді. Оны өзі жырлаумен өтеді. Қасым соғыстан келген соң тұрмыс тауқыметін көп көреді. Оралға тек бір рет қана келген екен. Сол келгенде шығарған «Жайық» өлеңі өзі қайтыс болғаннан кейін жарық көреді.

«Жайық» өлеңі.

1-жүргізуші: - Соғыс жылдарындағы оның шығармалары бейнелеу, образ байлығымен, мүлдем жаңа сөз мұратымен, тенеу тосындығымен, сезім жомарттығымен ерекшеленеді. Талант ауқымы, диапазоны кең ақын соғыстан оралған соң да айтарлықтай

туындылар береді.

2-жүргізуші: - Өткенді жаңғыртып қопарудың қажеті де болмас. Дегенмен Қасым тірісінде де, өлгенде де жолы көп болыңқырамаған ақын.

*Соғыстың, қыстың ызғары
Бойымнан кетпей боп сырқат,
Емендей жалғыз құздағы
Айналаға болдым жат,-*

деп өзі айтқандай, дерт үстінде жатқан ақынды сен ұлтшылсың деп күнде бетіне басып, өлеңдерін өзгертіріп, қымбат бейнет беріп, арзан ақылға қамаса керек.. Тағдырдың тауқыметін көп көрген Қасым ұзақ жылдар бойы пәтерсіз жүреді. Осыған байланысты 1946 жылы жазылған баршаға аян «Баспана» деген өлеңі бар.

«Баспана» өлеңі.

1-жүргізуші: - Қасым соғыстан кейін ауыра бастайды. 1955 жылдың қаңтарында аурудың жеңе бастағанын сезіп, «Осы қаңтардан аман өтсем, ұзақ жасаймын» деп өзін-өзі қайраған екен. Олай ететін себебі, өзінің әкесі де 44 жыл өмір сүріпті. «Қырық жыл қырғын келсе де, ажалы жеткен өледі» дегендей Қасым ұлы қырғын соғыстан аман келіп, дәл қырық төртінде дүние салады.

2-жүргізуші: - Қасым өткір мінезді, бұрқ-сарқ қайнап, дауылдап жүрген болса керек. Музыкалық дарыны ерекше болған. Жас шағында өзінің мондалині, арнайы жасатқан баяны болыпты. Сауыққұмар Қасым татар әндерін ерекше жақсы көріпті. Өзінің де сазгерлік қырының ашылуына осы жайлар әсер еткен болуы керек. Ақын өзінің композиторлығына ерекше мән бере қоймаған. Топ әндерінің ішінен «Дариға, сол қыз» өлеңін ғана Әбілахат Еспаев нотаға түсірген.

«Дариға, сол қыз» әні орындалады.

1-жүргізуші: - Өлең жазған кезінде Қасым өзімен өзі жеке отырғанды ұнатады екен. Түн кіре үйдегілерді жатқызып тастап, Сары самаурынды қайнатқызып қойып жазады екен. Домбырасы да қолында. Шабыт шақырудың әдемі тәсілі-перне бойына саусақ жүгірте ойланып отырып жазады екен.

Поэзия халықтың рухын көтереді. Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын мол табамыз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында. Қасымның мейлінше жалынды, лепті, сыршыл поэзиясы-әр ұрпақтың да көңіл серігі

бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия.

«Туған жер» өлеңі.

II бөлім. Ақын туралы естеліктер. Оқушылар Қасым туралы жазған ақын-жазушылардың естеліктерін оқиды.

*Қасым деген қалғыған жанартау ғой
Дейсіңдер-ау! Қасымның несі Қасым?!
Қасым солай болмаса несі Қасым,
«Ақынмын» деп қопаңдап жүргендердің
Әммесінен Қасымның несі басым.
Қуат алып жсырына бәз-даладан,
Ол жанған.
Күні жоқ-ты маздамаған!
Өлісінде өнеге болғаны анық,
Тірісінде біреуге жазған Адам...»
Жалын жұтып, жанын жеп жазған құрлы,
Өлеңінің өлмеуін арман қылды.
Тасқа басып қалдырды тәкаппар жан,
Қан менен жас аралас тарлан-жырды.
Жеді.
Тынды...
Керемет дерттер төніп,
Кең кеудеде кетті ғой кектер сөніп.
Қасым деген-қалғыған жанартау ғой,
Жанартау ғой.
Жанды да кетті өртеніп.
«Бір күй бар домбырамда ...»
(Иесі Қасым)
Қасым солай болмаса, несі Қасым!?
Жыр бәйгеге аттанған адам болса,
Сөредегі Қасымын есіне алсын!..*

Мұқағали Мақатаев.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай даланың дауылпаз ақыны Қасым Аманжолов біз сияқты зиялы да білімді ұрпақтары тұрғанда ешқашан да ұмытылмақ емес.

Г.ҚАЙЫРБАЕВА,
Бөгенбай батыр атындағы
қазақ орта мектебі.
Ақмола облысы,
Ерейментау ауданы

ТАПҚЫР ДОСТАР

Мақсаты: оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, өз ойын ашық айтуға, көркем тілде сөйлеуге, шапшаңдылыққа баулу; ойлау қабілетін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Өз ойын ашық айтады.
- Көркем тілде сөйлейді.
- Шапшаңдылыққа үйренеді.
- Сөздік қоры молаяды.
- Тіл байлығы артады.

Көрнекіліктер: слайд, әріптер, парақшалар, үлестірмелі қағаздар.

1-жүргізуші: -Құрметті тіл сүйер қауым! "Тапқыр достар" атты сайысымызға қош келдіңіздер! Сіздерді сайысқа қатысушы топтармен таныстыра өтейін:

1-топ: "Қыран" тобы.

2-топ: "Сұңқар" тобы.

3-топ: "Самұрық" тобы.

2-жүргізуші: -Сайысымыз бірнеше бөлімнен тұрады:

I бөлім: "Таныстыру".

II бөлім: "Сөз тапқанға қолқа жоқ".

III бөлім: "Кім жылдам?".

IV бөлім: "Кім тапқыр?".

V бөлім: "Күпия сөз".

VI бөлім: "Өнерлі өрге жүзер".

1-жүргізуші: - *Сүйемін туган тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағымға сіңірген таныс үнін,-*

деп әр топтың таныстырылымына назар аударсақ.

"Таныстыру" бөлімі (әр топ өз тобын таныстырады)

2-жүргізуші: - Келесі кезекті "Сөз тапқанға қолқа жоқ" атты бөліміне берейік (әр топ тақтадан әріптер таңдап, сол бойынша сұрақтарға әріппен жауап береді)

"Қыран" тобына:

1. Жасың нешеде?
2. Қандай тағам жақсы?
3. Сенде ауыз бар ма?
4. Адам көркі не?
5. Шашыңды сәндегенді жақсы көресің бе?
6. Тіл неден өткір?
7. Отбасыңда қанша бала бар?
8. Ас атасы не?
9. Күн ашық па?
10. Тастан қатты не бар?

"Сұңқар" тобына:

1. Есімің кім?
2. Нешінші сыныпта оқисың?
3. Бала тілі не?
4. Бойың қанша?
5. Өмірде не қымбат?
6. Көңіл күйін қандай?
7. Сағат нешеде сабаққа барасың?
8. Әкеңнің аты кім?
9. Сөмкеңде не бар?
10. Көйлегіңнің түсі қандай?

"Самұрық" тобына:

1. Тәрбие неден басталады?
2. Сен дәптерге немен жазасың?
3. Сенің жасың нешеде?
4. Досың кім?
5. Бүгін күн қандай?
6. Өнер алды не?
7. "5" деген қандай баға?
8. Ағаңның есімі қандай?
9. Досы көпті не алмайды?
10. Аспан ашық па?

1-жүргізуші: -Келесі бөлім "Кім жылдам?" деп аталады. Бұл бөлімде сайыскерлеріміздің қаншалықта шапшаң, сөздік қорлары мол екенін байқаймыз. (Берілген сөздің синонимдерін табу)

"Қыран" тобына: "Қайырымдылық" сөзі.

"Сұңқар" тобына: "Адамгершілік" сөзі.

"Самұрық" тобына: "Мейірімділік" сөзі.

2-жүргізуші: - Міне, балалар, "Кім тапқыр?" бөліміне де жеттік. Бұл бөлімде сіздерге жұмбақ беріліп, сіздердің тапқырлықтарыңызды сынаймыз (слайдтан жұмбақтар көрсетіледі). Жұмбақ жауаптарын 3 тілде айту керек.

"Қыран" тобына:

1. Бір нәрсе төр аяқты, екі басты,
Көтеріп адамзатты көңіл ашты.
Бір адым жерге өзі бара алмайды,
Аяғы болса - дағы қозғалмасты. (Кереует-кровать-bed)

2. Алыстан қарасам аппақ,
Татып қарасам тәтті-ақ. (Қант-sachar-sugar)

"Сұңқар" тобына:

1. Төрт аяқты болса да жүре алмайды,
Өздігінен бір нәрсе біле алмайды.
Жайылған дүниеге бір ғажайып,
Тік көтеріп отырар адамдарды. (Орындық-стул-chair)

2. Кішкене ғана тостаған,
Жер дүниені бастаған. (Көз-глаза-eyes)

"Самұрық" тобына:

1. Бір нәрсе қарап тұрсаң дүбірлейді,
Алыстан көзің салсаң күлімдейді.
Екпіні сонша қатты болса-дағы,
Ұстасаң қолыңызға білінбейді. (Жел-ветер-wind)

2. Ат міндім қара ала аяқ қаздақтатып,
Жүргенде жол салады табандатып. (Қалам-ручка-pen)

1-жүргізуші: -Келесі бөлім "Құпия сөз" деп аталады. Сіздер берілген сөздерден таңдап, сол сөздердің атын айтпай көрермендерге жасырасыздар.

"Қыран" тобына: қалам, аспан, көлік, жүрек, бесік, терезе, компьютер, бала, ағаш, сырға.

"Сұңқар" тобына: көйлек, машина, қол, ән, күнделік, қазан, ана, алқа, нан, балта.

"Самұрық" тобына: кітап, сәби, өшіргіш, аяқ, күн, өлең, жаңбыр, жұлдыз, жастық, бас.

2-жүргізуші: -"Өнерлі өрге жүзер" демекші, келесі кезекте сайыскерлеріміздің өнерін тамашалайық (әр топ өз өнерлерін көрсетеді).

1-жүргізуші: -Ана тілім-бәрін сөйлер шежірем,
Тілсіз нені білдіре алам, не білем?!
О, адамдар, қадіріңе жетіндер,
Ана тілің - анаң, сыйлап өтіндер! -

демекші, келесі кезекті әділқазыларға берелік. Қорытынды.

Мерейтой-60

ҰСТАЗДЫҚ МҰРАТ

Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарғалы кентінде орналасқан Әсет Бейсеуов атындағы орта мектеп – жас ұрпаққа сапалы білім, сапалы тәрбие беру жолында шәкірттермен бірге олардың ұстаздарының да интеллектуалдық өсуіне қолдау көрсетіп отырған өнегелі білім ошағы. Бұл мектептің ұстанымы – шәкіртке – сүйіспеншілік, ұстазға – құрмет. Мектептің педагогикалық ұжымы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізінде жас ұрпақтың өз отанына деген сүйіспеншілік сезімі мен патриотизмін, ұлттық тарихына, тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрмет тағылымын қалаптастыруды, бәсекеге қабілеттілік дағдыларын дамытуды оқу-тәрбие үрдісін инновациялық технологиялармен қатамасыз ету арқылы жүзеге асыруда.

Осынау шығармашыл, жаңашыл қауымдастықтың қадірлі бір мүшесі- **Толымбекова Желеукүл Жақлияқызы**. Ол өзінің осы мектепте өткен педагогикалық ғұмырын бақыт санайтын ұстаздар қатарында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып абыройлы еңбек етуде.

Желеукүл Жақлияқызы әрбір сабақ – оқушының мұғаліммен ынтымақтастықта білім алуда ілгерілеуін анықтайтын құдіретке ие, өйткені күн санап ой-санасы өсіп келе жатқан баланың қазіргі ақпарат тасқынында қайта оралып оқуға уақыты жоқ, сондықтан ол үшін әрбір сабақ маңызды деп есептейді. Ол жастарды оқуда да, еңбекте де ізденістер жасап, үнемі алда болуға, әсіресе, еңбекке дұрыс көзқарас қалыптастыруға мән береді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жастарды мемлекетке масылшылдық психологиясына ұрындырмай, өз бетінше еңбек етуге, кәсіпкерлік пен жасампаздыққа баулуға міндеттеген өсиетінің оқушылардың көзқарасына айналуына күш салады. Ұстаздық қағидасы – баланы өзін-өзі жетілдіруге яғни білімді өз бетінше ізденіп алуға, өмір бойы оқу дағдыларын игеруге, өзін-өзі танып, бағалап, тәрбиелеуге бағыттау, сөйтіп білімі мен тәрбиесі үшін ең алдымен өзі жауапкершілікті екенін біліп, орындауды оқушының өмір салтына айналдыру. Ол балаларды өзімен тең қатынаста ұстайды, баламен бала боларда – бала, балаға дана боларда дана болып,

ынтымақтастық педагогикасын басшылыққа алады.

Өз пәндері бойынша терең білім иесі Ж.Ж.Толымбекова оқушылардың да туған тілінің қыр-сырын тиянақты меңгеруіне, сөйлеу өнеріне машықтануына, әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыруға қол жеткізіп келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің білім мазмұнының тәрбиелік әлеуетін және қарым-қатынастық құзыретті қалыптастыру қызметін мейілінше сарқа жүзеге асыруды парыз санайды. Бұл орайда ұстаз өзінің көркем сөзді мәнерлеп оқу дарынын үлгі етіп қолданады. Көркем мәтіндерге жан бітіріп, оқушыларды ана тілі құдіретімен табыстырады, сөйтіп жас жүректерді қазақ сөзінің биік рухани-адамгершілік, эстетикалық-көркемдік, елжандылық нәрлеріне қанықтыруды мақсат етеді. Өз шәкірттерін мектептен тыс тіл өнері сайыстарына да дайындап, нешеме бәйгелерге қосып, шыңдап келеді.

Ұстаз өзінің оқу-әдістемелік біліктілігін жетілдіре жүріп, құндылықты тәжірибесін бағамдап, зерделеп, баспасөз беттерінде жариялуды да ұмытпайды, әдістемелік бірлестікте өз әріптестерімен бөлісіп отырады. Ол сондай-ақ аға-аналармен ынтымақтастықта балалардың оқу-тәрбиесінде ілгерілеулеріне ықпалды жағдай туғызуды да жүйелі жүргізеді.

Педагогикалық ұжымдағы әрбір мұғалімнің кәсіптік біліктілігінің артуына мүмкіндіктер туғызып, оның ұстаздыққа тән моральдық сапаларының ізгілене түсуіне тиісті психологиялық ахуал жасап отырған мектеп дәстүрінің нығаюында Желеукүл Жақлияқызының да тәлімгерлік үлесі бар.

Желеукүл Жақлияқызы – шәкірттерінің сүйіспеншілігіне, ата-аналардың құрметіне бөленген ұстаз. Бауыржан Момышұлының: «Ұстаздық-ұлықтық емес, ұлылық»-деген сөзі осындай педагогтар туралы айтылса керек.

Осынау қарапайым ұстаздық миссиясын риясыз атқарып жүрген Желеукүл Жақлияқызы Толымбекованы 60 жасқа толуымен құттықтап, өзіне адами бақыт пен зор денсаулық тілейміз. Педагогикалық өнеге-үлгіңізбен көркемделе беріңіз дейміз.

**Әсет Бейсеуов атындағы орта мектептің
педагогикалық ұжымы.**

Алматы облысы,
Жамбыл ауданы

ҰСТАЗЫМА

Мейірімге толы жүзіңіз,
Жүрегіме сырлы нәр құйған.
Ырыздығы ырғын күзіңіз,
Шәкіртіңіз одан бал жиған.

Тәрбиелеп мені келесіз,
Бойыңызға біткен иманмен.
Өнеріме текті сенесіз,
Пір тұтатын бір жан - мен.

Келіпсіз, апай, 60-қа,
Біз үшін шашты ағартып.
Өмірде толы тартысқа,
Жүрдіңіз жанды тазартып.

Сол үшін сізге ырзамыз,
Адалдық жолын үйреткен.
Сол жолмен шықтық шыңға біз,
Қиындықтарды күйреткен.

Көтеріп келем жүгімді,
Ел үшін өрге тартайын.
Өзіңнен алған білімді,
Өзімде сынап байқайын.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 01.07.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2016 ж., 144 бет, Алматы.